

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

№ 1

ЯНВАРЬ

1955

АЛМАТЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIII жыл шығуы

Қазақ және орыс тілінде шығады

№ 1

Я Н В А Р Ь

1955

МАЗМҰНЫ

БАС МАҚАЛА — Лениннің ісі өмір сүріп, жеңуде	1
К. САФРАНКОВ — Ленин — Совет мемлекетінің орнатушысы	11
Н. ГОРОХВОДАТСКИЙ — 1905 жылғы 9 январь — бірінші орыс революциясының басталған күні	19
С. КОВАЛЬСКИЙ — Екі системаның бейбітшілікпен қатар өмір сүруі туралы	28
Т. ШӘУКЕНБАЕВ — Жергілікті ресурстар толық пайдаланылсын	35
С. ҚЕНЖЕБАЕВ — Село комсомол ұйымдарында саяси және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін арттыра берейік	42

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

И. ЦЕКОВ — Материалистік диалектиканың негізгі категориялары	49
--	----

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ф. ДОРИНОВСКИЙ — Колхоз партия ұйымының көпшілік-саясат жұмысы	57
Б. АБДУЛЛИН — Абай шығармаларының толық құнды аудармасы берілсін	61

Лениннің ісі өмір сүріп жеңуде

Лениннің есімі совет адамдарына, жер жүзіндегі барлық елдердің адал ниетті адамдарына шексіз қымбатты. Оның есімі дүние жүзінің барлық халықтарының тілдерінде сүйіспеншілікпен және құрметпен аталады, өйткені Ленин еңбекші халықты жалынды жүрегімен сүйді, сондықтан ол өзінің тамаша өмірін, қайнаған жігерін еңбекшілердің мүдделері жолындағы, марксизм идеяларының салтанат құруы, социалистік революцияның және пролетариат диктатурасының жеңуі жолындағы күреске арнады. Мәңгі жасайтын Лениннің бейнесі — совет халқы, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері үшін патриоттық жігердің сарқылмас бұлағы.

Жұмысшы табының ұлылық және ерлік қасиеттерінің бәрі — батыл ой, жеңімпаз қайтпас ерік, құлдыққа және езушілікке қарсы бітіспес өшпенділік, бұқараның творчестволық күшіне шексіз сенгендік, зор ұйымдастырушылық талант — мұның бәрі Ленинде тамаша бейнеленді.

Ал қазір, Ленинісіз өткен жолды тағы да бір шолып, біз зор мақтанмен: «Лениннің ісі өмір сүріп, жеңуде» деп айта аламыз. Оның ісі Коммунистік партия бастаған совет халқының қаһармандық істерінде, совет халқының түбірлі мүдделерін білдіруші Коммунистік партияның ғылыми дәлелденген саясатында, халықтық демократия елдерінің социалистік құрылыстағы табыстарында, марксизм-ленинизм сәулесімен нұрланған халықаралық революциялық қозғалыстың кең өрісінде өмір сүріп, жеңуде.

Владимир Ильич Ленин — ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің ілімі мен ісін алға апарушы. Пролетариаттың тап күресінің жаңа тарихи жағдайларында Ленин Маркс пен Энгельстің теориялық мұрасына ие болып қана қоймай, сансыз көп жауларға қарсы қатты күресте марксизмді қорғап қалып, оны жаңа, жоғары сатыға көтерді.

Лениннің маркстік ғылымға қосқан үлесі — адамзаттың тарихи дамуында алып адыммен ілгері аттағандық. Ленинизм — империализмнің және пролетарлық революциялардың заманындағы марксизм, осы күнгі ғылым мен мәдениеттің ең жоғары табысы, дүниеге ең озат ғылыми көзқарас.

Революциялық ғылымның ұлы кемеңгері Ленин, капитализмнің соңғы фазасы ретіндегі империализмге ғылыми талдау жасады, оның барлық қайшылықтарын және сөзсіз құру жағдайларын ашып көрсетті, социалистік революцияның тұжырымды теориясын, социализмнің жеке бір елде жеңу мүмкіндігі туралы теорияны жасады, пролетариаттың тап күресіне басшылық ету жөніндегі ғылым ретінде, большевизмнің стратегиясы мен тактикасын белгіледі.


Ленин пролетариат диктатурасы туралы маркстік ілімді жаңа сатыға көтерді, жұмысшы табы басшылық ететін, жұмысшы табы мен шаруалардың таптық одағының ерекше формасы — Советтерді ашты. Ленин ұлт-колония мәселесін тексеріп шешті, Батыста революцияның жеңіс жолы колония және тәуелді елдердегі еңбекшілердің азаттық қозғалысымен революциялық одақ жасау арқылы өтеді дейтін аса маңызды қағиданы дәлелдеді.

Пролетариаттың басшы ұйымы, социалистік революцияда жеңіске жетіп, социализм және коммунизм орнатудың негізгі құралы ретіндегі партия туралы ілімді Лениннің жасағаны оның асқан ұлы бүкіл дүниежүзілік тарихи еңбегі болып табылады. Ленин партия туралы ілімді жасап қана қоймай, революциялық шайқастардың өрті ішінде бұл партияны құрды да. Ленин шыңдаған Коммунистік партия дүниежүзілік революциялық қозғалыстың бірінші «Екпінді бригадасы» деген құрметті атаққа орынды ие болып отыр. Совет Одағының Коммунистік партиясы — заманымыздың ақыл-ойы, намысы және ожданы.

Лениннің ілімі пәрменді, өйткені ол қоғамдық өмірдің материалдық дамуының керектерін, халықтың түбірлі мүдделерін дұрыс көрсетеді, тарихтың шын мәнісіндегі жасаушылары халық бұқарасының шешуші ролін тануды негізге алады. Халыққа, оның сарқылмас жігері мен инициативасына, оның қоғамды революциялық жолмен қайта құрудағы орасан зор жұмысты жүзеге асыра алатындығына және мұндағы творчестволық талапкерлігіне қатты сенгендік Лениннің біте қайнасқан өзіне тән қасиеті болатын. Партия мен Совет мемлекетінің басшысы Лениннің бүкіл қызметі осы ардақты сеніммен арқауланды.

Ленин — тек данышпан теоретик қана емес, оның үстіне бұқараның қозғалысын социалистік революциясының арнасына даналықпен бағыттаған асқан ұйымдастырушы болды. Ленинизм идеялары халық бұқарасының санасын билеп алғаннан кейін, дүниені өзгертуші жеңімпаз материалдық күшке айналды. Қазір адамзат прогрестік жолда осы идеялардың шешуші әсерімен дамып өркендеуде.

Қандайда болсын теорияның өмірге бейімділік күші практикада, қоғам тіршілігінің нақтылы барысында тексеріледі. Өзінің «Карл Маркс ілімінің тарихи тағдырлері» деген тамаша шығармасында Ленин былай деп жазды: «Марксизм жарыққа шыққаннан кейін бүкіл дүниежүзілік тарихтың ұлы үш дәуірінің әрқайсысы оны жанадан қуаттады және салтанатты жаңа жеңістерге жеткізді. Бірақ келешек тарихи дәуір пролетариаттың ілімі болған марксизмді мұнан да үлкен салтанатты жеңіске жеткізеді».



Бұл данышпандық лениндік болжауды тарих толық дәлелдеді. Жаңа заман ғылыми социализмді адамзаттың тарихында теңдесі жоқ салтанатқа жеткізді. Марксизм-ленинизмнің орасан зор жұмылдырушы, ұйымдастырушы және өзгерістер жасаушы күшін өмір үнемі дәлелдеп келеді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуі және елімізде социализмнің орнатылуы ленинизмнің мәңгі жасайтын идеяларының асқан ұлы салтанаты болды. Ленин партияны және халықты, экономика жағынан артта қалған Россияны қуатты социалистік державаға айналдырудың ғылыми дәлелденген программасымен қаруландырды. Ол жана қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін социализмнің материалдық негізін — ауыр машиналы индустрияны жасау керек екенін, мұның негізінде ауыл шаруашылығын да социалистік жолға салып қайта құруға болатындығын көрсетті.

Лениннің нұсқауларын орындай отырып, Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы бұрын артта қалған елімізді мейлінше қысқа мерзімдерде алдыңғы қатарлы қуатты социалистік державаға айналдырды, елді индустрияландырудың және ауыл шаруашылығын коллективтендірудің партия белгілеген жоспарын ойдағыдай жүзеге асырды. ССРО-да социализмнің жеңуі—Лениннің данышпандық өсиеттерін орындаудың нәтижесі, Коммунистік партияның орасан зор ұйымдастырушылық және бағыттаушылық қызметінің, совет жұмысшыларының, шаруаларының, интеллигенциясының ерлік еңбегінің тамаша қортындысы.

Коммунистік партия бастаған совет халқы кәзіргі уақытта социалистік қоғам құрылысын аяқтап, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту міндеттерін жүзеге асыруда. Лениннің ілімі совет адамдарының бұл ұлы мақсатқа жету жолын ғылыми коммунизмнің сәулесімен нұрландыруда.

Ленин, социализмнен коммунизмге өту тұтас тарихи дәуірді қамтыды, бұл дәуірде коммунизмнің төменгі фазасы бірте-бірте жоғарғы фазасына ұласады деп үйретті. Ленин еліміздің өндіргіш күштерін мейлінше өркендетуді, социализмнің материалдық-өндірістік базасын үнемі ұлғайтып жетілдіре беруді, қоғамдық меншікті көбейтіп нығайтуды, бүкіл қоғамның мәдениетін арттыруды — социализмнен коммунизмге өтудің аса маңызды шарты деп есептеді. Ленин қоғамдық еңбектің өнімділігін үздіксіз арттыра беруді — біржолата коммунизмге өтудің түбірлі міндеттерінің бірі деп таныды.

Өзінің коммунистік қоғам орнатудағы басшылық қызметінде партия И. В. Сталиннің еңбектерінде және партияның шешімдерінде онан әрі дамытылып, нақтылыланған осы лениндік программалық қағидаларды негізге алады. Елімізде коммунизм орнатуға бағытталған партияның саясаты ғылыми және практикада тексерілген, ол қоғамның материалдық тұрмысының керектерін, халықтың түбірлі мүдделерін білдіріп отырады, сондықтан совет адамдары оны шексіз қолдап қуаттайды.

Лениннің нұсқауларын дәйектілікпен орындай отырып, СОКП-ның XIX съезінде белгіленген еліміздің онан әрі алға басу программасын жүзеге асыра отырып, партия халық бұқарасының кең творчестволық белсенділігіне сүйеніп, халық шаруашылығы мен мәдениетінің барлық салаларының онан сайын өркендеуін қамтамасыз етуде.

Социалистік өнеркәсіпті мейлінше өркендету туралы Лениннің нұсқауларын орындай отырып, партия халық шаруашылығының бұл саласында барған сайын жаңа табыстарға жетуімізді қамтамасыз етуде. Бесінші бесжылдық жоспар өнеркәсіп өндірісін бесжылдың ішінде, шамамен айтқанда, 70 процент ұлғайтуды көздеді. Бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын орындаудың барысы өнеркәсіп өнімінің 4 жылдың (1951—1954) өзінде 1950 жылғыдан 63 процент ұлғайғанын көрсетеді. Демек, бесінші бесжылдық жоспар өнеркәсіпте мерзімінен бұрын орындалады.

Партия мен Совет мемлекеті ауыр өнеркәсіпті өркендетуге ерекше

көңіл бөлуде. 1954 жылы бүкіл өнеркәсіп өнімі 1940 жылғыдан 2,8 есе көбейетін болса, ауыр өнеркәсіптің өнімі бұл уақыттың ішінде 3,4 есе өседі.

ССРО халық шаруашылығының барлық салалары техникалық прогрес негізінде өркендеуде. Кәзір біздің қолымызда энергияның электрден қуатты қоры бар. Совет ғалымдары атом энергиясын, халықтарды бағындыруға, дүниежүзілік цивилизацияны жоюға емес, коммунизм құрылысына, адамзаттың игілігіне пайдалану үшін зор табыспен еңбек етуде.

Елімізді социалистік индустрияландыру туралы лениндік нұсқаулардың жеңіспен жүзеге асырылуы ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетіп, жеңіл және тамақ өнеркәсібі өндірісін ұлғайтуға қажетті жағдай туғызды. Халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өркендетуге бағытталған партия мен үкіметтің қарарлары советтік экономиканы көркейтуде жаңа дәуірді бастайды. Бұл қарарлар, Лениннің өсиеттерін бұлжытпай орындайтын Коммунистік партия мен Совет үкіметінің социалистік экономиканы барлық жағынан өркендетуге, еңбекшілердің үздіксіз өсе беретін материалдық және мәдени керектерін толық қанағаттандыруға қандай зор қамқорлық жасап отырғанын дәлелдейді. Халықтың игілігіне, совет адамдарының материалдық әл-ауқатын мейлінше арттыра беруге қамқорлық жасау — Коммунистік партия мен Совет мемлекеті үшін ең жоғары заң, олардың ішкі саясат саласындағы басты міндеті.

Партияның саясатын жүзеге асыра отырып, совет халқы халық тұтынатын заттар өндірісін ұлғайту, еңбекшілердің әл-ауқатын онан әрі арттыру ісінде жаңа табыстарға жетуде. Өткен жылы халық тұтынатын азық-түлік және өнеркәсіп товарларының өндірісі едәуір өсті. Халық тұтынатын товарлардың бағалары жетінші рет кемітілді. Мұның өзі совет адамдарына ондаған миллиард сом пайда келтірді. Жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысы, колхозшылардың ақшадай және заттай табыстары өсті, халықтың тұтыну дәрежесі артты.

Біздің советтік социалистік құрылыста экономика мен мәдениетті онан сайын тез өркендетудің, халықтың әл-ауқатын үнемі арттыра берудің шын мәнісінде сарқылмас мүмкіндіктері бар.

Коммунистік партия, коммунизмге өтудің аса маңызды шарты ретінде, еңбек өнімділігін арттыруға ерекше зор маңыз береді. Алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың тәжірибесі біздің социалистік өнеркәсібімізде еңбек өнімділігін арттырудың қандай зор мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді. Социалистік жарысты кең өрістетуге, ішкі резервтерді пайдалану, өндіріс технологиясын және еңбектің ұйымдастырылуын жақсарту жолымен, алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың коллективтері күрделі көп қаржы жұмсамай-ақ, өндірістік алаңдарды кеңейтпей-ақ өнімді барған сайын көп беруде.

Социалистік ауыл шаруашылығында да орасан мол резервтер бар. Тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстарын кең көлемде өрістетуге жүргізуге шақырған партияның үндеуін бүкіл еліміз қызу қостап қарсы алды. Миллиондаған гектар жаңа жерлерді игеру міндетін, көлемі жағынан, біздің елімізде Коммунистік партияның басшылығымен жүзеге асырылған неғұрлым күрделі жұмыстарға тайсалмай теңеуге болады.

Жаңа жерлерді игерудің алғашқы қортындылары совет адамын сүйсіндіреді. Бірақ бұл — ұлан-байтақ тың және тыңайған жерлерді ауыл шаруашылық айналымына енгізу жөніндегі күрделі жұмыстардың бастамасы ғана. Партия 1956 жылдың өзінде жаңа жерлердегі егіс көлемін 28—30 миллион гектарға жеткізу міндетін алға қойды. Егіс көлемінің мұндай өсуі еліміздің керектерін толық қанағаттандыруға жетерліктей астық дайындау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Қазақстанның алдында тұрған міндеттер орасан зор және жауапты. Республикада егіс көлемі жаңа жерлерді игеру есебінен, 1953 жылғы 9,2 миллион гектар орнына, 1955 жылы 18,6 миллион гектарға, 1956 жылы 28,5 миллион гектарға жеткізілуге тиіс. Қазақстанда быйыл 250

жаңа совхоз құрылады. Бұл зор және жауапты жұмыс, сондықтан оған республиканың бүкіл жұртшылығының назарын аудару керек болады.

Материалдық игіліктер молшылығын жасау — коммунизм орнатып жатқан қоғамның алдындағы негізгі міндет осындай. Бұл міндетті орындау үшін әрбір совет адамының күшті өндірістік, творчестволық белсенділік көрсетуі керек. Бұл белсенділік әркімнің өз еңбегінің нәтижелілігіне және бүкіл өндірістік коллектив жұмысының нәтижелілігіне материалдық ынталандыру принципін дәйектілікпен орындап отыру негізінде жүзеге асырылады.

Ленин адамдардың материалдық ынталылығы болмайынша, социалистік экономиканы өркендету мүмкін емес деп үйретті. Теңгермешілдікті әшкерелеп, жақсы жұмысқа неғұрлым жоғары ақы төлеудің қажеттігін дәлелдей келіп, Ленин былай деді: «Екпінділік дегеніміз артықшылық, ал тұтыну заттарысыз артықшылық деген түк емес. Егер маған восьмушка ғана нан аларлық дәрежеде артықшылық берілетін болса, онда мұндай артықшылық бергеніңіз үшін көп рахмет. Екпінділік жөнінде артық ұстау — тұтыну жөнінде де артық ұстау деген сөз. Мұнсыз екпінділік — құрғақ қыял, құр сағым, ал біздер, қалай дегенмен, материалистерміз ғой. Жұмысшылар да — материалистер; егер екпінділік дейтін болсаң онда нан да, киім де, ет те бер».

Лениннің бұл сөздерін әрбір шаруашылық қызметкері, әрбір партия және совет қызметкері есте сақтауға тиіс. Материалдық ынталандыру принципін бұзу халық шаруашылығының өркендетілуіне зиянын тигізеді. Біздің партиямыз соңғы жылдарда ауыл шаруашылығының бірсыпыра салаларында бұл принциптің бұзылып жүргенін анықтады. Мұның зардабынан, мәселен, мал шаруашылығы, овощь шаруашылығы және басқа кейбір салалар қоғамымыз талап ететін даму қарқынынан артта қала бастады. Партия еңбекшілердің өз еңбегіне материалдық ынталылығының лениндік принципін бұрмалаушылықты батыл жойып отырады.

Советтік социалистік құрылыстың мызғымас бөріктігінің негізі — жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың одағы. Өткен ғасырдың 90-жылдарының өзінде Ленин помещиктер мен капиталистер өкіметін құлататын басты күш ретінде, жұмысшы табы мен шаруалар одағын жасау идеясын алға тартты. Ленин жұмысшы табы мен шаруалардың одағы пролетариат диктатурасының жоғары принципі, Совет мемлекетінің жеңімпаздығының негізі және совет халқының табыстарға жетуінің шешуші шарты болып табылады деп үйретті. Жұмысшылар мен шаруалардың күші, деді Ленин, дүние жүзіндегі ең керемет күш.

Коммунистік партия жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы лениндік қағидаларды әрдайым басшылыққа алып келді және басшылыққа алуда, сөйтіп Отанымыздың қуатының бұл мызғымас негізін қажырлылықпен нығайтуда. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумында және партия мен үкіметтің басқа шешімдерінде алға қойылған, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндеттерін ойдағыдай орындау жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың жауынгерлік одағын онан әрі нығайтуға көмектеседі.

Еліміздің халықтарының достығы — ленинизмнің жеңіспен жеткен ұлы табысы. Партияның ұлт мәселесіндегі теориялық программасы мен саясатын жасап белгілеуші — ұлы Ленин. Ленин халықтардың тең праволылығы және достығы саясатының дем берушісі болды, ол бұл саясатты жүзеге асыруға басшылық етті. Лениннің ұлт мәселесіндегі программалық нұсқаулары И. В. Сталиннің шығармалары мен партияның шешімдерінде онан әрі творчестволықпен дамытылды.

Халықтардың достығы және туыскандық өзара көмегі арқасында барлық совет республикалары өркендеп гүлденді. Мұның өзі Советтік Қазақстанның мысалынан айқын көрініп отыр. Революцияға дейін патриархтық, жартылай тағылық және нағыз тағылық жайлаған, артта

қалған өлкеден Қазақстан қуатты өнеркәсібі және өркендеген социалистік ауыл шаруашылығы бар, алдыңғы қатарлы социалистік республикаға айналды. Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті көркейді. Бұрын артта қалған және езілген халықтардың ұлы Ленин көрсеткен жолға түскеннен кейін қандай тамаша табыстарға жете алатындығының айқын үлгісі Қазақстан болып табылады.

Коммунистік партияның ұлт саясаты халықтар арасындағы достық пен туысқандық ынтымақты оған әрі нығайтуға, біздің көп ұлтты социалистік мемлекетімізді мейлінше нығайтуға, барлық совет адамдарын пролетарлық интернационализм рухында, социалистік идеология және халықтардың тең праволылығы рухында тәрбиелеуге бағытталған. Партия буржуазиялық ұлтшылдықтың қандайда болсын көріністеріне қарсы, ССРО халықтарының достығын бұзып, олар арасында сенбеушілік және араздық туғызуға тырысатын жаудың қандайда болсын әрекеттеріне қарсы рақымсыз күрес жүргізіп келді және келешекте де жүргізе береді.

Социалистік құрылысты нығайтудың, коммунизм орнатудың және совет халқының жеңіспен жеткен табыстарын жаудың қастандық әрекеттерінен қорғаудың басты құралы — Ленин негізін қалаған Совет мемлекеті. Советтік мемлекеттік құрылыстың шын мәнісіндегі халықтық сипаты кең өрістеген социалистік демократизмнен айқын көрінеді. Советтер, деп үйретті Ленин, демократизмнің ең жоғарғы формасы. Советтік демократия — коммунизм орнату күресінде өздерінің мақсаттарының және мүдделерінің ортақтығымен біріккен бүкіл халыққа арналған демократия.

Коммунистік партия мен совет халқы советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылысты мейлінше нығайта беруді өздерінің патриоттық міндеті деп таныды. Партия мен мемлекет жүргізіп отырған, мемлекеттік аппараттың құрылысын ықшамдау, оны біраз қысқарту шаралары нақ осы мақсатты көздейді.

Совет халқы өзінің бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістерінің бәріне коммунистік партияның басшылығы, оның саясатының дұрыстығы, ленинизм өсиеттеріне шын берілгендігі арқасында жетті. XIX съездің шешімдерін бұлжытпай жүзеге асыра отырып, Коммунистік партия өз қатарының бірлігін және жауынгерлігін нығайтуда, партияның ішкі демократиясын, өзара сынды, әсіресе төменнен көтерілген сынды мейлінше күшейтуде, Ленин белгілеген партия тұрмысының ережелерін, партиялық басшылық принциптерін дәйектілікпен басшылыққа алуда, Лениннің партия туралы іліміндегі аса маңызды принциптердің бірі — партиялық басшылықтың коллективтілігі принципі. Ленин партия тұрмысының партияның Уставында көрсетілген ережелерін бұлжытпай орындауды әрдайым талап етіп келді.

Маркс — Энгельс — Ленин — Сталин теориясының ғылыми негізіне және басшы кадрлардың кең инициативасына, халық бұқарасының творчестволық жігеріне және талапкерлігіне сүйенетін Орталық Комитеттің коллективтік тәжірибесі мен коллективтік даналығы партияға және елімізге басшылықтың дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Совет елінің ішкі жағдайы қай уақыттағыдан болсада баянды берік. Барлық совет адамдары өздерінің социалистік Отанын оған әрі көркейту үшін жанкыярлықпен еңбек етуге берік бел байлаулы. Совет халқының партия мен үкімет төңірегіне топтасқандығы, оның біртұтас моральдық-саяси бірлігі — коммунистік қоғам құрылысында жаңа жеңістерге жетуіміздің кепілі.

ССРО-дағы коммунистік құрылыстың табыстары бүкіл дүние жүзінің халықтарын рухтандырып, өздерін капиталистік езгіден азат ету, барлық халықтар арасында достық, бейбітшілік қатнас орнату жолындағы күреске жұмылдыруда.

Ленинизм өзінің туған кезеңінен бастап халықаралық құбылыс болды. Ол халықаралық революциялық қозғалыстың бүкіл барысына орасан күшті әсер етіп келді және әсер етуде. Кәзір жер жүзінде ленинизмнің идеялары бұқараның күресіне революцияшылдандырғыш әсер етпеген бірде-бір қыйыр түпкір таба алмайсың. «Бүкіл дүниежүзілік тарихтың жаңа заманы басталды, — деді Ленин. — Адам баласы құлдықтың соңғы формасын: капиталистік немесе жалдамалы құлдықты үстінен лақтырып тастауда».

Ұлы Лениннің есімі жаңа заманның бейнесіне, ал Лениннің ілімі барлық езілгендердің және қанаудағылардың өздерін азат ету күресіндегі жеңімпаз туына айналды. Лениннің идеялары жүздеген миллион еңбекшілердің жүрегінде капитализмге қарсы күресуге бел байлаған жалынды жігер отын жағып, бұл күресте жеңіске жетудің жолдарын көрсетті. Ленинизм пролетариаттың жеңімпаз қаруын — маркстік-лениндік теориямен қаруланған коммунистік партияларды шыңдады.

Лениннің тірі кезінде біздің Отанымыз капиталистік мемлекеттердің мұқиты ортасындағы жалғыз арал болды. Кәзір біздің елімізде ленинизмнің салтанат құруы нәтижесінде, совет халқының ұлы Отан соғысындағы бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістерінің нәтижесінде, капиталистік құлдық шынжырын талқандаған жүздеген миллион адамдар ленинизм туы астында бізбен бірге алға басуда. Демократия және социализм жолына түскен біздің достарымызға жаңа тұрмыс орнату, бізге, совет адамдарына қарағанда, әлде қайда жеңіл: олардың айнымас досы және адал көмекшісі — қуатты Советтік Социалистік Республикалар Одағы бар.

Социалистік қоғам орнатудың лениндік идеяларын басшылыққа ала отырып, Совет Одағының қалтқысыз көмегімен пайдалана отырып, халықтық демократия елдерінің еңбекшілері жаңа тұрмыс орнатуда орасан зор табыстарға жетті. Бұл елдерде өнеркәсіп өндірісі шапшаң қарқынмен өркендеуде, ауыл шаруашылығында зор өзгерістер жасалуда. Еңбекшілердің әл-ауқатын арттыру үшін қуатты өнеркәсіптік база жасалды.

Азияда жасалып жатқан зор әлеуметтік өзгерістер — ленинизмнің асқан ұлы салтанаты. Бүкіл дүние жүзінде прогрес күштері мен реакция күштері арасындағы ұлғайған күрестің келешегіне көз жіберіп, Ленин былай деп жазды: «Россия, Индия, Қытай, т. с. — халықтың орасан көпшілігі болып табылады, міне, сайып келгенде, күрестің нәтижесі осыған байланысты. Ал халықтың нақ осы көпшілігі соңғы жылдарда өзінің азаттығы жолындағы күреске адам айтқысыз тез тартылып отыр. Сондықтан осы мағнада айтқанда, дүниежүзілік күрестің түпкілікті шешілуі қандай болатыны туралы ешқандай күдік болуға тиіс емес. Осы мағнада айтқанда социализмнің түпкілікті жеңуі әбден және сөзсіз қамтамасыз етілген нәрсе».

Лениннің бұл көрегендігі тарихи оқиғалардың бүкіл барысында дәлелденіп келеді. Қытай халық революциясының жеңуі империализмнің бүкіл системасына мейлінше қатты соққы бергендік, дүниежүзілік реакция лагерінің зор жеңілісі болды.

Орыстар салған жолмен алға баса отырып, халықтық Қытай Коммунистік партияның басшылығымен жаңа тұрмыс орнатуда тамаша табыстарға жетті. Қытай Коммунистік партиясының сара жолы кәзіргі дәуірде елді социалистік индустрияландыруды, ауыл шаруашылығында, жеке меншіктік өнеркәсіпте және саудада бірте-бірте социалистік өзгерістер жасауды көздейді.

Халықтық демократия елдерінің социализм орнату жолындағы үздік табыстары ленинизмнің жеңімпаз күшін тамаша дәлелдейді.

Лениннің ілімімен қаруланған, капиталистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары халық бұқарасын өзінің мүдделері жолын-

дағы күреске топтастыруда елеулі табыстарға жетті. Коммунистердің басшылығымен, батыс-европалық елдердің жұмысшы табы бостандық, демократия және ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресті барған сайын кең өрістетуде. Францияның, Италияның және Батыс Европадағы басқа елдердің еңбекшілері, Батыс Еуропаның халықтарын құлдыққа салуға тырысатын американ империалистеріне қарсы күшті күрес жүргізуде. АҚШ империалистерінің қызметіне көшкен ұлттық буржуазияның халыққа дұшпандық саясатына қарсы қозғалыс күшеюде. Америка континенті елдерінде де жұмысшы табының күресі ұлғаюда.

Ленинизм, капиталистік елдердің жұмысшы табы үшін ғана емес, колония және тәуелді елдердің халықтары үшін де, империализмге қарсы күрестің туына айналды. Совет Одағының және халықтық демократия елдерінің ұлы табыстары Азияның, Таяу Шығыстың, Африканың құлдыққа түсірілген халықтарын жігерлендіріп, өздерін азат ету жолындағы күреске жұмылдыруда.

Демократия мен социализм күштері бүкіл дүние жүзінде өсіп, жеңуде. Капитализмнің құрықтығы сөзсіз, өйткені ол адамзатты кризистердің сұрапыл азабы мен күйзелісіне, жұмыссыздыққа, аштыққа, қырғын соғыстарға ұшыратады. Капиталистік елдер экономикасының біржакты үйлесімсіз сыйпаты бар; ол көбінесе соғыс қаруларын өндіру есебінен дамыйды. Империалистердің жанталаса қарулануы, жаңа дүниежүзілік соғысты әзірлеуі еңбекшілердің тұрмыс дәрежесіне және демократиялық праволарына онан әрі шабуыл жасағандық болып отыр. Мұның бәрі империализм лагеріндегі қайшылықтарды сөзсіз шиеленістіріп, капиталистік системаның негіздерін нашарлата береді.

Капиталистер «мықтағанда», жүздеген және мыңдаған жұмысшылар мен шаруаларды қырғынға ұшырату арқылы, белгілі бір жеке елде революцияның жеңісін біраз кешеуілдете алатыны, бірақ капитализмді сөзсіз күйреуден тіпті де құтқара алмайтыны туралы Лениннің айтқан сөздерінің дұрыстығына жер жүзінде барған сайын көп адамның көзі жетуде.

Демократия және социализм лагері халықаралық өмірдің бүкіл бағысына орасан зор әсер ететін қуатты күшке айналды. Сондықтан да, американ империализмі бастаған реакция лагері бұл фактіні көріп, қатты ызалануда. Өздерінің дүниежүзілік үстемдігін орнатуды көздейтін есуастық идеяны жалданған американ империалистері Батыс Германия мен Жапонияны қайтадан милитарландыруда, жанталаса қарулануды, атом және су тегі қаруын жасауды мейлінше күшейтуде, соғыс желігін қоздыруда.

Бірақ империалистер қаншама құтырылса да бейбітшіл күштер жаңа соғыс өртін тұтандырушыларды ауыздықтай алады. Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік пен демократияның мызғымас қамалы — Совет Одағы бастаған бейбітшіліктің ұйымдасқан қуатты майданы күн санап өсіп нығаюда.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі совет адамдарының бейбіт еңбегін қорғауды, бейбітшілікті сақтауды, жаңа соғысқа жол бермеуді өздерінің сыртқы саясат саласындары басты міндеті деп таныйды. Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, партия бейбітшілік саясатын — совет халқының және басқа бейбітшіл халықтардың өмірлік мүдделеріне сай келетін бірден-бір дұрыс саясат деп есептейді. Коммунистік партия мен Совет үкіметі халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін, шешілмеген мәселелерді келіссөздер жүргізу және келісімдер жасау жолымен шешу үшін мүмкіндігі болған барлық шараларды қолдануда.

Біздің партиямыз өзінің сыртқы саясатында екі системаның — социалистік және капиталистік системалардың қатарласып өмір сүруінің және бейбіт жарысқа түсуінің мүмкіндігі туралы лениндік қағиданы не-

гізге алады. И. В. Сталин мынаны атап көрсетті: «Екі системаның ынтымактасуы туралы пікірді алғаш айтқан Ленин болатын. Ленин — біздің ұстазымыз, ал біздер, совет адамдары — Лениннің шәкірттеріміз. Біз Лениннің нұсқауларынан еш уақытта бұлтарған жоқпыз және бұлтармаймыз».

Екі системаның бейбітшілікпен қатарласып өмір сүру мүмкіндігін танып және оған ұмтыла отырып, Совет мемлекеті мұнымен бірге барлық жағынан тең праволы болу принципін батыл қорғайды және өзінің праволары мен мүдделеріне титтей де болса нұқсан келтірілуіне жол бермейді.

Американ журналисті Ч. Э. Шаттың: «Біздің екі еліміздің арасында (яғни, АҚШ пен ССРО арасында) бейбітшілікті қайткен күнде жақсырақ сақтауға болады?» деген сұрағына қайтарған жауабында Г. М. Маленков жолдас мынаны атап көрсетті: «ССРО мен АҚШ арасында бейбітшілікті сақтау ең алдымен екі жақтың бейбітшілікті шын ниетімен тілеп, соған ұмтылуы, олардың өз қатнастарында бір-бірімен бейбітшілікте қатар өмір сүруі мүмкін және қажет екендігіне сүйенетін болуын және өзара заңды мүдделерін еске алуын талап етеді».

Совет Одағына келетін болсақ, ол жоғарыда көрсетілген қағидаларды басшылыққа ала отырып, ССРО мен АҚШ арасында берік және баянды бейбіт қатнастарды қамтамасыз ету, болып отырған алауыздықтарды реттеу үшін бұдан былай да өзінің қолынан келгеннің бәрін істеуге әзір отыр, сонымен бірге ол Америка Құрама Штаттары тарапынан да осындай әзірлік көрсетіледі дегенді еске алып отыр».

Халықаралық қатнастағы шиеленісті бәсеңдетудегі белгілі бір табыстар Совет Одағы жүргізіп отырған және барлық бейбітшіл халықтар мақұлдайтын бейбітшілік саясатының нәтижелілігін, пәрменділігін дәлелдейді. Алайда соңғы кезде соғыс күштері, бейбітшіл халықтардың халықаралық шиеленісті бәсеңдету және соғыс ошақтарын жою күресінде қол жеткен табыстарын жоққа шығару үшін өздерінің бұл жолдағы әрекетін күшейтуде.

Европада АҚШ, Великобритания, Франция, Батыс Германия және басқа елдердің үкіметтері Батыс Германияны милитаристік мемлекетке айналдырып, оны агрессиялық соғыс топтарына қосуды көздейтін Париж келісімдеріне қол қойды. Батыс Германияны қаруландыру Европада бейбітшілік пен қауіпсіздікке тікелей қатер туғызады. Апатты атом соғысы қаупін күшейтеді.

Азияда АҚШ-тың соғысқұмар топтары жаңа соғыс бастауға, бұл континенттің халықтарын бір-біріне қарсы айдап салуға ұлттық-азаттық қозғалысты басуға әрекет жасауда. Бұл мақсатпен олар агрессиялық соғыс блоктарын құрды, Манила шартын жасасты, Тайваньды оккупациялауда, Чан-Кай-шидің қылмысшы бандасымен соғыс одағын жасау туралы фактіге қол қойды, бұл банданың қарақшылық әрекеттерін қолдауда.

Европалық елдердің Европада бейбітшілікті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва кеңесінің тағы да көрсеткеніндей, бұл соғыс саясатына қарсы бейбітшілік жолы бар. Бұл — халықаралық алауыздықты, ең алдымен герман мәселесін келіссөздер арқылы шешу жолы, бақылаумен жалпы қарусыздануға, еңбекшілердің талаптарын кеңінен орындауға, ігілікке және әлеуметтік прогреске бастайтын коллективтік қауіпсіздікті ұйымдастыру жолы. Совет Одағы және халықтық демократия елдері халықаралық проблемаларды бейбітшілікпен шешуді көздейтін осы жолды қорғайды.

Коллективтік қауіпсіздік үшін күресе отырып, социалистік лагерь елдерінің халықтары мұнымен бірге империалистік державалардың агрессиялық ниеттерін ескерусіз қалдыра алмайды. Батыс Германияның қайтадан милитарлануына және Батыс державалардың агрессиялық

саясатты жаңадан күшейтуіне жауап ретінде Совет Одағы және басқа бейбітшіл елдер, бейбітшіліктің сақталуына қатер туғызатын агрессияшыл мемлекеттердің ұлғайып отырған қарулы күшіне өздерінің сондай қуатты күшін және өз елдерін, бейбітшілікті қорғауға әзірлігін қарсы қою үшін амалсыздан барлық қажетті шараларды тезінен қолдануға тиісті болады.

Демократиялық лагерь елдерінің халықтары өздерінің күшіне, өздерінің сарқылмайтын ресурстарына сенеді. Бейбітшілік және социализм лагерінің күштері кәзір қай уақыттағыдан болса да қуатты және берік топтасқан. Бейбітшіл халықтарға шабуыл жасау, оларға қарсы соғыс бастау әрекеттерінің қандайына болса да қыйрата тойтарыс беріледі.

Тарихтың шын мәнісіндегі жасаушылары — халық бұқарасы. Олар бір топ зеңбек сәудегерлерінің тарихты кері бұруына жол бермейді. Халықтар бейбітшілікті тілейді және оны сақтап қалады!

Совет халқы өзінің барлық күшін творчестволық жемісті еңбекке жұмсай отырып, бейбітшілікті табандылықпен жақтайды және бейбітшілік ісін қорғауда. Біздің халықтар арасында бейбітшілікті қамтамасыз етуге ұмтылуымыз — совет халқының еркін орындай отырып, Совет үкіметі жүргізіп келген және жүргізе беретін сыртқы саясатымыздың мызғымас негізі.

Коммунистік партияның басшылығымен Совет Одағының халықтары жеткен бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістер — ұлы Лениннің идеяларының жүзеге асырылған бейнесі. Бұл жеңістер — халықтардың ұлы Ильичке орнатқан тамаша ескерткіші. Совет Одағының Коммунистік партиясы — Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің жеңімпаз туын жоғары ұстап алға апаруда.

Лениннің коммунистік партияны құрған кезінен бергі бүкіл тарихи процесс ленинизмнің ұлы идеяларының туы астында алға басуда. Ленинизм барлық елдердің халық бұқарасының империализмге қарсы, бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресінің міндеттері мен перспективасын революциялық теорияның сәулесімен нұрландыруда.

Адамзаттың коммунизмге қарай екпінмен алға басуын тоқтата алатын күш дүние жүзінде жоқ. Капитализмнің құрып, коммунизмнің бүкіл дүние жүзінде жеңетіндігі сөзсіз. Адамзаттың тарихында түбірлі бұрылыс жасалғанын халықтар біледі. Бұл бұрылыс Лениннің арқасында, ол топтастырған ұлы Коммунистік партияның арқасында, қуатты Совет Одағының арқасында жасалды.

Ұлы Лениннің өсиеттерін орындай отырып, Коммунистік партияның басшылығымен совет адамдары бүкіл дүние жүзінің халықтарын өздеріне ерте отырып, коммунизмнің толық жеңісіне қарай сеніммен алға басуда.

Ұлы Лениннің есімі мәңгі жасайды. Лениннің мәңгі жасайтын ісі — адамзаттың коммунизм салтанатына жету жолындағы өшпейтін шамшырақ.

Ленин—совет мемлекетінің орнатушысы

К. САФРАНКОВ,

экономика ғылымдарының кандидаты

Владимир Ильич Ленин, өмірі және қызметі дүниежүзілік тарихта кетпес терең із қалдыратын ұлы ойшылдар мен мемлекеттік қайраткерлер қатарынан орын алады. Жасөспірім кезінен бастап ақырғы күндеріне дейін оның бүкіл өмірі адамзатты құлдықтың және езгінің бұғауынан азат ету күресіне арналды.

1917 жылғы октябрьден бастап көзірткі күндерге дейін біздің партиямыздың бүкіл өткен жолы Владимир Ильич Лениннің ісінің жеңімпаздығын және өмірге бейімділігін көрсетеді. Көзір, совет халқы коммунистік қоғам орнату жолында ойдағыдай алға басып келе жатқан кезде, бүкіл алдыңғы қатарлы адамзат социализм елінің ұлы табыстары алдында тәжім етіп отырған кезде, Ленин ұйымдастырып орнатқан Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің ролі барған сайын айқын көрінеді.

Совет Одағының Коммунистік партиясы қаһармандық күрестің, ауыр сындар мен ұлы жеңістердің жарты ғасырдан астам даңқты жолын өтті. Данышпан Лениннің, оның шәкірті және ісін алға апарушы ұлы Сталиннің, олардың серіктерінің басшылығы арқасында ұрыстарда шыныққан біздің Коммунистік партия, коммунизм орнатушы советтік қоғамның басшы және бағыттаушы күші болып табылады.

Ленин — Совет мемлекетінің орнатушысы. Ол пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы ретіндегі Совет өкіметін ашып, теорияда дәлелдеп, бүкіл дүниежүзілік-тарихи еңбек етті. Капитализмнен коммунизмге өту дәуірінде, революциялық зорлық және пролетариаттың саяси үстемдігін жүргізу жолымен капиталдың өкіметін құлату методы ретіндегі пролетариат диктатурасының негізгі идеясын Маркс пен Энгельстің тұжырымдап белгілегені мәлім.

Алайда, марксизмнің негізін қалаушылар өз заманының тарихи жағдайында пролетариаттың мемлекеттік ұйымының саяси формасы туралы мәселені теория жағынан тексеріп шеше алмады. Жаңа мемлекеттік форманың алғы образы ретіндегі Париж Коммунасы туралы Маркстің айтқан пікірлері оның ілімінде ілгері дамытылмады. Оның үстіне, 1891 жылы Энгельс: пролетариаттың саяси үстемдігінің мемлекеттік формасы демократиялық республика болуға тиіс деп мәлімдеді. Энгельстің бұл қағидасы марксистік әдебиетте берік орнығып, Ленин пролетариат диктатурасының жаңа формасы туралы теорияны жасағанға дейін өкіметтің мемлекеттік формасы туралы ілімде үстем болып келді.

Озат революциялық ғылымның шын кемеңгері Лениннің ұлылығы — оның жаңа тарихи жағдайда Энгельстің ескірген көзқарастарынан бастартып, бұл аса маңызды мәселенің жаңа шешімін бергендігінде.

Париж Коммунасының тәжірибесін зерттей келіп, Россиядағы екі революцияның тәжірибесін қорыта отырып, Ленин 1917 жылғы апрельде: парламенттік республика емес, Советтер республикасы пролетариат диктатурасының неғұрлым қолайлы мемлекеттік формасы болып табылады деген қортындыға келді.

Лениннің бұл қатесіз данышпандық қортындысын марксизмнің

ең ұлы табыстарымен қатар қоюға болады. Өту дәуірінде пролетариаттың мемлекеттік ұйымының саяси формасы туралы мәселені теорияда талдап шешпегенде 1917 жылғы социалистік революцияның жеңімпаздық табыстарын баянды ету мүмкін болмаған болар еді десек, мұнымыз асырып айтқандық болмайды.

Бүкіл мемлекеттік өкіметті Советтердің қолына беру туралы жаңа бағытты Ленин біздің партиямыздың буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру жоспарымен тура және тікелей байланыстырды. Пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы туралы мәселе ең шұғыл практикалық міндет ретінде күн тәртібіне қойылды. Сөйтіп, марксизмнің теориясы мен практикасы саласында ілгері басқан орасан зор қадам жасалды. Мұнымен бірге Ленин бұқараның саяси ұйымының неғұрлым мінсіз формасы ретіндегі Совет өкіметі туралы ілімді жан-жақты талдап жасады. «Совет өкіметінің мәні, — деп жазды ол, — мынада: бұл мемлекеттік өкіметтің, бүкіл мемлекеттік аппараттың тұрақты және бірден бір негізі капитализм езген таптардың нақ өздерінің... бұқаралық ұйымы болып табылады» (Шығармалар, 28-том, қазақшасы, 478-бет).

Ленин мұны Советтердің парламенттік республикадан басты артықшылығы деп таныды. Еңбекшілерді түгелінен қамтып біріктіретін ұйым болғандықтан Советтер, бұқарамен мейлінше тығыз байланыс жасауды қамтамасыз ететін, оны елді басқаруға қатыстыра алатын неғұрлым демократиялық мемлекеттік аппарат болып табылады. Тек Совет өкіметі ғана таптық қоғамдағы демократияның жоғары типі бола отырып, халық бұқарасының творчестволық күштерін азат ете алды, оларды белсенді саяси өмірге қатыстырып, жаңа мемлекет, жаңа экономика, жаңа мәдениет құрылысында еңбекшілердің өздерінің таланттарын, инициативасын, жігерін көрсетуіне жағдай жасай алды. Қалың бұқараға терең тамыр жайған және ең дәйекті демократизмге сүйенетін советтік мемлекеттік ұйымның күші міне осында.

Лениннің асқан ұлы еңбегі: ол ашқан Совет өкіметі пролетариаттың қолында қанаушы таптарды жойып, социализм орнатудың құралы болуға тиісті мемлекеттің ең жақсы формасы болғанында.

Сонымен, Советтер пролетариат диктатурасының мінсіз саяси формасы, жаңа демократияның жоғары формасы болып табылады. Бірақ Ленин пролетариат диктатурасының басқа саяси формаларын да бекерге шығарған жоқ. Капитализмнен социализмге өтудің әртүрлі елдерде кейбір ерекшеліктері болады, ал мұның өзі қоғамның саяси ұйымының әртүрлі формаларында көрінуге тиіс деп үйретті Ленин. «Капитализмнен коммунизмге өту, — деп жазды Ленин, — әрине, орасан көп, әралуан саяси формаларды тудырмай тұрмайды, бірақ соның бәрінің мәнісі сөзсіз біреу-ақ болады: пролетариат диктатурасы болады» (Шығармалар, 25-том, қазақшасы, 428-бет).

Европа мен Азияның бірқатар елдерінде орнатылған халықтық демократия құрылысы — осы лениндік идеяның жанды бейнесі. Жұмысшылар мен шаруалар өкіметінің ерекше саяси формасы ретіндегі халықтық демократия құрылысы пролетариат диктатурасының функциясын ойдағыдай орындап, капитализмнен социализмге өтуді қамтамасыз ететінін тәжірибе көрсетті.

Алайда капитализмнен социализмге өтуді жұмысшы табы шаруалар қалың бұқарасын өзіне ерте алғанда ғана жүзеге асыруға болады. Ленин мұнда да марксизм теориясында үздік алға басқан қадам жасады. Маркстың пролетариат диктатурасы туралы ілімін дамыта келіп, ол пролетарлық мемлекет жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар бұқарасы арасындағы одақтың ерекше формасы болып табылатынын, бұл одақтағы басшылық рольді құлдыққа және езгіге қарсы алдыңғы күрескер ретінде жұмысшы табы атқаратынын көрсетті.

Совет өкіметі жұмысшы табының шаруаларға мемлекеттік басшылығын және пролетариат диктатурасының жоғарғы принципі — олар арасындағы одақтың сақталуын мейлінше жақсы қамтамасыз етеді. «Мемлекеттің советтік ұйымы, — деді Ленин, — капитализм анағұрлым шоғырландырған, сауаттандырған тап ретінде пролетариаттың басшылық роліне бейімделген» (Шығармалар, 28-том, казакшасы, 479-бет).

Лениннің Совет өкіметін, пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы ретінде теория жағынан дәлелдеуі көпұлтты мемлекет құру саласында жаңа принциптерді белгілеуді де керек қылды. Ұлт проблемасы Россиядағы социалистік революция шешуге тиісті ең қиын міндеттердің бірі болды. Ұлы Ленин ұлттарды құлдықтан азат етіп, халықтар арасында теңдік және туысқандық орнатудың жолдарын көрсетті. Бірақ, Ленин езілген ұлттарға ұлттық құлдықтан құтылудың жолын көрсетіп қана қоймай, онымен бірге әртүрлі ұлттардың халықтарын еріктілік және интернационализм негізінде бір мемлекетке біріктірудің негізгі принциптерін де тұжырымдап белгілеп берді.

Халықтарды жаңа негізде өзара жақындастырып, біріктіруге керекті жағдайларды сөз жүзінде емес, іс жүзінде жасау керек болды. Бұл жағдайларды тек советтік құрылыс негізінде жасауға болатын еді. Мұның өзі түсінікті де, өйткені Совет өкіметі таптық қоғамның барлық мемлекеттік ұйымдары қатарында неғұрлым интернационалдық ұйым болып табылады, өйткені ол қандай да болсын ұлттық езгіні қыйрата отырып, әртүрлі ұлттардың еңбекшілер бұқарасының ынтымақтасын іс істеуіне сүйене отырып, бұл қалың бұқараның біртұтас мемлекеттік одаққа бірігуін қамтамасыз етеді.

Онан кейін әртүрлі ұлттардың еңбекшілерін ерікті келісім және теңдік негізінде біртұтас туысқандық одаққа біріктірудің жаңа формаларын табу керек болды. Ленин бұл формаларды федерациядан тапты. «Қазір өзіміз енгізіп отырған және өзіміз енгізетін федерацияның өзі, — деді Ленин, — Россияның түрліше ұлттарын орталықтанған біртұтас демократиялық Совет мемлекетіне барынша берік етіп біріктірудің ең дұрыс адымының нақ өзі болып табылатыны Россия Совет республикасының үлгісінен бізге ерекше айқын көрініп-ақ отыр» (Шығармалар, 27-том, казакшасы, 198-бет).

Лениннің бұл нұсқаулары, мәңгі жасайтын лениндік идеялардың жанды бейнесі болып отырған Советтік Социалистік Республикалар Одағын құрудың негізіне алынды.

Лениннің пролетарлық диктатура дәуіріндегі мемлекеттік құрылыс ретінде Совет өкіметін ашып дәлелдеуі Маркс пен Энгельстің пролетариат диктатурасы туралы ілімін онан әрі дамытқандық болды. Бұл мәселені творчестволықпен тексеріп шешпейінше, біздің елімізде социалистік революцияның жеңуі және Совет өкіметінің ұйымдастырылуы мүмкін болмаған болар еді. Лениннің Совет өкіметі туралы ілімін өзінің теориялық қазнасында басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия бұқараны қарулы көтеріліске, буржуазиялық-помещиктік мемлекеттік машинаны жоюға және ескіліктің қыйраған орнында Совет мемлекетінің негіздерін сеніммен қалауға батыл аттандырды.

Алайда Лениннің Совет мемлекеті алдындағы еңбектері бұл ғана емес. Ленин Совет өкіметін ашып, оны пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы ретінде теория жағынан дәлелдеп қана қоймай, оның үстіне жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш советтік социалистік мемлекетінің орнатушысы және ұлы құрылысшысы болды. Жаңа тұрпатты мемлекет құрылысының үлгілерін тарих бізге оған дейін көрсетпеген еді, мемлекеттік құрылыстың жаңа формаларын зерттеп, практикада тексере отырып, мүлде соны жолдармен алға басу керек болды. Егер Совет өкіметін ашып дәлелдеу үшін Лениннің орасан зор теориялық күші керек болса, жаңа мемлекетті, жаңа экономиканы

практикада құру саласында оның асқан ұйымдастырушылық даналығы көрінді.

Октябрь революциясының алғашқы күндерінде-ақ ең шұғыл міндет: ескі буржуазиялық-помещиктік өкіметті ақырына дейін қыйратып, советтік мемлекеттік аппаратты құруға жол ашу міндеті алға қойылды. Бұл істе алғашқы лениндік декреттер орасан зор ұйымдастырушылық және бағыттаушылық роль атқарды.

Жаңа мемлекеттік аппарат Совет өкіметіне бастық болған Лениннің тікелей басшылығымен құрылды. Оның инициативасы бойынша, контр-революцияға қарсы күрес жүргізетін Бүкілроссиялық Төтенше комиссия құрылды. Лениннің ұсынысы бойынша Советтердің Бүкілроссиялық II съезі капиталистік дүниеде болып көрмеген ұлт саясатының органын — Ұлттар Істерінің Халық Комиссариатын құрды. Лениннің нұсқауы бойынша, халық шаруашылығын басқаратын және жоспарлайтын алғашқы советтік орган — Халық шаруашылығының жоғарғы советі құрылды. Лениннің бастауымен, совет халықтарының мызғымас достығының негіздерін қалаған «Россия халықтары праволарының декларациясы» жарияланды. 1918 жылдың бас кезінде Ленин Қызыл Армияны құру туралы декретке қол қойды. Қоғамдық тұрмыстың барлық салаларында крепостниктіктің және тең правосыздықтың қалдықтарын біржолата жою үшін сословиелерді жою туралы, шеркеуді мемлекеттен, мектепті шеркеуден бөлектеу туралы, әйелдердің тең праволылығы туралы және басқа декреттер шығарылды.

Елімізді социалистік негізде қайта құрудың қуатты құралы болуға тиісті жана Советтік мемлекеттің, жұмысшылар мен шаруаларды өз елінің иелері етіп, саяси өмірге мейлінше кеңінен қатыстыратын мемлекеттің негіздерін Ленин міне осылайша қалады.

Еңбекшілер бұқарасы Совет өкіметін — халық мүдделерін бәрінен де жоғары ұстайтын, өздерінің туысқан өкіметі деп таныды. Совет өкіметі жұмысшы табы мен шаруалар арасында дұрыс қарым-қатнас орнатуға, пролетариат диктатурасының негізі — олардың берік одағын жасауға жағдай туғызды.

Ұлттық тең праволылық принципін жариялаған Совет өкіметі елімізді мекендейтін ондаған халықтарды өзінің төңірегіне топтастырды.

Жаңа мемлекеттік құрылыстың негізін қалай отырып, Ленин еңбекшілердің тәжірибесін мұқият зерттеді, олардың революциялық практикасына сүйенді. Революция саналы саяси өмірге ұмтылдырған халық бұқарасының творчестволық күштеріне ол қатты сенді және халық бұқарасын мемлекеттік құрылысқа мейлінше толық қатыстыруды талап етті.

Ленин Совет мемлекетін нығайту мәселелеріне ерекше және үнемі қамқорлық жасап отырды. Совет өкіметінің орнатылуы арқасында біздің еліміз, саяси құрылысының мінсіздігі жағынан, дүние жүзінде бірінші орынға шықты, бірақ мұнымен бірге, экономикалық дамудың дәрежесі жағынан бұрынғысынша артта қалған ел болды.

Ленин партия алдына, бүкіл совет халқы алдына орасан зор міндет — Совет мемлекетінің жаңа экономикалық ұйымын құру, Совет мемлекетіне социализмнің экономикалық негізін жасап беру міндетін қойды. Ленин экономиканы социалистік негізге қайта құруды — Россияны апаттан құтқарудың бірден-бір жолы, оның нешеме ғасырлық артта қалғандығын жойып, елімізді қуатты индустриялы мемлекетке айналдырудың жолы деп таныды.

Социалистік экономиканың негізі ескі құрылыстың қойнауында өздігінен жасалмайтын еді, оны жанадан, социализмнің негізгі экономикалық заңының және халық шаруашылығын жоспарлы, пропорциялы даму заңының талаптарына сүйеніп отырып, жұмысшылардың және шаруалардың қолымен жасау керек болды. Бұл орасан ауыр міндетті орындау

үшін, халық бұқарасының творчестволық күштерін іске қосып, еңбекшілерді социализмнің белсенді және саналы құрылысшылары ету керек болды. Ондаған миллион адамдарды іске жұмылдыру керек болды, өйткені, Лениннің көрсеткеніндей, жанды, творчестволық социализм халық бұқарасының өзінің жасаған игілігі болып табылады.

Еліміздің қорғанымпаздығын арттырудың лениндік идеясының, елімізді мызғымайтын қуатты қамалға айналдыру идеясының социализм құрылысында асқан ұлы маңызы болды. Капиталистік дүниенің социалистік мемлекетке соғыс шабуылдарын жасамай тұрмайтынын алдан болжап, Ленин еліміздің қорғанымпаздығын арттыру ісінде экономиканың атқаратын ролін және алатын орнын айқын көрді. 1917 жылдың күзінде-ақ ол былай деп жазды: «Ұлы экономикалық өзгерістерді еркін, батыл жүзеге асырып жатқан халықтың орасан зор ерлігінсіз елді отан қорғауға қабілетті етуге болмайды» (Шығармалар, 25-том, қазақшасы, 373—374-беттер).

Еліміз орасан күшті күйзеліске ұшыраған, ішкі және сыртқы жауларға қарсы қатты күрес жүргізген, ерекше қыйын жағдайда Ленин Россияның шаруашылығын жаңадан социалистік негізге құрудың мейлінше зор жоспарын жасады.

Россияның шаруашылығын қайтадан құрудың лениндік жоспары елімізді не керектің бәрімен жабдықтау мүмкіндігін қамтамасыз ететін болып, халық шаруашылығын үйлесімді, жарасты өркендету идеясын алға қойды. Патша өкіметінен мұраға қалған өндіргіш күштердің өрескел орналастырылуын жою мәселесі де осы идеяға бағындырылды. Лениннің 1918 жылдың өзінде өндіргіш күштерді шаруашылықты рационалды жүргізу талаптарына сәйкес социалистік жолмен орналастырудың негізгі принциптерін тұжырымдап белгілегені оның асқан даналығын және көрегендігін дәлелдеді. Ол принциптердің бірі мынау: «...шикізаттың жақындығын және шикізатты өңдеуден бастап жартылай фабрикаттарды өңдеудің дайын өнім алғанға дейінгі барлық сонан былайғы сатыларына көшерде мүмкін қадерінше еңбектің неғұрлым аз жұмсалу жағын қарастыра отырып, Россияда өнеркәсіпті қолайлы етіп орналастыру» (Шығармалар, 27-том, қазақшасы, 317-бет).

Советтік бесжылдықтар тұсында жаңа құрылыстың негізіне алынған бұл лениндік нұсқауларды жүзеге асыру еліміздің өнеркәсіптік географиясын түбірінен өзгертті және кәзіргі уақытта коммунизмнің жеңімпаздық құрылысында орасан зор роль атқарып келеді. Өнеркәсібіміздің салмағы жылдан-жылға шығысқа қарай, шикізат пен отын қорларына жақындап, еліміздің түкпір аудандарына ауысуда. Мұның нәтижесінде Поволжьеде, Сибирьде, Қыйыр Шығыста, Орта Азияда және Қазақстанда жаңадан ірі-ірі өнеркәсіп ошақтары құрылды.

Ауыр индустрияны жасау, бүкіл халық шаруашылығын озат техника, электрлендіру негізінде қайта құру Совет елінің экономикасын жаңадан құрудың лениндік жоспарының шешуші талаптары болды. Бүкіл халық шаруашылығын елді электрлендіру негізінде қайта құру туралы лениндік идея Лениннің нұсқаулары бойынша жасалған, Ленин «партияның екінші программасы» деп атаған ГОЭЛРО ғылыми жоспарында бейнеленді.

Елімізді индустрияландырудың және электрлендірудің лениндік жоспарының өмірлік күшін және маңызын Совет Одағының онан кейінгі өркендеуінің тарихы толық дәлелдеді. Бұл жоспарға сүйене отырып, Коммунистік партия елімізді тарихи ең қысқа мерзімде озат индустриялы державалардың қатарына қосты. Советтік бесжылдықтар тұсында ауыр индустрияның жаңа салалары, патшалы Россияда болып көрмеген және болуы мүмкін болмаған, кейіннен Совет Одағының экономикалық қуатының негізі болған салалар құрылды.

28 жылдың ішінде, 1925 жылдан 1953 жылға дейінгі дәуірде, Совет

елі партиямыздың басшылығымен, индустрияландырудың лениндік идеясын жүзеге асырып, өнеркәсіп өнімін шығаруды 29 есе, ал өндіріс құралдарын жасап шығаруды 55 есе ұлғайтты.

Советтік Қазақстанның өндіргіш күштерінің өркендеуі — лениндік көрегендік нұсқаулардың асқан даналылығының және терең негізділігінің айғағы. 1953 жылы Қазақстанда өнеркәсіп өнімін шығару 1913 жылғыдан 60 еседен астам өсті. Электр қуатын өндіру жүздеген есе артты. Қазақ республикасының өндіргіш күштері күшті қарқынмен үздіксіз өркендеуде.

Индустрияландыру негізінде ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру да еліміздің экономикасын қайта құрудың лениндік жоспарының құрамды бір саласы болды. Ленин: жұмысшы табы бүкіл шаруалар бұқарасымен тығыз байланыс жасамайынша, социализмге қарай ілгері баса алмайды, бұл таптар арасындағы берік одақ Совет мемлекетінің басты негізі болып табылады деп үйретті. Сан миллион шаруалар бұқарасын социализм құрылысына қатыстырудың қонымды және оңай формаларын тауып, олармен бірге ілгері басу міндеті алға қойылды. Мұның өзі социалистік революцияның пролетариат өкіметті қолға алғаннан кейінгі ең қиын міндеті болды, өйткені, ғасырлар бойына жекеменшікті біртүлкі жерде еңбек еткен және ұсақ меншікшілдік стихияның шырмауында болған ондаған миллион шаруалардың тұрмысының экономикалық негіздерін түбірінен өзгерту керек болды.

Лениннің асқан ұлы еңбегі — оның сан миллион шаруалар бұқарасын социалистік құрылыс арнасына қосудың жолы ретінде кооперацияны көрсеткендігі болды. Лениндік кооператив жоспары деревняны социалистік негізге қайта құру ісінде партиямыздың жол көрсеткіш жарық жұлдызы болды. Лениннің ісін алға апарушы кемеңгер И. В. Сталин ауыл шаруашылығын коллективтендіру туралы лениндік ілімді оған әрі дамытты; мұны жүзеге асыру нәтижесінде колхоз құрылысы жеңді. Ауыл шаруашылығының әлеуметтік және экономикалық негіздерін түбірінен өзгерту, өзінің нәтижелері жағынан, 1917 жылғы октябрьдегі революциялық төңкеріске тең келетін аса зор революциялық төңкеріс болды.

Маңдай алды техникамен жабдықталған социалистік ауыл шаруашылығы орасан зор табыстарға жетті. Алайда, ауыл шаруашылығын өркендетудің қазіргі дәрежесі советтік қоғамның өсіп отырған керектерін қанағаттандыра алмайды. Сол себепті де СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы социализмнің негізгі экономикалық заңының талаптарына сәйкес, лениндік кооператив жоспарының принциптерін дамыта отырып, колхоз өндірісін оған әрі ұлғайту туралы шешім қабылдады.

Партиямыздың ұлы нұсқауларын жүзеге асыруда Қазақ республикасына зор міндет жүктеліп отыр. Қазақстан тың жерлерді игеру жөнінде ССРО-да бірінші орын алады. 1954 жылы Қазақстанның колхоздары мен совхоздары 8 миллион гектардан астам тың жер жыртыпты. Мұншама жердің бір бөлегіне 1954 жылғы көктемнің өзінде егін егілді. Товарлы астықтың саны мықтап өсті. 1954 жылы республика астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Барлығы 232 миллион пұт астық тапсырылды, мұның өзі бұған дейінгі жылдардың қайсысында болса да Қазақстанда дайындалған астықтан анағұрлым көп. 1956 жылы Қазақстанда жалпы егіс көлемі, 1953 жылғы 9,2 миллион гектардың орнына, 28,5 миллион гектарға жеткізіледі.

Ленин Совет мемлекеті жаңа ғана аяғынан басқан, біздің еліміз өзінің жаракатын жазуға және азамат соғысынан кейінгі күйзелісті жоюға әлі үлгермеген кезде арамыздан кетті. Бірақ, Совет өкіметін орнатқан халық және партия өздерінің жолындағы қандайда болсын қиыншылықтарды жеңіп, социализм орнату міндетін қалайда орындап шығатынына Ленин әрдайым сенуде болды.

Ленин өзінің соңғы сөзінің қортындысында: «Нәптік Россия социалистік Россияға айналады» деді. Лениннің бұл көрегендігін тарихи дамудың онан кейінгі бүкіл барысы толық дәлелдеді. Коммунистік партия социализм орнату жолындағы күрестің лениндік туын жоғары көтеріп, совет халқының жауларына қарсы қатты ұрыстарда, Орталық Комитеттің басшылығымен бұл туды алға апарды. Лениннің арман еткенін Коммунистік партия орындап шықты.

Партияның басшылығымен біздің елімізде қанаушы таптар жойылды, социалистік қоғам құрылды, ал кәзір социализмнен коммунизмге бірте бірте өту жүзеге асырылуда.

Лениннің данышпандық нұсқаулары бойынша құрылған Совет мемлекеті өзінің орнатушысының қайтыс болуынан кейінгі уақытта орасан ұзақ тарихи жол өтіп, ең ауыр сындарға аброймен төтеп берді. Советтік құрылыс бейбітшілік құрылыс жылдарында еліміздің экономикасы мен мәдениетін өркендетуді ұйымдастырудың ең жақсы формасы ғана емес, мұнымен бірге соғыс кезінде барлық күшті жауға тойтарыс беруге жұмылдырудың ең жақсы формасы болды. Лениннің өсиеттері бойынша жасалған Совет мемлекетінің экономикалық негізі қандайда болсын басқа мемлекеттің экономикасынан әлде қайда озық, өмірге бейім болып шықты.

Совет мемлекетінің ең берік моральдық-саяси негіздері бар. Ол советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігі, ССРО халықтарының достығы және рүк беруші советтік патриотизм сыяқты қуатты қозғаушы күштерге сүйенеді.

Совет мемлекетінің орнатушысы Ленин еліміздің мемлекеттік аппаратының құрылысына аса көп көңіл бөлді. Мұнда Владимир Ильич өзінің көзіне түскен, мекемелерді және ведомстволарды ұйымдастырудың қандайда болсын мәселелерін социалистік революцияның жеңуі жолындағы күрестің жалпы ұлы міндеттері тұрғысынан қарады.

«Біз,— деп жазды Ленин,— мынадай мемлекет орнату үшін тырысуға тиістіміз: бұл мемлекетте жұмысшылар шаруаларға басшылық ететін болу керек, шаруаларды өздеріне сендіруі керек және барынша үнемді болып, өздерінің қоғамдық қатнастарынан ысырапшылдықтың қандайынын болса да ізін қалдырмай жоюы керек.

Біз өзіміздің мемлекеттік аппаратымызды мейлінше үнемшілдікке жеткізуге тиістіміз. Біз... ысырапшылдықтың барлық іздерін онан қуып шығаруымыз керек» (Шығармалар, 33-том, қазақшасы, 504-бет).

Советтік аппарат икемді, іскер, халық бұқарасына жақын болуға, партияның саясатының жүзеге асырылуын іс жүзінде тексеріп отыруға тиіс екенін Ленин үнемі көрсетіп отырды. Советтік мемлекеттік аппаратты жақсарту үшін күресе отырып, Ленин қандайда болсын мен-мендікке, мақтаншақтыққа, ойластырмай асығыс қарарлар қабылдауға қарсы шығып отырды, совет мекемелерінің қызметкерлерін жоғары принципшіл, социализм ісіне шын берілген, мәдениетті және іскер етіп тәрбиелей білу — басты міндет болып табылатынын талай рет көрсетті. Іс қарарларда, мекемелерде, қайта ұйымдастыруда емес,— деді ол. Басты міндет — адамдарды іріктеп белгілеуде және істің орындалуын тексеріп отыруда.

Коммунистік партия, Советтік мемлекеттік аппараттың жұмысының принциптері мен әдістері туралы лениндік нұсқауларды орындай отырып, оны үнемі жетілдіріп жақсартуда. Кәзіргі уақытта партия мемлекеттік аппараттың жұмысын онан әрі жақсарту жолында күрделі жұмыс жүргізіп, оның үнемді, икемді болуына және халықтың тілектерін сергектікпен орындайтын болуына ұмтылуда.

Мемлекет туралы лениндік ілім Лениннің сенімді серігі — ұлы Сталиннің творчествосында онан әрі дамытылды.

И. В. Сталин капиталистік қоршауды және агрессияшыл мемлекеттердің ССРО-ға қарсы интервенция әрекеттерін жасамай тұрмайтындығын ескеріп, коммунизм орнатып жатқан социалистік мемлекетті мейлінше нығайта беру керек екенін көрсетті, өйткені соғыс-саясат және экономика жағынан күшті социалистік мемлекет қана, совет адамдарының жасампаздық бейбіт еңбегіне қастандық жасайтын қандайда болсын агрессорға қыйрата тойтарыс бере алады.

Ленин орнатқан советтік социалистік мемлекеттің өмір сүріп отыруы орасан зор халықаралық маңызы бар фактор болып табылады. Совет Одағының екінші дүниежүзілік соғыста жеңіп шығуы арқасында Европа мен Азияның бірсыпыра елдері капиталистік системадан шығып қалды. Бұл елдерде, пролетариат диктатурасы идеясын жүзеге асырушы халықтық демократия тәртібі орнықты. Совет Одағының қалтқысыз күшті көмегіне сүйене отырып, оның баға жетпес тәжірибесін пайдалана отырып, халықтық демократия елдерінің еңбекшілері коммунистік және жұмысшы партияларының басшылығымен социализм орнату жолына түсті.

Бұл факт, Ленин орнатқан, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін күрес жүргізуші Совет Одағы бастаған социализм және демократия майданының нығайуының тамаша айғағы болып табылады. Бұл факт онымен бірге, өзінің үмітсіз ауыр халінен агрессия және соғыс арқылы құтылуға тырысатын империализмнің нашарлауын дәлелдейді.

Г. М. Маленков жолдас партияның ХІХ съезіндегі баяндамасында былай деді: егер біз өз мемлекетіміздің әлсіреуіне жол берген болсақ, біздің бейбіт құрылыста кәзір мұндай мақтан етіп отырған табыстарға жете алмас едік. Егер өз мемлекетімізді нығайтып отырмаған болсақ, жаулар алдында және соғыста талқандалу қаупі алдында біз қарусыз қалған болар едік. Партия совет елін социализмнің мызғымас берік қамалына айналдырды, өйткені партия социалистік мемлекетті барынша нығайтып келді және барынша нығайтып отыр. Лениндік теория біздерге: коммунизм орнатудың құралы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің қамалы — социалистік мемлекетті келешекте де нығайта беру керек деп үйретеді.

1905 жылғы 9 январь — бірінші орыс революциясының басталған күні

*Н. ГОРОХВОДАТСКИЙ,
тарих ғылымдарының кандидаты*

Быйыл совет халқы және бүкіл прогресшіл адамзат бірінші орыс революциясының елу жылдығын құрметтеп өткізеді. Россия пролетариатының революциялық күресінің тарихында бұл революция, В. И. Лениннің бейнелеп айтқанындай, Ұлы Октябрь социалистік революциясының «Ұлы даярлығы» болды. Халықаралық жұмысшы қозғалысының тарихында бірінші орыс революциясы — империализмге қарсы жанкыярлық күрестің рұх беруші үлгісі болды. Бұл күресте революциялық қыймылдың бірыңғай пролетарлық формалары пайдаланылды. 1905—1907 жылдардағы революция тәуелді және колония елдердегі ұлт-азаттық қозғалыстың дамуына ерекше күшті әсер етті.

Бірінші орыс революциясының тәжірибесі дүние жүзіндегі барлық елдердің жұмысшылары мен еңбекшілеріне: империализм жағдайында, революцияшыл марксистік партия басшылық еткен жұмысшы табы ғана еңбекшілер бұқарасын соңына ертіп, түбірлі демократиялық өзгерістер жасай алатынын көрсетті. Бірінші орыс революциясының тәжірибесі империализм дәуірінде буржуазияның, халық мүдделеріне опасыздық етіп, контрреволюцияның күштерімен ашықтан-ашық келісім жасайтын реакцияшыл күшке айналатынын да көрсетті.

Бірінші орыс революциясының барысы II Интернационалдың социал-демократиялық партиялары пролетариаттың революциялық күресіне басшылық етуге жарамсыз болып шыққанын, Россияда ұлы Лениннің құрған партиясындай, шын мәнісіндегі марксистік революцияшыл партия ғана жұмысшы табын батыл революциялық күреске бастап, бұл күресте жеңіп шығуды қамтамасыз ете алатынын дәлелдеді.

1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы дүниежүзілік революциялық қозғалыстың салмағының шығысқа, Россияға ауысуының белгісі болды. Россия пролетариаты халықаралық жұмысшы қозғалысын бастап шықты. Патша өкіметіне қарсы қаһармандық күрес жүргізіп, Россияның жұмысшы табы бұл ісімен ұлы интернационалдық міндетті атқарды, өйткені, XIX ғасырдың аяқ шешінде туған нақтылы-тарихи жағдайда патша өкіметі мен батыс империализмінің мүдделері ұштасып отырды. «Кімде-кім патша өкіметін ұрғысы келсе, ол империализмге сөзсіз қол жұмсады, кімде-кім патша өкіметіне қарсы көтеріліс жасаса, ол империализмге де қарсы көтеріліс жасауға тиіс болды, өйткені, кімде-кім патша өкіметін қыйратып қана қоймай, оны тамтығын қалдырмай жойғысы келсе, ол патша өкіметін құлатумен бірге империализмді де құлатуға тиіс болды» (И. Сталин, Шығармалар, 6-том, казакшасы, 87—88-бет).

Россия империализм қайшылықтарының шиеленіскен түйініне айналды, мұнымен бірге онда, бұл қайшылықтарды революциялық жолмен шеше алатын нақтылы күш болды. Мұндай күш, өзінің революцияшыл партиясы және Россияның сан миллион шаруалары сыяқты қуатты көмекшісі бар Россия пролетариаты болды.

Революцияның қарсаңында елдегі жағдай

Россиядағы 1905—1907 жылдарғы буржуазиялық-демократиялық революция елдің тарихи дамуының объективтік барысында әзірленді. Бұл революцияның қажеттілігі XIX ғасырдың екінші жартысынан ерекше күшті көріне бастады. Бұл кезде шапшаң қарқынмен дамыған жаңа өндіргіш күштер ескі, күні озған, елдің экономикалық дамуына бөгет жасай бастаған феодалдық-крепостниктік өндірістік қатнастарды жоюды талап етті.

Жаңа өндіргіш күштер мен ескі өндірістік қатнастар арасындағы ұлғайған жанжалды помещиктер жоғарыдан реформалар жасау жолымен жайғастыруға тырысты. XIX ғасырдың 60-ші жылдарында патша үкіметі мен помещиктер амалсыздан крепостниктік правоны жойып, ел басқару саласында кейбір реформалар жасады. Алайда, маркстік-лениндік теорияның және қоғамдық-тарихи тәжірибенің үйрететініндей, ескі өндірістік қатнастардың иесі — үстем тап жасаған реформа өндірістің жана тәсілінің дамуына кен өріс аша алмайды. Жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі, өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыпатына сәйкестірілуі тек әлеуметтік революция нәтижесінде жүзеге асады.

Крепостниктік право жойылғаннан кейін Россияда капиталистік өнеркәсіп ерекше шапшаң дамуы бастады. Жаңа фабрикалар, заводтар, темір жолдар көп салына бастады, шойын, болат және басқа металдар өндірісі, мұнай және көмір шығару ұлғайды. Не бәрі 10 жылдың ішінде (1890 жылдан 1900 жылға дейін) 21 мың шақырымнан астам жана темір жолдар салынды. 1900 жылы көмір өнімі, 1860 жылғы 18,3 миллион пұт орнына, 995,2 миллион пұтқа жетті, мұнай шығару 20 жылдың ішінде (1880 жылдан 1900 жылға дейін) 20 есе ұлғайды.

Өнеркәсіптік капитализмнің дамуының тарихи процесінде жана қоғамдық таптар — буржуазия мен пролетариат қалыптасып, елдің саяси тұрмыс майданына шықты. XIX ғасырдың аяғында Россияның ірі фабрикалары мен заводтарында, кен өнеркәсібінде және темір жолдарында 3 миллиондай жұмысшы болды.

Ауыл шаруашылығында да капиталистік қатнастар дамыды. Помещиктер шаруашылықты жүргізудің капиталистік формаларына көшті. Россияның саны жағынан ең көп табы — шаруалардың өзі жіктелуде болды. Бір жағында орасан көп село кедейлері — деревняның пролетарлары немесе жартылай пролетарлары, екінші жағында, өздерінің шаруашылығында жалдамалы еңбекті барған сайын кенінен қолданған кулактар, деревня буржуазиясы болды. Россияның ұлт облыстары мен шеткері аймақтары капиталистік қатнастар саласына тартыла берді.

Крепостниктік правоның жойылуы Россияда капитализмнің дамуын тездеткенмен, қоғамдағы антагонистік таптық қайшылықтарды жоймады және жоя алмады. Феодалдық өндірістік қатнастар орнына капиталистік өндірістік қатнастар келді. Еңбекшілерді қанаудың феодалдық формасы орнына, онан да қатал және рақымсыз капиталистік формасы орнады.

Крепостник-помещиктердің қолымен және олардың мүдделері үшін жасалған 1861 жылғы шаруалық реформадан кейін де Россияның экономикасы мен саяси құрылысында көптеген феодалдық қалдықтар сақталып келді. «Азат етілген» шаруалар бұрынғысынша помещиктердің кіріптарлығында қала берді. Патша өкіметі шаруаларға жүктеген, помещиктерге төленетін төлемдер орасан көп болып, алтын ақша есебімен, 2 миллиард сомнан асты. Елдің негізгі жер қорлары бұрынғысынша помещиктердің қолында болды, саяси өкіметтегі үстемдік және әртүрлі артықшылықтар оларда қалды. Таланған шаруалар амалсыздан поме-

щиктердің жерін жалға алып, олардың пайдасына бұрынғысындай дерлік әртүрлі міндетті жұмыстар атқаратын болды.

Жұмысшы табының да халі ауыр болды. Фабриканттар мен завод иелері жұмысшыларды рақымсыз қатты қанады. Жұмыс күні 12—15 сағатқа созылды, ал жалақы тіпті аз болды. Жұмысшылардың көпшілігі айына 6—7 сом жалақы алатын. Бірақ бұл табыстың өзі де жұмысшының қолына түгел тимейтін. Капиталистер әртүрлі штрафтар салу, фабрика дүкендері арқылы қымбат бағаға азық-түлік беру жолымен оларды тонап отырды. Еңбек қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру болмады.

Жұмысшылардың жәйі әсіресе ХХ ғасырдың басында, Европаны да, Россияны да қамтыған өнеркәсіптік кризис ұлғайған кезде мықтап нашарлады. Кризис кезінде (1900—1903 жылдар) 3 мыңдай ірі және ұсақ кәсіпорындар жабылды. 100 мыңнан астам жұмысшы жұмыссыз қалды. Өздерінің орасан көп пайдасын сақтауға тырысқан капиталистер жұмысшылардың жалақысын кемітті, арпалысқан экономикалық күресте жұмысшылар жеңіп алған бұрынғы кеншіліктерді жойды.

1900—1903 жылдардағы өнеркәсіптік кризистің орасан зор әлеуметтік-экономикалық зардабы болды. Россияда жұмысшы табы бастаған революциялық қозғалыс шапшаң ұлғая бастады. Барлық жерде стачкалық күрес туды, бұл күрес барған сайын саяси сипат ала берді. Жұмысшылар үкіметтің стачкаларды әскер күшімен басу әрекетіне қарсы белсенді қорғаныс қыймылдарын бастады.

Бұл жөнінде жұмысшылардың 1901 жылғы Петербургтегі Обухов заводындағы бірінші май стачкасының ерекше маңызы болды. Бұл стачканың өте айқын саяси сипаты болды. Стачка жұмысшылар мен әскер арасындағы қантөгіс соқтығысқа ұласып, «Обухов қорғанысы» деген тарихи атақ алды. Мұның өзі Россиядағы баррикадалық күрестің бірінші тәжірибесі еді.

Rоссияның оңтүстігіндегі толып жатқан стачкалардың зор саяси маңызы болды. Бұл стачкалар 1903 жылғы жалпы стачкамен аяқталды. Революцияшыл социал-демократия бастаған жұмысшы табы бұл стачканың барысында өзінің ұйымшылдығын, ынтымағын және туыскандық интернационалдық бірлігін көрсетті.

1903 жылғы жалпы стачка бірінші орыс революциясы жолындағы аса маңызды белес болды. Ол бытыраңқы жергілікті стачкалардан Россия пролетариатының бүкіл ел көлеміндегі күресіне көшудің бастамасын жасады.

Бұл дәуірде жұмысшы табының революцияшыл партиясының ұйымдық жағынан қалыптасуы аяқталды. РСДЖП ІІ съезі Россияда, лениндік «Искра» белгілеп ұсынған идеялық және ұйымдық негізде нағыз марксистік партияны құрып, пролетариат диктатурасы үшін күресуді негізгі міндет деп таныйтын революциялық программаны қабылдады.

Пролетарлық партия құрылғаннан кейін Россиядағы революциялық қозғалыс дамудың сапалық жаңа сатысына көтерілді. Жұмысшы табының күресі бір мақсатқа бағытталған, ұйымдасқан және саналы сипат алды.

Жалпы жұмысшы қозғалысымен тікелей байланысты деревнядағы революциялық қозғалыс та күшейді. Пролетариаттың ізінше сан миллион шаруалар помещиктерге қарсы жалпы күреске аттанды. Бес жылдың ішінде (1900—1904 жылдар) Россияда шаруалардың 670 көтерілісі болды, бұл көтерілістер Россияның Европалық бөлегіндегі губерниялардың бәрін дерлік қамтыды. Шаруалар помещиктің жердерін басып алды, мекендерін өртеді, өздеріне жексұрын патша шиновниктері мен помещиктерді өлтірді.

Rоссияның ұлт облыстары мен шеткері аймақтарында патша өкіме-

тіне қарсы, ұлттық және әлеуметтік езгіге қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс ұлғайды.

Либерал буржуазия мен либерал помещиктер патша өкіметінің «төтенше» әрекеттеріне қарсы «наразылық» үнін шығаруға тырысты. Либералдық қозғалыс патша өкіметіне қауіпті болмаса да, дегенмен ол қоғамның барлық таптарының, барлық жіктерінің қозғалғанын, елде революциялық кризистің толғағы пісіп келе жатқанын көрсетті.

Патша үкіметі мұны есепке алып, елдегі революциялық қозғалысты басу шараларын қолданды, қозғалыстың негізгі күштері — жұмысшылар мен шаруалардың арасына ірткі салуға тырысты. Күресуші пролетариатқа және шаруаларға қарсы қатал шаралар қолданумен қатар, патша өкіметі неғұрлым «икемді» әдістерді — айдалау, пайда-пара беру, сатып алу және т. б. әдістерді де қолдануға тырысты. Мысалы, 1903 жылғы мартта шаруалардың кесімді мемлекеттік, земстволық, қауымдық алымдарды төлеудегі өзара кепілдігі жойылды, ал 1904 жылғы 11 августтағы манифест бойынша шаруаларды болыстық соттардың үкімімен дүрелеп жазалау жойылды және босану төлемдері, земство және қазыналық алымдар бойынша қалған недоимкалар жойылды. Алайда мұның бәрі шаруалар бұқарасына айтарлықтай жеңілдік жасамады, оның үстіне үкімет, мұнымен бірге, жанама салықтарды едәуір көбейтті.

Жұмысшылардың назарын революциялық күрестен басқа жаққа аудару және жұмысшы табы арасына ірткі салу мақсатымен патша үкіметі, жандармдар мен полицияның қамқорлығында болатын жалған жұмысшы ұйымдарын құруға, сөйтіп өзінің бұл ұйымдардағы агенттері арқылы жұмысшыларға әсер етуге, патша өкіметі олардың экономикалық талаптарының орындалуына көмектеседі деп, жұмысшыларды өкіметке сендіруге тырысты. Большевиктер патша өкіметінің бұл сұрқыялық арандатушылық әдістерін жұмысшы табы алдында әшкереледі. Жұмысшы табының ұлғайған революциялық қозғалысы полициялық ұйымдарды батыл таптап кетті.

1905 жылғы 9 январь — революцияның басталуы

Патша армиясының Жапонияға қарсы соғыста сәтсіздікке ұшырап, жеңілуі халықтың шыдамын тауысты. Патша үкіметінің соғыс өзінің саяси жағдайын нығайтып, революцияны тоқтатуға көмектеседі деп дәмеленуі іске аспады. Патша әскерлерінің үсті-үстіне жеңіліске ұшырауы патша өкіметінің іріп-шірігенін, оның ішкі және сыртқы саясатының халыққа дұшпандық сипатын бүкіл халық алдында ашып берді.

Соғысты патша үкіметі билеп-төстеуші таптардың империалистік ниеттерін жүзеге асыру және революцияны тұншықтыру мақсатымен бастағанын халықтың қалың топтары барған сайын түсіне бастады.

Елде жұмысшылардың стачкалық күресі және шаруалардың помещиктерге қарсы қозғалысы күшейді. 1904 жылғы 13 декабрьде Баку мұнай кәсіпшіліктерінде жұмысшылардың стачкасы басталды. Бұл стачка большевиктердің Баку комитетінің басшылығымен әзірленіп, өткізілді. Стачканы әскердің көмегімен және жазалау шаралары арқылы басуға тырысқан патша үкіметінің әрекеті жұмысшыларды мұқата алмады. Жұмысшылардың қозғалысы кең өріс алғанын және олардың ерекше табандылығын көргеннен кейін кәсіпкерлері амалсыздан келіске келді.

Баку стачкасы жұмысшылардың саяси саналылығының және ұйымшылдығының өсуінде зор роль атқарды. Бұл стачка жұмысшылардың өз күштеріне сенімін нығайтты, капиталистік құлдыққа қарсы жаңа ұрыстарға шығуға әзірлігін күшейтті. Бұл стачка ұлы революциялық дауыл қарсаңындағы хабар беруші нажағайдай болды.

Патшалық самодержавиенің және помещиктер өкіметінің барлық негіздерін шайқалтқан революциялық дауылдың бастамасы Петербургтегі 1905 жылғы 9(22) январьдағы оқыйғалар болды.

Январьдың бас кезінде ең үлкен Путилов заводының жұмысшылары ереуіл жариялады. Ереуілшілер зор экономикалық талаптар қойды: 8 сағаттық жұмыс күнін, кепілді жалақы минимумын белгілеуді, кесімді уақыттан тыс жұмыстардың міндеттілігін жоюды және басқаларын талап етті.

Бесінші январьда, большевиктердің Петербург комитетінің путиловшыларды қолдауға шақырған үндеуі бойынша, ондаған мың жұмысшылар жұмысты тоқтатты. Ереуілшілердің саны екі күннің ішінде 150 мыңға жетті. 7 январьда ереуіл жалпы стачкаға ұласты. Қозғалыс саяси сипат алды. Россия пролетариатының аса үлкен отрядының мұндай қуатты және ұйымдасқан қыймыл жасауы Россияның тарихында әлі болмаған еді.

Күреске аттанған жұмысшы табы бұқарасымен бетпе-бет кездескен патша үкіметі жұмысшыларды қырғынға ұшыратуға ұйғарды, сөйтіп революциялық күрестің бүкіл елге жайылу қаупін осындай жолмен жоюға дәмеленді. Бұл мақсатпен патша охрнкасының агенті пои Гапон жұмысшыларға бейбітшілікпен, топ жыйнап патшаға барудың арандатушылық жоспарын ұсынды. Буржуазиялық либералдардың қатысуымен гапоншылар патшаға петицияның текстін жазды, бұл Петербург жұмысшыларының жыйналыстарында талқыланды.

Бұл жыйналыстарда большевиктер сөз сөйледі. Олардың ықпалымен петицияға 8 сағаттық жұмыс күні, баспасөз және сөз бостандығы, жұмысшы одақтарының бостандығы, барлық адамдардың заң алдындағы теңдестігі, соғысты тоқтату, жерді шаруаларға беру, шеркеуді мемлекеттен бөлектеу, Россияның мемлекеттік құрылысын өзгерту мақсатымен Құрылтай жыйналысын шақыру туралы талаптар енгізілді.

Большевиктердің Петербург комитеті 8 январьда астананың пролетариатына арнап үндеу жариялады. Бұл үндеуде жұмысшылар азаттыққа петиция тапсыру арқылы емес, тек самодержавиеге қарсы халықтың қарулы көтерілісі арқылы жететіні айтылды.

Большевиктер патшаның жұмысшыларды қырғынға ұшырату ниетінде екенін, жұмысшыларға оқ жаудырылатынын айтып, оларды мұнан алдынала сақтандырды. Бірақ жұмысшылар арасында патшаға, оның көмегіне және қорғауына сенетін адамдар әлі де көп еді.

Патшаға бұл сенім жұмысшылардың петициясында да көрінді. Онда былай делінді: «Біздер, Петербург қаласының жұмысшылары, әйелдерімізбен, балаларымызбен және мүгедек қарт ата-аналарымызбен шындық және қорғаныс іздеп саған келдік, тақсыр. Біздер қайыршылық күйге түстік, бізді езеді, шектен тыс ауыр бейнет жүктейді, бізді қорлайды, бізді адамға санамайды... Біз шыдан та бақтық, бірақ бізді қайыршылықтың, правосыздықтың және надандықтың тұңғыйық тереңіне итерген үстіне итеруде, бізді деспотизм мен озбырлық жаншып барады... Шыдамның шегі бітетін уақыт жетті. Бізге жан шыдамайтын азапқа көне бергеннен өлген артық болатын нағыз қатерлі күн туды...».

Патша үкіметі астанада соғыс тәртібін жариялап, Псковтан, Ревельден, Нарвадан, Петергофтан және Царское Селодан әскер алдырды. Жұмысшылардың топталған жүрісінің басталуына дейін Петербургке 40 мыңнан астам солдат жыйналды.

Бір топ интеллигенттер, оның ішінде А. М. Горький, министрлер кабинетінің председателінен және ішкі істер министрінен қантөгіске жол бермеуді өтінді, бірақ онан ешқандай нәтиже шықпады.

1905 жылғы 9(22) январьда, жексембі күні таңертең Петербургтың әртүрлі аудандарынан жұмысшылар Қысқы сарайға қарай ағыла бастады. Бұл бейбіт жүріс болды. Жұмысшылар патшаға әйелдерімен, балаларымен, қарт ата-аналарымен бірге барды. Олар шеркеу туларын,

иконаларды, патшаның суреттерін көтеріп ала жүрді. Барлығы 140 мыңнан астам адам көшеге шықты.

Күндізгі сағат 12-де Нарва қақпасы алдында Нарва ауданының жұмысшылары колоннасына атты әскер шабуыл жасады, ал жаяу әскерлер винтовкалардан оқ жаудырды. Ондаған жұмысшы өлтірілді, жараланды. Мұның ізінше Тройцк көпірі жанында Выборг және Петербург жағынан келе жатқан жұмысшылар колоннасына, сол сыяқты Васильев аралындағы жұмысшылар тобына оқ жаудырылды. Бұлардан басқа Қысқы сарай жанында, Александр паркінде, Дворцовый көпірі маңында және Бас штаб үйі жанында жұмысшылар қырғынға ұшыратылды. Атты әскерлер мен атты жандармдар жұмысшыларды қылышпен шапты, аттарымен таптады, жаралыларды өлтірді, әйелдерге де, балаларға да, қарттарға да ешқандай рақымшылық істемеді.

Бұл күні топталған жүріске қатысушылардан мыңнан астам адам өлтірілді, екі мыңнан астам адам жараланды. Петербург көшелерінде жұмысшылардың қаны судай жосылды.

Өзінен қорғаныс және көмек сұрауға келген қарусыз жұмысшыларды патша осылайша қарсы алды.

Большевиктер жұмысшыларды тастап кеткен жоқ, олар жұмысшылармен бірге болды. Большевиктер қатарынан көп адам өлтірілді, жараланды. Патша жендеттерінің бастап жаппай оқ атқан дауысы естілісімен большевиктер сол жердің өзінде, жұмысшылардың қаны жосылған көшелерде, көпшілікке бұл жантүршігерлік арандату әрекетіне патшаның айыпты екенін, оны қару күшімен құлату керек екенін түсіндірді.

Патша — жұмысшылардың қас жауы деп түсіндірген большевиктердің бұл сөзінің дұрыстығына жұмысшылар бұқарасының іс жүзінде көзі жетті. 9 январь күні кешке қарай Васильев аралының көшелерінде жұмысшылар баррикада жасай бастады.

Патшаның қанішерлік жауыздығы туралы хабар бүкіл елді толқытты. Ең ірі өнеркәсіп орталықтарының жұмысшылары патшаның Петербург жұмысшыларын қырғынға ұшыратуына жалпы саяси стачка жасап жауап берді. Оған 440 мың адам қатысты. Стачка қозғалысы бүкіл Россияға жайылды. 1905 жылғы январьда ереуіл жасаған жұмысшылардың саны оған дейінгі он жыл ішіндегі ереуіл жасаған жұмысшылардың санынан асып түсті.

Феодалдық-крепостниктік қалдықтарды жою, патша өкіметін құлату және демократиялық республика орнату жолымен, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қайшылықтарын тарихи шешуге тиісті болған бірінші орыс революциясы осылайша басталды.

Басталған революция алғашқы күндерінде-ақ бүкіл елде өріс алған, Россия империясының барлық халықтарын қамтыған халықтық, демократиялық революция сипатын алды. Капиталистік қанаудан және правосыздықтан азап шеккен Россия пролетариаты революциялық күреске шықты, жерсіздіктен, крепостниктіктің толып жатқан қалдықтарынан, помещиктер мен кулактардың кіріптарлығынан тұншыққан шаруалар күреске аттанды, екі бірдей езгіде — өздерінің және орыстың помещиктері мен капиталистерінің қысымында зарилеген ұлттық аудандар мен облыстардың еңбекшілер бұқарасы көтерілді.

Батыс Европада болған буржуазиялық революциялардан өзгеше бұл революцияда халықтың басым көпшілігі — езгіде және қанауда азап шеккен жұмысшылар мен шаруалар өздерінің экономикалық және саяси талаптарын қойып майданға шықты. Бұл революцияның қозғаушы күштері пролетариат бастаған еңбекшілер бұқарасы болды.

Буржуазиялық-демократиялық революция — бұл сондай революция, деді В. И. Ленин, онда «... халықтың қалың бұқарасы, оның көпшілігі, езу мен қанаудың тепкісінде болып жапа шеккен қоғамның ең «төмендері» өз алдына дербес бас көтерді, революцияның бүкіл жүрісіне өз

талаптарының, қыйратылатын ескі қоғамның орнына өздерінше жаңа қоғам орнатуға ұмтылған өз әрекеттерінің ізін қалдырды» (Шығармалар, 25-том, қазақшасы, 431—432-беттер).

Бірінші орыс революциясы орта ғасырлықтың, феодализмнің қалдықтарын жоюға, феодалдық жер меншігін жоюға бағытталды. Аграрлық мәселе буржуазиялық революцияның негізі болды.

«Бізде, — деді В. И. Ленин, — буржуазияның жеңісі ретінде буржуазиялық революцияның жеңісі мүмкін емес. Мұның өзі мүмкін емес нәрсе сияқты, бірақ ол факт. Шаруа халықтың басымдығы, крепостниктік (жартылай) ірі жер иелігінің оны адам айтқысыз басып-жаншуы, кезіргі өзінде социалистік партияға ұйымдасқан пролетариаттың күші мен саналылығы, — осы жағдайлардың бәрі біздің буржуазиялық революцияға ерекше сипат берді» (Шығармалар, 15-том, қазақшасы 46-бет).

Оқыйғалардың объективтік барысы патша өкіметін құлату міндетін орындауға, демократиялық республика орнатуға, кеңінен демократиялық өзгерістер жасауға қажеттіліктен басталды.

1905 жылғы революция империализм заманындағы, құрып бара жатқан капитализм заманындағы бірінші буржуазиялық-демократиялық революция болды. Бұл революция, ағылшын және француз буржуазиялық революцияларының дәуіріндегідей буржуазия енді басшылық ролін атқара алмаған жағдайда жасалды.

1905—1907 жылдардағы революцияның барысында орыс буржуазиясы барған сайын патшалық реакция мен контрреволюция лагеріне өте берді. «Бізде Россияда, — деді И. В. Сталин, — 1905 жылғы революция буржуазиялық-демократиялық революция болғандығына қарамастан, ол революция буржуазияға қарсы, либералдық буржуазияға қарсы жүргізілді. Себебі не? Себебі — империалистік елдің либералдық буржуазиясының контрреволюциялық болмауы мүмкін емес» (Шығармалар, 10-том, қазақшасы, 13-бет).

Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революцияның шын басшысы, социалистік революцияға жол ашатын буржуазиялық-демократиялық революцияның үзілді-кесілді жетуіне, оны аяқтап шығуға мүдделі жұмысшы табы болды.

Большевиктер бұқараның революциялық күресінің басшысы

Басталған революцияда пролетариаттың басшысы большевиктік партия болды. Бұқараға басшылық етуге дәмеленген басқа партиялар мен ағымдардың бәрі революцияның басталуынан бұрын-ақ, әсіресе революцияның барысында, өздерінің жұмысшы табының не ашық жаулары, не буржуазияның жұмысшы табы қатарындағы агенттері екенін әшкереледі. Тек большевиктер партиясы ғана жұмысшы табының мүдделеріне акырына дейін шын берілгендігін көрсетті. Большевиктер, пролетариаттың революциялық теориясы мен идеологиясын буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық тұрғыдан бұрмалаудың бәріне және қандайына болса да қарсы, марксизм үшін ұзақ жылдар бойына қажырлы күрес жүргізіп, жұмысшы табының көсемі ролін атқаруға әзірленген еді.

Халықшылдыққа және эсерлерге, жария марксизмге және анархизмге қарсы, «экономистерге» және меньшевиктерге қарсы күресте, буржуазиялық ұлтшылдарға және басқа антимарксистік ағымдарға қарсы күресте большевиктер жаңа тұрпатты революциялық марксистік партияның революциялық программасын жасады, оның идеологиялық және ұйымдық принциптерін белгіледі. РСДЖП II съезінде қабылданған большевиктік программада пролетариаттың революциялық күресінің таяудағы және түпкі мақсаттары айқын және терең ғылыми негізде белгіленді. Бұл программа, XX ғасырдың басында Россияда және халықаралық салада қалыптасқан нақтылы-тарихи жағдайларды есепке ала отырып жасалды.

Большевиктер социалистік революция жасауды және пролетариат

диктатурасын орнатуды пролетариат күресінің түпкі мақсаты етіп алға қойды. Бірақ, капитализм соның өзінде өндірістің үстем әдісіне айналған Россияда ескі, капитализмге дейінгі тәртіптердің көптеген қалдықтары әлі де сақталып келді, бұлар экономикалық прогреске кедергі болып қана қоймай, пролетариаттың тап күресінің дамуына да бөгет жасады, мемлекеттің және бай таптардың шаруаларды қанауының тағылық формаларының сақталуына және күшеюіне көмектесті, бүкіл халықты на-дандықта және правосыздықта ұстады.

«Осы барлық қалдықтардың ішіндегі ең зоры және бүкіл осы вар-варлықтың ең қуатты тірегі патшалық самодержавие болып табылады, — делінді РСДЖП-ның программасында. — Өзінің жаратылысы бойынша ол қоғамдық қозғалыстың қандайына болса да жау және проле-тариаттың барлық азаттық талаптарының ең қас дұшпаны болмай тұра алмайды.

Сондықтан Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы патшалық самодержавиені құлатуды және оны демократиялық респуб-ликамен ауыстыруды өзінің таяудағы саяси міндеті етіп қояды...» (СОКП қарарлары, I бөлім, 7-басылуы, 38-бет).

Өздерінің программасына сәйкес большевиктер пролетариаттың ре-волюциялық күресін ұйымдастырып, бағыттап отырды. 1905 жылғы ап-рельде өткізілген РСДЖП/б/ III съезінде большевиктер, патша өкіметіне қарсы батыл шайқасқа шыққан пролетариаттың күресінің және оны ұйымдастырудың барлық формаларын меңгеруге бағытталған өздерінің тактикасын белгіледі.

РСДЖП/б/ III съезінің шешімдерінде, пролетариаттың алдына қо-йылған барлық практикалық сұрақтарға: қарулы көтерілісті ұйымдас-тыру туралы, патша өкіметін құлату туралы, революциялық уақытша өкімет құру туралы және оған социал-демократияның қатысуы туралы, шаруаларға көзқарас туралы, либерал буржуазияға көзқарас туралы және басқа сондай сұрақтарға толық жауап берілді.

Ұлы Ленин өзінің «Социал-демократияның демократиялық револю-циядағы екі тактикасы» деген даңқты еңбегінде большевиктік тактиканың данышпандық дәлелдемесін беріп, меньшевиктердің тактикасының оп-портунистік мәнін әшкереледі.

Партияның III съезінің шешімдері және В. И. Лениннің нұсқаулары негізінде большевиктер бұқара арасында практикалық жұмысты кеңінен жүргізіп, жұмысшы табын үзілді-кесілді революциялық қыймылдарға әзірледі.

Большевиктер жұмысшыларға мынаны түсіндірді: егер революцияға пролетариат басшылық етсе, егер революцияның көсемі ретіндегі проле-тариат шаруалармен одақ жасалуын қамтамасыз ете білсе, егер либерал буржуазия оқшау қалдырылса, егер социал-демократия патша өкіметіне қарсы халық көтерілісін ұйымдастыруға белсеніп қатысса, егер жеңімпаз көтерілістің нәтижесінде, контрреволюцияның түп тамырларын жойып, бүкілхалықтық Құрылтай жыйналысын шақыра алатын революциялық уақытша үкімет құрылса, егер социал-демократия, революцияны аяқтап шығу үшін қолайлы жағдайда революциялық уақытша үкіметке қатысу-дан бас тартпаса, революция тек сонда ғана жеңеді.

Пролетариат қана буржуазиялық-демократиялық революцияның кө-семі бола алады және болуға тиіс, пролетариаттың патша өкіметін бір-жолата жеңуге ғана мүдделі және пролетариаттың басшылығын қабыл-дайтын одақтасы шаруалар ғана болып табылады дейтін идея больше-виктердің негізгі тактикалық қағидасы болды.

Либерал буржуазияның дәйексіздігін, қорқақтығын, контрреволю-цияшылдығын, оның патша өкіметін сақтауға, конституциялық монархия негізінде патшамен келісім жасап, істі осылайша бітіруге ұмтылуын большевиктер рақымсыз әшкереледі. Большевиктер, шаруаларды өзіне

ертуге тырысқан либерал буржуазияны окшау қалдыруға бағыт ұстады.

Халықтың жеңімпаздық қарулы көтерілісін — патша өкіметін құлатудың және демократиялық республика орнатудың аса маңызды құралы деп танып, большевиктер пролетариатты қарулануға шақырды, қару-жарақ сатып алып, оны Россияға жеткізді, жұмысшылардың қарулы жасақтарын құрды.

Бұқараны қарулы көтеріліске әзірлеу, бұл көтерілісті бүкілхалықтық көтеріліске ұластыру үшін большевиктер, жүзеге асырылған күнде бұқараның революциялық инициативасын өрістетіп, оны көтеріліске ұйымдастыратын, патша өкіметінің аппаратын бұзуга бастайтын ұрандарды алға тартты. Бұл ұрандар мынадай болды: жалпы саяси стачкалар жасау; сегіз сағаттық жұмыс күнін және жұмысшы табының кезекте тұрған басқа талаптарын революциялық жолмен тезінен жүзеге асыруды ұйымдастыру; помещиктің жерлерін конфискациялауға дейін деревняда барлық демократиялық өзгерістерді революциялық жолмен жүргізу үшін шаруалардың революциялық комитеттерін тезінен ұйымдастыру.

Бұл ұрандардың дұрыстығын Россиядағы үш революцияның барысы және халықаралық революциялық қозғалыстың тәжірибесі дәлелдеді.

Пролетариаттың және еңбекші шаруалар бұқарасының революциялық күресін буржуазиялық-демократиялық революцияда жеңіп шығуға ұйымдастыра отырып, большевиктер мұны революцияның тек бірінші кезеңі деп, буржуазиялық-демократиялық революциядан социалистік революцияға өту оның екінші кезеңі болуға тиіс деп есептеді. Большевиктер империализм заманында буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революциямен сөзсіз жақындасатындығы туралы, буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру үшін социал-демократияның барлық шараларды қолдануға міндеттілігі туралы лениндік ілімге сүйенді. Буржуазиялық және социалистік революциялардың арасалмағы туралы лениндік бағыт, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы лениндік ілім шындық өмірде, революциялардың от-жалыны ішінде тексеріліп сыннан өтті, ал большевиктік партия оны 1917 жылы тамаша жүзеге асырды.

Большевиктер партиясы еңбекшілердің және олардың авангарды — Россия пролетариатының күші мен революциялық қабілетіне қатты сенді. «Россия пролетариаты өзінің борышын ақырына дейін жеткізе орындап шыға алады, — делінді РСДЖП III съезі туралы Орталық Комитеттің хабарында. — Ол халықтық қарулы көтеріліске бас бола алады... Ол контрреволюциялық әрекеттердің бәріне де тойтарыс бере алады, бостандықтың барлық жауларын да аяусыз жаныштай алады, демократиялық республиканы жан салып қорғап қала алады, біздің бүкіл минимум-программамызды революциялық жолмен жүзеге асырып шыға алады... Алдағы тұрған демократиялық революцияда жеңіп шығып, біз сонымыз арқылы өзіміздің социалистік мақсатымызға қарай алып кадаммен ілгері басамыз, біз бүкіл Европаның мойнынан реакцияшыл соғысшыл державаның ауыр бұғауын лақтырып тастаймыз, сөйтіп, буржуазиялық реакциядан әбден зарыққан, ал кәзір Россиядағы революцияның табыстарын көріп рухтана бастаған өзіміздің бауырларымыздың — бүкіл дүние жүзінің саналы жұмысшыларының социализмге қарай тезірек, іркілмей, батылырақ аяқ басуына көмектесеміз» (СОКП қарарлары I бөлім, 7-басылуы, 75-бет).

1905—1907 жылдардағы бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясының өрлеу дәуірінде жасалған және практикада тексерілген большевиктердің революциялық тактикасы халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының тәжірибесін байытты. Бұл тактика жұмысшы табы ісінің жеңуі жолындағы келешек шайқастарда туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары үшін үлгі болады.

Екі системаның бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруі туралы

С. КОВАЛЬСКИЙ

Екі системаның: капиталистік және социалистік системалардың ұзақ уақыт бойына бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруі мүмкін бе? Кәзіргі уақытта, агрессияның күштері өздерінің жаңа дүниежүзілік соғысты ұйымдастыруға бағытталған әрекетін күшейтіп отырған кезде, бұл мәселенің ерекше маңызы бар.

Буржуазиялық елдердің реакцияшыл үкіметтері, өздерінің агрессиялық жоспарларын жүзеге асыру жолында қуатты, шын мәнісінде бүкілхалықтық тойтарысқа кездесуден қауіптенбей, соғыстарды халықтардан жасырын әзірлей алатын уақыттар өтті. Империалистік лагерьдің билеп-төстеушілеріне, өздерінің мақсатына жету жолында — Совет Одағына, Қытай Халық Республикасына, бүкіл социалистік лагерьге қарсы агрессия жасау жолында, кәзір әртүрлі әдіс-айлалар жасауға, бейбітшіл, демократиялық мемлекеттерге әртүрлі жала жабуға тура келеді.

АҚШ-тың билеп-төстеуші топтары және олардың одақтастары негүрлым көп қолданатын жалалардың бірі: капитализм мен социализмнің ұзақ уақыт бойына бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруі мүмкін емес дейтіндік. Олардың айтуынша, мұндай қатарласып өмір сүру Совет Одағының позициясына байланысты мүмкін болмайды-мыс. Буржуазиялық насихатшылардың байымдауынша, Совет Одағы соғысқа «құмар», оны басқа елдердегі өзіне жарамсыз тәртіптерді құлатудың құралы деп таныды-мыс. Совет мемлекетіне жала жабуға келгенде американдық насихаты бәрінен де асып түседі. Сатылғыш буржуазиялық баспасөз, радио, телевидение, қысқасынан айтқанда, насихаттың барлық құралдары дәлелдеуге келмейтінді — ССРО-ның «агрессияшылдық» ниетін дәлелдеуге пайдаланылады. Ал бұл өтірікті азда болса шындыққа ұқсату үшін оған «теориялық негіз» жасалады: империалистік лагерьдің жалақорлары капитализмнің сөзсіз құрылтындығы туралы марксизм-ленинизм ілімі мен екі түрлі әлеуметтік-экономикалық системаның бейбітшілікпен қатарласып өмір сүру мүмкіндігі туралы қарғида арасында қайшылық тапқан болады.

Мұның жалғандығы айқын. Рас, марксизм-ленинизм: капитализм мәңгілік емес, ол қоғамның тарихи өткінші құрылысы деп үйретеді. Марксизм-ленинизм классиктері бұл қортындыға, бірін-бірі ауыстырып отыратын қоғамдық-экономикалық формациялардың пайда болуының, дамуының және құруының заңдылықтарына терең ғылыми талдау жасау негізінде келді. Капиталистік құрылыстың құрылтындығы сөзсіз, өйткені, капитализм тұсында күшінде болатын объективтік экономикалық заңдар, сайып келгенде, революциялық қопарылысқа, таптық антагонистік құрылысты құлатып, оның орнына жаңа, жоғары — социалистік құрылыс орнатуға бастайтын, бітіспейтін қайшылықтарды туғызады. Марксизм-ленинизм классиктері революциялық төңкеріс жасай алатын күшті де көрсетті. Мұндай күш — капитализм қанап, және езіп отыратын халық бұқарасын бастаған, озат революциялық теориямен қаруланған жұмысшы табы.

Мұнымен бірге марксизм-ленинизм: социализм капитализмді тек сол елдің ішінде бұған керекті шешуші объективтік және субъективтік жағ-

дайлар пісіп жетілгенде ғана ауыстырады деп үйретеді. В. И. Ленин былай деді: «Революциялар заказ бойынша жасалмайды, белгілі бір кезеге орайластырылмайды, қайта тарихи даму процесінде өсіп жетіледі, сөйтіп толып жатқан ішкі және сыртқы себептердің жыйынына байланысты болған бір мезгілде жарыққа шығады» (Шығармалар, 27-том, қазақшасы, 560-бет).

Россияда Ұлы Октябрь социалистік революциясының, Европа мен Азияның бірсыпыра елдерінде халықтық-демократиялық революциялардың жеңуі — бұған айқын дәлел. Бұл елдерде капитализмнің күйреп, оның орнына жаңа қоғамдық құрылыстың орнауы, қоғамның және тап күресінің дамуының объективтік экономикалық заңдарының әсерінің күші себепті және ескі қоғамдық құрылыстың жаңа құрылыспен ауысуы сөзсіз болған кезде жүзеге асты.

Мұнан кейін буржуазиялық реакциялық насихаттың: революцияны сырттан «көтермелеу», революцияны экспорттау туралы байымдау марксистік идеологияның негізгі теориялық қағидаларының бірі болып табылады-мыс деп дәлелдемек болатын әрекеттерінен не қалады? «Революцияны экспорттау», империалистік мемлекеттердің билеп-төстеуші топтарының агрессиялық ниеттерін халықтардан жасыруға, олардың жанталаса қарулануын қайдағы жоқ советтік агрессиядан қорғанысты ұйымдастыру қажеттігімен ақтауға тырысатын капитализм айқайшыларының ойдан шығарған өтірігі екені айқын емес пе?

Жалған буржуазиялық насихаттың социалистік лагерьмен бейбіт қатарласа өмір сүру мүмкін емес деп дәлелдеу қажет болған сайын іске қосатын тағы бір «дәлелі» бар. Империалистердің итаршылары Совет мемлекетінің бейбітшілікпен қатарласып өмір сүру идеясын жақтап талай рет жасаған ұсыныстарын — «дүние жүзілік жұртшылық пікірін адастыру» мақсатымен қолданылған «тактикалық әдіс-айла» деп жариялайды. Мұны дәйектеу үшін: совет адамдары капиталистік құрылыс тұсындағы тәртіптерді өздерінің мақұлдамайтынын сан рет бүкіл жұртқа жариялап айтып келді, буржуазиялық елдердегі үстем болып отырған қоғамдық және саяси құрылысты қатты айыптайтындықтарын олар екі ұшты етпей, айқын аңғартып келді дейтін дәлелсымақты келтіреді.

Бұл «дәлелдің» ойдан шығарылғанын көру қиын емес. Капиталистік тәртіптерді ұнату немесе ұнатпау өзіне басқа, бұл тәртіптер әзірге өмір сүріп отырған елдермен бейбіт қатнас жасау өзіне басқа. Еліміздің еңбекшілері 1917 жылғы октябрьде Россиядағы капиталистік құрылысты құлатты. Ал олардың капитализмге қарсы көзқарасы кәзірде де, 37 жылдан кейін де, өзгерген жоқ, совет адамдары мұны жасырмайды да. Шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системадан үздік артықшылықтарын олар бүкіл дүние жүзі алдында айқын көрсетуде. Бірақ екі системаның бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруінің мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы проблеманы шешуді совет халқының капиталистік тәртіптерге қалай қарайтындығына байланысты ету — бұл мүлде әртүрлі екі мәселені қасақана шатыстырғандық болады. Мұны олар АҚШ-тың және батысевропалық кейбір елдердің билеп-төстеуші топтарының агрессиялық сыртқы саясатын бүркеу үшін әдейі шатыстырады.

* * *

*

Совет мемлекеті, бүкіл социалистік лагерь елдері баянды және ұзақ бейбітшілік жолындағы күресті дәйектілікпен, қажырлылықпен жүргізіп келеді. Бейбітшілікті қамтамасыз етуге бағытталған олардың бұл әрекеті үздіксіз өркендеп отырған социалистік құрылыстың өмірлік мүдделерін көздеп, екі системаның бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруі және экономикалық ынтымақ жасауы туралы лениндік принциптерге негізделеді.

В. И. Ленин әртүрлі әлеуметтік-экономикалық системалардың бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруі саясатын белгілеп дәлелдеді. Жас Совет республикасының капиталистік елдермен қарым-қатнасы туралы көптеген сөздерінде В. И. Ленин Совет мемлекеті жүргізіп отырған бейбітшілік саясат уақытша, өткінші фактор емес, насихаттық әдіс-айла емес, біздің еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатнастағы сара жол екенін көрсетті. Бұл саясат: екі системаның бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруі капитализмнен социализмге өту дәуірінде барлық халықтардың мүдделеріне толық сай келеді дейтін терең және ғылыми дәлелденген сенімнен туады.

1920 жылы «Нью-Йорк кешкі газетінің» тілшісімен әңгімелескенде В. И. Ленин Совет мемлекеті АҚШ-пен тату тұруға және ынтымақтасып іс істеуге ешқандай кедергі жасамайтынын, қайта Америка (сол сықты қандайда болсын басқа) капиталистерінің империализмі бұған кедергі болып отырғанын білдірді. «Американ капиталистері бізге тимейтін болсын. Біз оларға тимейміз. Тіпті біз транспорт пен өндіріске пайдалы машиналар, құралдар және басқалары үшін оларға алтын ақша төлеуге де бармыз. Тек алтынмен ғана емес, сонымен қатар шикізатпен төлеуге де бармыз». «Біз ешқайсысын қалдырмай барлық елдермен де одақтасуды жақтаймыз» (Шығармалар, 30-том, қазақшасы, 360—361-беттер).

Өмірлік маңызы бар бұл мәселеге сан рет қайтып оралып, В. И. Ленин екі системаның қатарласып өмір сүруі идеясын өзіне тән жалынды жігермен жақтады. «Біз, — деді В. И. Ленин 1922 жылы Англияның «Обсервер» және «Манчестер Гардиан» газеттерінің тілшісімен әңгімелескенде, — екі державамен де толығынан достық қарым-қатнаста болу барынша мүмкін нәрсе және мұның өзі біздің мақсатымыз болып табылады деп санаймыз. Біз — нақ сауда қатнастарының дамуы осы мақсатқа жету бағытында сөзсіз төтенше күшті көмектеседі деп санаймыз. Біз — Англия мен Францияның дұрыс түсінілген мүдделері де нақ осы бағытта әсер ететін болады деп санаймыз». (Шығармалар, 33-том, қазақшасы, 380-бет).

Совет Одағының коммунистік партиясы, еліміздің халықтары өздерінің сүйікті көсемінің өсиеттерін бұлжытпай орындап келеді. Біз Ильич-сіз өмір сүрген дәуірдің өн бойына Совет мемлекеті ұлы Ленин негізін қалаған сыртқы саясатты дәйектілікпен жүргізіп келеді. В. И. Лениннің қайтыс болуынан кейін оның шәкірті және ісін алға апарушы И. В. Сталин екі системаның ұзақ уақыт бойына бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруінің мүмкіндігі туралы марксизм-ленинизмнің қағидасын ошап әрі дамытты, социалистік және капиталистік лагерьлер елдері арасында достық қатнас орнатуға негіз болатын шарттарды анықтап көрсетті.

«Ынтымақтасып іс істеуге, — деп көрсетті И. В. Сталин, — екі жақтың бірдей ынтасы болса, алынған міндеттемелерді орындауға әзір тұратын болса, теңдестік және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принципі сақталатын болса, капитализм мен коммунизмнің бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруі әбден мүмкін».

Екі системаның бейбітшілікпен қатарласып өмір сүру дәуірінің заңдылығы және сөзсіздігі туралы қорытынды В. И. Ленин ашқан: империализм дәуірінде капитализмнің әркелкі дамуы заңынан, социалистік революцияның лениндік теориясынан, осы күнгі империалистік қайшылықтарға марксистік талдау жасаудан туады.

Марксизм-ленинизм: империализм дәуірінде капитализмнің әркелкі дамуының объективтік заңы күшінде болуы себепті, социалистік революцияның барлық елде немесе елдердің көпшілігінде бір жолы пісіп жетілуі мүмкін емес деп үйретеді. Социализм тек социалистік революция үшін керекті объективтік және субъективтік жағдайлар пісіп жетілген елде және пісіп жетілген кезде ғана жеңеді. Демек, басқа елдерден бұ-

рын социалистік төңкерістер жасаған бір немесе бірнеше ел азды-көпті ұзақ уақыт бойына өздеріне қарсы капиталистік дүниемен қатарласып өмір сүруге сөзсіз тиісті болады. Жеңімпаз пролетарлық революцияға керекті жағдайлар пісіп жетілген сайын жаңа елдер капиталистік системадан шығып, өсіп келе жатқан социализм лагеріне қосыла береді. Бұл лениндік теорияның дұрыстығы тарихтың бүкіл барысында дәлелденуде.

Россиядағы жеңімпаз социалистік революциядан кейін бірсыпыра капиталистік мемлекеттер қарулы интервенция және экономикалық блокада жасау жолымен Совет өкіметін құлатуға, сөйтіп біздің елімізде капиталистік тәртіпті қайта орнатуға әрекеттенгені мәлім. Бірақ бұл әрекеттің күйреуі, сол сыяқты капиталистік дүниенің экономикалық жағдайының ауырлығы себепті империалистік державалар амалсыздан Совет республикасымен экономикалық, сауда қатнасын жасауға жол іздеді. Белгілі тарихи мерзім бойына бейбітшілік қалпына келтіріліп, екі системаның бейбітшілікпен қатарласып өмір сүру дәуірі басталды.

Капитализмнің жалпы кризисінің онан әрі тереңдеуі негізінде туған екінші дүниежүзілік соғыстың бір ерекшелік сипаты мынада болды: әрқайсысы өзіне қарсы бәсекелесін жойып, өзінің дүниежүзілік үстемдігін орнатуға ұмтылған империалистік державалар біртұтас антисоветтік лагерьге біріге алмағаны былай тұрсын, қайта бұл державалардың кейбіреулері Совет Одағымен бірге антигитлерлік коалицияда болды. Мұнымен бірге екінші дүниежүзілік соғыс жаңа елдердің капиталистік системадан шығып қалуына керекті алғы жағдайлардың пісіп жетілуін тездетті. Мұның нәтижесінде, 900 миллионнан астам адамды қамтыйтын қуатты социалистік лагерь құрылды.

Тарихтың сабақтары осындай. Бұл сабақтар капитализм мен социализмнің бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруі әбден мүмкін екенін, ал соғыс тек дүниежүзілік капиталистік системаның күйреп кетуін тездетінін дәлелдейді.

* *
*

Марксизм-ленинизм: екі системаның бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруі туралы мәселенің белгілі бір саяси және экономикалық негізі бар деп үйретеді.

Бейбітшілікпен қатарласып өмір сүрудің саяси негізі — үлкенді-кішілі мемлекеттердің ұлттық еріктілігін құрметтеу. Барлық халықтардың достығының және тең правосылығының советтік идеологиясы әрбір халықтың мемлекеттік тәуелсіздік правосын таныйды. Совет адамдары империализм идеологтарының: ерікті мемлекеттер заманы өтті деп, мұны ғылымдағы «жаңалық» ретінде өткізбек болатын әрекеттеріне батыл қарсы шығады. Империализмнің итаршыларына мұндай өтірік, АҚШ-тың билеп-төстеуші топтарының әлсіз капиталистік мемлекеттерді саяси және экономика жағынан толық кіріптарлыққа түсірді, американ монополияларының экспансиялық саясатын дәлелдеуді көздейтін бағытын ақтау үшін керек болады.

Істің шынында ерікті мемлекеттер заманы өткен жоқ. Қайта бұл заман кемелінде, сондықтан кімде-кім белгілібір елдердің мемлекеттік еріктілігіне қол сұғатын болса, кімде-кім мемлекеттердің тарихи қалыптасқан және тарихи ақталған системасын өзінің дегенінше қайта пішуге әрекеттенсе, ол халықаралық қауіпсіздіктің өмірлік мүдделеріне қатер туғызады.

Капитализм мен социализмнің қатарласып өмір сүруінің экономикалық негізі — халықаралық экономикалық, сауда қатнастары.

Совет Одағы өзара тиімді шарттар бойынша барлық елдермен экономикалық және мәдени қатнастарды күшейтуді жақтайды. Біздің мемлекетіміз өзінің өмір сүруінің өн бойына, Батыстың және Шығыстың

елдерімен іскерлік сауда байланысын кеңейтуді көздейтін бағытты жігермен қолдап келді. АҚШ-тың билеп-төстеуші топтары және олардың дегенінен шықпайтын кейбір батысевропалық мемлекеттердің үкіметтері соғыстан кейінгі дәуірде ССРО-ға және социалистік лагерьдің басқа елдеріне қарсы сауда саясатының кемсіну әдісін қолдануға тырысты. Американдық империалистері экономикалық блокада жасау жолымен социалистік лагерь елдерінің экономикалық дамуына кедергі жасауға дәмеленді. Алайда, дүниежүзілік демократиялық рынок үздіксіз өсіп өркендеген жағдайда бұл әрекет іске аспады. Ол түгіл саудада кемсіну саясатын жүргізуден, ең алдымен капиталистік мемлекеттер, әсіресе, Совет Одағымен және Шығыс Европа елдерімен өзара тиімді сауданы бұрын кең көлемде жүргізген Англия мен Франция зыян көрді.

Сауда саласындағы кемсінушілік батыс европалық мемлекеттердің экспорт және импорт мүмкіндіктерін тежейді, бұл елдердің өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының бірқатар салаларының дамуына зыянды зардабын тигізеді, олардың саудасын американдық монополияларына тәуелді етеді. Сондықтан соңғы кезде капиталистік елдердің өнеркәсіп-сауда топтарында, американдардың өктемдігіне қарамастан, ССРО-мен, Европаның және Азияның халықтық демократия елдерімен сауда қатынасын кеңейтуді талап ету үні барған сайын өктем естілуде.

Бірқатар капиталистік елдердің үкіметтері, бұл талаптармен есептеспеуге лажы болмай, амалсыздан социалистік лагерьдің елдерімен сауда қатынасын кеңейте бастады. 1953 жылдың екінші жартысынан бастап, батыс және шығысевропалық елдер арасында сауда айналымының ұлғаюға бет алғаны байқалды. 1953 жылы Совет Одағы 51 шетелдермен сауда жүргізді. Бұл жерде, соғыстан кейінгі жылдарда алғаш рет Франциямен, Индиямен, Грециямен, Голландиямен, Аргентинамен сауда келісімдері жасалғанын атап көрсету қажет. Жапонияда Қытай Халық Республикасымен және Совет Одағымен қайтадан тығыз экономикалық байланыс жасауды талап ету үні барған сайын өктем естілуде.

Социалистік лагерь елдері өзара тиімді сауданы кеңейтуге әзір, өйткені екі түрлі әлеуметтік-экономикалық системалардың мемлекеттері арасында экономикалық байланыстарды кеңейтіп нығайту бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуға көмектеседі. Мұның өзін ерекше атап көрсету қажет, өйткені баянды және ұзақ бейбітшілік орнату Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің бүкіл сыртқы саясатының іргетасы болып табылады.

Өзінің өмір сүруінің алғашқы күндерінен бастап, бейбітшілік туралы лениндік декреттен бастап, Совет мемлекеті өзінің басқа барлық елдермен тату тұруға берік бел байлағанын жариялады. Совет мемлекеті өзінің сыртқы саясатын екі системаның бейбітшілікпен қатарласып өмір сүру мүмкіндігі туралы лениндік қағидаға негіздей отырып, халықтар арасында бейбітшілік орнатуға әбден болатынына қатты сенеді. Совет Одағының бейбітшілік саясаты халқымыздың түбірлі мүдделерінен туады. Совет адамдары бейбіт жасампаз еңбекпен шұғылдануда, олар өздерінің барлық күшін коммунизм орнату жолына жұмсауда. Сондықтан оларға соғыс емес, бейбітшілік қажет. Біздің елімізде, соғысты өздерінің түсіретін пайдасын көбейтудің және басқа халықтарды құлдыққа салудың құралы деп таныйтын қанаушылар да, монополиялар да жоқ. Экономиканың социалистік сипатының болуы себепті Совет мемлекетінде асыра өндірудің кризистері және олардың ілесіп қалмайтын серігі — жұмыссыздық жоқ және болуы мүмкін емес, ал капиталистік елдерде соғысты әзірлеу және бастау саясаты — кризистерді жеңудің құралы деп танылады.

Совет Одағы бейбітшілік үшін күресіп келеді. Біздің еліміздің халықтары басқа мемлекеттердің халықтарына үстемдік жүргізу мәселесін алға қоймайды және қоюы мүмкін емес, өйткені ССРО-ның басқа елдер-

мен қатнасы барлық ұлттардың тең праволылығының және олардың ерікті елдігін құрметтеудің лениндік-сталиндік принципіне негізделген.

Бейбітшілікті жақтаушылардың сан миллиондық қозғалысы қолдап отырған Совет мемлекетінің және социалистік лагерьдегі басқа елдердің бейбітшілік саясаты халықаралық оқиғалардың дамуының бүкіл барысына күшті әсер етіп отырады. Бейбітшіл халықтардың белсенді қыймылы арқасында Кореяда қантөгіс соғыс тоқтатылды, Индо-Қытайда бейбітшілік ісінің мерейі үстем болды. Көп жылдар бойына (Маньчжурияға қарсы жапон агрессиясы басталғаннан бері) алғаш рет жер жүзінде зенбірек даусы басылды. Біріккен Ұлттар ұйымы Ассамблеясының тоғызыншы сессиясында Совет Одағы делегациясының инициативасы бойынша, қарусыздану және атом қаруын қолдануға тыйым салу проблемасының тыңғылықты шешімін онан әрі іздеуге мүмкіндік беретін ұсыныстар қабылданды.

Екі системаның бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруі идеясының жақтаушылары барған сайын көбеюде. Қытай Халық Республикасы мен Индия арасындағы кәзіргі достық қатнастар мұны айқын дәлелдейді. Әртүрлі саяси системалы бұл екі мемлекет арасындағы қарым-қатнасты белгілейтін принциптер Қытай-Индия келісінде мына түрде белгіленді: 1) бір-бірінің территориялық тұтастығын және ерікті елдігін өзара құрметтеу; 2) өзара тиіспеу; 3) бір-бірінің ішкі істеріне араласпау; 4) теңдестік және өзара тиімділік; 5) бейбітшілікпен қатарласып өмір сүру. Бұл принциптерді Индонезияның, Бирманың үкіметтері де, барлық Азия елдерінің және басқа елдердің де демократияшыл күштері мақұлдады. Бұл принциптер баянды және ұзақ бейбітшілікті жақтаушылардың бәрін өзіне тартып біріктіретін күш болып табылады.

Империалистік мемлекеттердің билеп-төстеуші топтары екі системаның бейбітшілікпен қатарласып өмір сүру және ынтымақтасып іс істеу идеясына жаңа дүниежүзілік соғысты әзірлеу және ұйымдастыру саясатын қарсы қояды. Капитализм мен социализмнің бейбітшілікпен қатарласып өмір сүру мүмкіндігі туралы идея АҚШ-тың, Англияның, Францияның капиталистік монополияларының мүдделеріне тікелей қайшы келеді, өйткені финанс олигархиялары жаңа соғысты әзірлеуді және оны ұйымдастыруды неғұрлым көп пайда алудың құралы деп таныйды.

Социалистік лагерь елдерінде капиталистік тәртіпті қайта орнатып, бүкіл бейбітшіл адамзаттың тірегі — Советтік социалистік мемлекетті жоймақ болатын империалистер өздерінің бұл үмітін жаңа соғыспен байланысты етеді. Сондықтан да АҚШ-тың агрессияшыл топтары және олардың серіктері халықаралық жағдайдағы шиеленісті бәсеңдетуге мейлінше қарсылық көрсетеді, жанталаса қарулануды үдете түседі. ССРО-ның және халықтық демократия елдерінің айналасында соғыс базаларын жасайды, атом желігін қоздырады, бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің елдеріне қарсы бағытталған әртүрлі агрессиялық блоктар құрады. Европада олар Совет Одағына және халықтық демократия елдеріне қарсы агрессия әзірлігінің құралы болып табылатын Солтүстік Атлантика блогын құрды. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы соғыс одағы да Қытай Халық Республикасына және Азияның басқа бейбітшіл елдеріне қарсы сондай роль атқарады. Таяу Шығыста АҚШ Түркия мен Пакистанды соғыс одағының қызметіне жегіп, Таяу және Орта Шығыстың басқа елдерін осы одаққа қосылуға зорлап көндіру үшін барлық шараларды қолдануда.

Өткен жылғы декабрьдің бас кезінде АҚШ үкіметі Тайваньдағы чанкайшилік топпен «өзара қауіпсіздік туралы договор» дейтінді жасасты. Сонымен, континенттік Қытайға шабуыл жасау және Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын жаныштау үшін Қытайдың бұл ежелгі территориясын АҚШ-тың соғыс базасына айналдыру «заңға сыйғызылды».



АҚШ, Англия және Францияның агрессияшыл топтары жаңа дүние-жүзілік соғысты әзірлеу жоспарларында герман милитаризмін қайта туғызуға, неміс вермахтын қайта құруға ең маңызды орын береді. Олар герман милитаризмін — империалистік мемлекеттер блогының бейбітшілік, демократия және социализм лагеріне қарсы шабуыл жасаушы күші деп таныйды. Батыс Германияны милитарландыру, вермахты қайта құру жоспарлары «Европалық қорғаныс бірлестігі» дейтінді ұйымдастыру жобасында, ал Францияның Ұлттық жыйналысы оны қабылдамай тастағаннан кейін, Париж келісімдерінде неғұрлым айқын көрінді. Париж келісімдерінің әрбір статьясы, әрбір жолы империалистік лагерьдің билеп-төстеушілерінің қылмысшылдық ниеттерін дәлелдейді.

Империалистік жоспарларды жүзеге асыру халықтардың қуатты қарсылығына кездесуде. Төрт державаның сыртқы істер министрлерінің Берлиндегі кеңесінің өзінде Совет үкіметі ұсынған «Европадағы коллективтік қауіпсіздік туралы жалпыевропалық договор» жасау туралы ұсыныстар халықтарды күреске жұмылдыратын және ұйымдастыратын орасан зор күшке ие болды. «Жалпыевропалық договордың» негізіне, қоғамдық құрылысының қандай болуына қарамастан, барлық европалық мемлекеттердің коллективтік қауіпсіздік принципі, оған қатысушы барлық елдердің Европадағы қарулы агрессия қаупіне қарсы коллектив болып қыймыл жасау принципі алынды. Мұнымен бірге Совет Одағы герман проблемасының, сайып келгенде, біртұтас демократиялық бейбітшіл Германияны құруға жеткізетін шешімін ұсынды.

Халықтық демократия елдері, Герман Демократиялық Республикасы, капиталистік мемлекеттердің прогресшіл күштері Совет үкіметінің ұсыныстарын қызу қостап, бұл ұсыныстарды — бейбітшілікке жеткізетін бірден-бір жол деп таныйды.

Европаның бейбітшіл елдерінің Москвада, Қытай Халық Республикасы байқаушысының қатысуымен өткізілген кеңесі соғыстан кейінгі жылдардағы ең маңызды оқыйғалардың бірі болды. Европалық сегіз мемлекеттің: ССРО-ның, Поляк Халық Республикасының, Чехословакия республикасының, Герман Демократиялық Республикасының, Венгер Халық Республикасының, Румын Халық Республикасының, Болгар халық Республикасының және Албан Халық Республикасының өкілдері Европаның барлық халықтарын бейбітшілікке жеткізетін бірден-бір жол, мемлекеттердің жемісті ынтымақ жасауының бірден-бір шарты болып табылатын коллективтік қауіпсіздіктің тыңғылықты системасын жасауға шақырды. Мұнымен бірге бейбітшіл мемлекеттер соғыс өртін тұтандырушыларға, бейбітшіл демократия және социализм лагеріндегі елдер халықтарының бейбіт еңбегін бұзбақ болатын қандайда болсын әрекетке қыйрата тойтарыс берілетінін алдын ала ескертті.

Американ журналисті Ч. Э. Шаттың сұрақтарына қайтарған жауабында ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленов жолдас, кәзір барлық халықтар агрессияшыл топтардың қандайда болсын дұшпандық әрекеттеріне ерекше сақ болып, қырағы тұруға тиіс екенін атап айтты. Кәзір, бейбітшілікті және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделері үшін барлық елдер халықтарының күштерін біріктіруден асатын маңызды міндет жоқ.

Совет Одағы бейбітшілікпен қатарласып өмір сүру принциптерінің салтанат құруы жолындағы, баянды және ұзақ бейбітшілік орнату жолындағы күресті келешекте де жүргізе береді. Бейбітшілік мүдделерін қадірлейтіндердің бәрі бұл ұлы мақсатқа жету жолында біздің елімізді қуаттап қолдайды.

Жергілікті ресурстар толық пайдаланылсын

Т. ШӘУКЕНБАЕВ,

*Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының
председателі*

Коммунистік партияның және Совет үкіметінің басшылығымен біздің еліміз халық шаруашылығын өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын жүзеге асыруда зор табыстарға жетті. Бұл жоспарды орындау социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолындағы зор қадам болады.

Совет халқы партияның XIX съезінің тарихи қаулыларын, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь (1953 ж.), февраль-март және июнь (1954 ж.) Пленумдарының шешімдерін ойдағыдай жүзеге асыруда.

Еліміздің өндіргіш күштерін материалдық және рухани игіліктер молшылығын жасауға қажетті көлемде кеңінен өркендету коммунистік қоғамды ойдағыдай орнатудың шешуші шарты болып табылады. Мұнымен бірге, қалалар мен селолар халқының күнбе-күнгі қажеттерін өтеудің, еңбекшілерді оларға керекті товарлармен жабдықтаудың орасан мол резерві болып табылатын жергілікті ресурстарды пайдаланбайынша, өндіргіш күштерді жан-жақты, жарасымды және толық өркендету мүмкін емес екенін есте тұту қажет.

Құрылыс материалдары өндірісін ұлғайту үшін өзіміздегі орасан мол резервтерді пайдалану республикамыздың халық шаруашылығын онан әрі өркендетудің аса маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Үстіміздегі бесжылдықтың ішінде өнеркәсіпті, транспортты өркендетуге, елімізді электрлендіруге, ирригацияны өркендетуге, жаңа совхоздар құруға, мал қораларын, тұрғын үйлер, мәдениет-тұрмыс қажетін өтейтін орындар салуға көптеген күрделі қаржы жұмсалуда. Мұның бәрі құрылыс материалдары өндірісін мейлінше күшейтуді керек қылады, ал республикамызда өндірістің бұл саласы халық шаруашылығының барған сайын өсіп отырған керектерін өтей алмай, едәуір артта қалып келеді.

Құрылыс материалдары өнеркәсібі өзінің өндіріс көлемі жағынан өте шағын болуының үстіне, құрылыс материалдарының небәрі 11 түрін ғана шығарады: күйдірген кірпіш, шлакоблок, известь, алебастр, черепица, канализация трубалары, камышит, өңделген мрамор, толь және мүлде болмашы мөлшерде цемент және оның орнына қолданылатын кейбір материалдар шығарады. Құрылыс материалдары кәсіпорындарын салу жоспарлары үнемі орындалмай келеді, сол себепті өндірістік қуаттың арттырылуы қамтамасыз етілмейді. Мысалы, Састөбе известь заводын қайтадан салу жұмыстары әлі күнге аяқталған жоқ, ал онда 1952—1953 жылдардың өзінде қосымша шахта пештерді іске қосу көзделген еді. Ленгер керамика заводында канализация трубаларын кептіргіштер салу жұмыстары әлі аяқталмады. Сол заводта метлах плиткаларын жасайтын цех салуға әлі кірісілген жоқ. Ал, құрылыс материалдарының бұл көрсетілген түрлеріне мұқтаждық өте зор.

Республиканың Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігіне қараған заводтардың жұмысында, озат еңбек әдістерін және ғылыми-өндірістік табыстарды енгізу ісінде елеулі кемшіліктер бар екенін, мұның салдарынан ондағы мүмкіндіктер мен резервтердің толық пайдаланылмайтынын көрсету қажет.

Көп мысалдардан бір мысал келтірсейік. Алматының № 3 кірпіш заводында кірпіш күйдіруші атақты мастер, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Мукосов жолдас пештің кірпіш күйдіретін каналының әрбір текшеметр көлемінен айына орта есеппен 2440 кірпіш алады, ал республиканың Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігінің басқа кірпіш заводтарында әрбір текше метр көлемнен алынатын кірпіш мұның жартысына да жетпейді. Егер Мукосов жолдастың әдісі кірпіш заводтарының бәрінде қолданылса, кірпішті екі есе көп шығаруға болар еді.

Одақтық маңызы бар кірпіш заводтарының қуаты да толық пайдаланылмайды. Мәселен, мұндай заводтардың қатарындағы Шымкент, Ленгер, Петропавл, Ақмола кірпіш заводтарының өзін жыл бойына жұмыс істеуге көшіру бұл заводтарда кірпіш шығаруды екі есе көбейтуге мүмкіндік берер еді.

Кірпіштің сапасын жақсарту күресінде карьер шаруашылығын және шикізат шығару әдістерін тәртіптеудің зор маңызы бар. Солай бола тұрсада, тіпті алдыңғы қатарлы Алматы № 3 кірпіш заводының өзінде карьерлердің балшығы өскірген әдіспен шығарылады. Карьердің беткі өсімдік қабаты әдетте алынбайды, оны өндіріске жібереді, мұның өзі жабдықтың бұзылуына және шығарылатын өнім сапасының нашарлауына себеп болады.

Балшықты дайындаудың және сақтаудың кәзір республикада қолданылатын әдістері кірпіш заводтарын қысқы маусымда балшықпен үздіксіз жабдықтап отыруды қамтамасыз етпейді, мұның салдарынан кірпіш өндірісі едәуір қысқарып, оның сапасы нашарлайды және өзіндік құны артады. Механикаландырылған балшық қоймаларын жасаса, бұл кемшілікті жоюға болады. Сонда балшықтың бүкіл жыл бойына үнемі ылғалды болуы және минералогиялық құрамының біркелкі болуы қамтамасыз етіледі.

Кірпіш өндірісіндегі аса маңызды технологиялық жұмыс — кірпішті кептіру. Алайда көптеген кірпіш заводтарында кептіргіштер шаруашылығы нашар, кірпіш кептіру технологиясы орындалмайды: шикі кірпіш бір камераларда 35 сағат кептірілсе, басқаларында төрт тәулік және онанда ұзақ уақыт кептіріледі. Жұмыстың бірқалыпты және үздіксіз жүргізілуін қамтамасыз ететін сағаттық график көптеген кірпіш заводтарында кеңінен қолданылмайды.

Қазақстанның жергілікті өнеркәсіп және кәсіпшілік кооперациясы кәсіпорындарында да құрылыс материалдары өндірісі едәуір артта қалып келеді. Бесінші бесжылдықтың төрт жылы ішінде бұл кәсіпорындар республиканың халық шаруашылығы мен халқына 100 миллионнан астам кірпішті кем берді. Мұның негізгі себебі — кірпіш заводтарын, цехтарды, кептіргіш сарайларды салу жоспарларының қанағаттанғысыз орындалуында. Республиканың жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігі мен кәсіпшілік кооперациясы 1954 жылы 33 кірпіш заводын салып, пайдалануға тапсыруға тиіс еді, ал онан не бәрі 11 завод іске қосылды.

Сол сыяқты, республикада құрылыстың прогрестік индустриялық әдістерін кеңінен енгізуге керекті құрылыс материалдары өндірісінің де мүлде қанағаттанғысыз жүргізілетінін атап көрсету қажет. Бұл саладағы ең маңызды шаралардың бірі — ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің құрылысқа керекті темір-бетон құрама конструкциялар мен бөлшектер жасауды өркендету туралы қаулысын мезгілінде және толық орындау. Бұл қаулы бойынша, Қазақ ССР-інде таяудағы екі жылдың ішінде темір-бетон конструкциялар, бөлшектер, қуыс төсеніш материалдар жасайтын 29 завод, 3 цех және 37 полигондық алаң салынуға тиіс. Құрылыста темір-бетон конструкцияларды қолдану металл мен ағаш материалдарды көп үнемдеуді, сол сыяқты құрылыс объектілерінің ұзақ пайдаланылуын және отқа төзімді болуын қамтамасыз етеді.

Өндірісте темір-бетон конструкцияларды және басқа үнемді құрылыс бұйымдарын кеңінен қолдану республикада қуатты цемент өнеркәсібін құру міндетін алға қояды. Мұның үшін Қазақ ССР-ның көп облыстарында келешегі өте зор известняк кендері бар.

Республикада механикаландырылған ірі әйнек өнеркәсібін өркендетуге толық мүмкіндіктер бола тұрсада, бұған дейін әйнек өнеркәсібі құрылған жоқ. Ақтөбе, Көкшетау және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы кварц-құм шығатын орындар толық зерттеліп, пайдаланылуға жарамдылығы анықталды. Мұндай кварц-құм шығатын орындар темір жолдарға, отын базаларына және негізгі тұтынатын аудандарға жақын. Арал бойындағы орасан мол табиғи сілті шығатын орындар кәзіргі уақытта еліміздің көптеген әйнек заводтарын сульфатпен жабдықтап отырады.

Әйнек заводтарын салғанда көбікті әйнек цехтарын салуды көздеу қажет. Көбікті әйнек — өте жақсы құрылыс материалы. Ол жер қозғалатын өмірлер үшін ерекше бағалы, өйткені ол жеңіл, жеткілікті берік және көп ылғал тартпайды. Көбікті әйнекті жылылық сақтайтын материал ретінде ғана емес, қаптағыш материал ретінде де пайдалануға болады.

Қазақстанның жағдайында қамыстан құрылыс материалдарын жасауды ұйымдастыруға зор мүмкіндіктер бар. Республикада қамыс өсімдігі орасан көп, бүкіл елімізде өсетін қамыстың 70 процентіне жетеді. Қамыс шомдардан мал қораларын салуды ұсынған Іле қамыс брикеті комбинатының коллективі өте бағалы инициатива көрсетті. Қамыс жылылықты өте жақсы сақтайды және шірімейді. Бұл материалдан қора тез салынады, ал қораны шикі кірпіштен және тастан салғандағыдан оған қаржы әлде неше аз жұмсалады. Қамыстан өндірістік орындар ғана емес, тұрғын үйлер, мектептер, бала тәрбиелейтін орындар, ауруханалар салуға болады.

Республиканың халық шаруашылығына керекті құрылыс материалдары тек жоғарыда аталған материалдар ғана емес. Сол сыяқты, әсіресе селолық жерлердегі құрылыс үшін шифер, черепица жасауға толық көңіл бөлу қажет.

Республиканың ғылыми-зерттеу мекемелері құрылыс материалдары өнеркәсібін өркендетуге байланысты барлық шұғыл проблемалардың комплексті тексеріліп шешілуін қамтамасыз етуге, сол сыяқты ғылыми-өндірістік табыстардың тез енгізілуіне көмектесуге тиіс. 1954 жылдың аяғында Москвада өткізілген, құрылысшылардың Бүкілодақтық кеңесінің материалдары бұл бағыттағы жұмыстардың негізіне алынуға тиіс.

СОКП XIX съезі бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперацияның кәсіпорындары алдына зор мемлекеттік маңызы бар міндет қойды. Бұл кәсіпорындар бесжылдың ішінде өнеркәсіп өнімін шығаруды, шамамен айтқанда, 60 процент арттыруға, ең алдымен, халық тұтынатын товарлар, үй және шаруашылық қажетіне керекті заттар өндірісін ұлғайтуға міндетті. Алайда жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындарында халық тұтынатын товарлар өндірісінің дәрежесі халықтың өскен керектерін өтеуге тіпті де сай келмейді. Республикада жергілікті шикізаттан товарлар шығаратын бұрынғы кәсіпорындардың кеңейтілуі және жаңа кәсіпорындардың салынуы шабан, бұған бөлінген көп қаржы пайдаланылмайды.

Жергілікті ресурстардың көп болуына қарамастан, халыққа керекті товарлар, көбінесе қордан бөлінген шикізаттан жасалады. Шығыс Қазақстанды мысалға алайық. Мұндағы тау бөктерлерінде кедр және басқа бағалы ағаштар көп өседі, бұл ағаштарды пайдалану халық тұтынатын товарлар өндірісін мықтап ұлғайтуға мүмкіндік берер еді. Алайда бұл

облыстағы жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясының көптеген ағаш өңдеу кәсіпорындары мебельді, арбаларды, ағаш ыдыстарды жасауға керекті ағашты басқа республикалардан алдыруды артық көреді, мұның өзі темір жол транспорты тасымалының көбеюіне, өнімнің өзіндік құнының артуына себеп болады. Мұнымен қатар, көптеген өнеркәсіп комбинаттары мен артельдер карамай және смола айыруды толығынан дерлік тоқтатқанын айту қажет, ал соғысқа дейін смоладан бірінші сортты скипидар шығарылып келді.

Осы облыста, Тополев мүйісінен 20 километр жерде, күм және басқа қоспасы 0,15 проценттен аспайтын мол жоса бояу кені бар. Жергілікті халық жосаны қоспасынан тазартпайынша олифаға езіп, жақсы бояу жасайды. Ал облыстың тез өсіп келе жатқан орталығы — Өскеменнің, жұмысшы поселкаларының, колхоздардың құрылысшылары мен халқы, жергілікті және кооператив өнеркәсібі басшыларының икемсіздігінен, мындаған километр алыстан әкелінетін жоса бояуды амалсыз пайдаланады.

Шығыс Қазақстанда құмыра жасауға жарамды және отқа берік балшық, шым-тезек аз пайдаланылады. Облыста әртүрлі жидек, кедр жаңғақтары, әртүрлі атқұлақ көп өседі, бал көп болады, бірақ мұның бәрі өте аз пайдаланылады. Мәселен, жидектерді жыйнап өңдеу жұмысымен небәрі бір-екі артель шұғылданады.

Басқа облыстарда да жергілікті шикізат ресурстары нашар пайдаланылады. Мәселен, мұнан 10—15 жыл бұрын Жамбыл облысының кейбір аудандарында қызыл бұрыш өсірілетін. Аудандық өнеркәсіп комбинаттары оны дайындап, өндеп, бүкіл Орта Азияға дерлік таратып келді. Алайда соғыс алдында-ақ жергілікті өнеркәсіп орындары бұрыш өндеп шығаруды тоқтатты, сондықтан колхоздар бұрыш өсіруді қойды.

Тағыда бірнеше мысал. Талас Алатауы қойнауында арша ағашы өседі. Ол карандаш жасауға өте жақсы материал. Мұнда арша өсетін жердің көлемі 100 мың гектардан асады. Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданында да арша көп өседі. Оның үстіне бұл ауданда жер бетіне шығып жатқан өте жақсы графит кені бар. Сонымен, Қазақстанда карандаш жасауды ұйымдастыруға некеректің бәрі даяр. Тек жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясы қызметкерлерінің тиісті инициатива көрсетуі қажет.

Сол Бостандық ауданында жаңғақ ағашы көп өседі. Орманды күтіп ұстау үшін жыл сайын едәуір жаңғақ ағашы кесіледі, бірақ Ходжикент аудандық өнеркәсіп комбинаты, неге екені белгісіз, жаңғақ ағашынан мебель жасауды ұйымдастыра алмай келеді.

Бостандық ауданының халқы жыл сайын таудағы орманнан жүздеген тонна жабайы алма жыйнайды. Жергілікті халық мейіз және алша косып, бұл жабайы алмадан жақсы компоттық құрғақ жеміс әзірлейді. Бірақ жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясының қызметкерлері шикізаттың бұл түріне де назар аудармайды.

Қазақстанның көп аудандарында талғаусыз бұта тал өседі. Оның жіңішке және майысқақ бұтақтарынан мебель, корзина, тарантас қораптарын және басқа сондай бұйымдар жасауға болады. Бірақ талдың бұтақтарынан жасалған мебельді және басқа бұйымдарды магазиндерде тіпті сирек кездестіресің. Жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясы мұндай заттарды жасамайды.

Қазақстанның жергілікті өнеркәсібі мен кәсіпшілік кооперациясы кір ілгіш, киім ілгектері, тоқу сымдары, кнопка, маржан түймелер сыяқты карапайым, бірақ қажетті заттарды жасауға бар шикізат ресурстарын мүлде жеткіліксіз пайдаланады. Жасауы оңай бұл заттар Қазақстанға еліміздің түрлі түкпірлерінен әкелінеді.

Жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясы шығаратын бүкіл

өнім ішінде жергілікті шикізаттан жасалатын өнімнің алатын орны небәрі 30 процент шамасы. Қазақстанның бөлшек сауда айналымында жергілікті бұйымдар небәрі 7,4 процент орын алады.

Жергілікті шикізатты халық тұтынатын товарлар жасау қажетіне неғұрлым толық пайдаланып, жоспардың бүкіл ассортимент бойынша орындалуын камтамасыз етумен қатар, бұйымдардың сапасын жақсарту жолындағы күресті батыл күшейту керек, өйткені жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындары әлі көбінесе көптеген техникалық шарттарды және стандартты бұзып өнім шығарады. Жергілікті өнеркәсіптің және кәсіпшілік кооперацияның өнімі сапасы жағынан, одақтық және республикалық кәсіпорындар шығаратын өнімнен тіпті де кем түспейтін болу керек.

Жабайы өсімдіктердің бірсыпыра бағалы түрлері халық шаруашылығының бұған дейін аз пайдаланылып келген ресурстарының санына қосылады. Жоғарыда айтылған жабайы алмадан, әртүрлі жидектерден және аққұлақтардан тыс, тері илеуге қолданылатын жабайы өсімдіктер, дәрілі өсімдіктер, медицинада кеңінен қолданылатын әртүрлі дәрі-дәрмектер жасалатын шөптер, сол сыяқты өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында пайдаланылатын Каспи теңізінің балдыр шөптері ерекше көңіл бөлуді керек қылады.

Жабайы илеу өсімдіктерден былғары, фармацевт өнеркәсібінде және өндірістің басқа салаларында қолданылатын таннид алынатыны мәлім. Таннид көп шығатын илеу өсімдіктері қатарында қымыздық, рауғаш, атқұлақ, шүкір, таран, томардәрі ерекше орын алады; бұлар республикамыздың оңтүстік және батыс облыстарында өседі.

Республиканың ғылыми-зерттеу мекемелері және Қазақ ССР Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсібі министрлігі осы жабайы илеу өсімдіктерді тыңғылықты пайдалану, оларды қолдан өсірудің тәжірибе жұмыстарын кеңінен жүргізу мәселелерімен шындап шұғылдануға тиіс.

Қазақстанға қараған жерде көптеген дәрілік өсімдіктер өседі. Оңтүстік Қазақстан, Гурьев және Батыс Қазақстан облыстарында өсетін анабазис осындай өсімдіктердің санына қосылады. Анабазистен алынған анабазин деген затты химиялық зерттеу оның никотин аналогы екенін дәлелдеді, ал бұл ауылшаруашылық өсімдіктеріне зиянды жәндіктерді жоюдың сенімді құралы ретінде қолданылады.

1929 жылы Қазақстан территориясында эфедрин деген бағалы дәрілік зат табылды. Бұрын бұл препарат бізге Германиядан әкелінетін. Кәзір жергілікті шикізат негізінде эфедрин бізде, өзіміздің керегімізді толық қанағаттандырып қана қоймай, оның үстіне басқа елдерді де жабдықтайтындай мөлшерде шығарылады. Қара құмда черкез деген бұта өседі. Гипертония ауруын емдеу үшін ол бағалы өсімдік.

Республикамызда бағалы дәрілік өсімдіктердің қаншама көп екенін осы мысалдардан көруге болады. Алайда бұл өсімдіктер аз дайындалады, сол себепті дәрілік өсімдіктердің көптеген түрлері басқа республикалардан әкелінеді. Мысалы, Молдаван ССР біздің республикамызға шалфей, Москваның дәрілік өсімдіктерді әндейтін заводы қайың бүршіктерін, малина жидектерін, кептірген қарақат және басқа сондай дәрілік өсімдіктерді жібереді.

Өндірістің қалдықтары да аса маңызды жергілікті ресурстардың санына қосылады. Бұл қалдықтарды сол өндіріс саласында немесе халық шаруашылығының басқа салаларында қайтадан пайдалануға болады. Бұлар әдетте негізгі және көмекші материалдар жасауға, өнімнің жаңа түрлерін шығаруға, жасалатын бұйымдардың сапасын жақсартуға және басқа сондай қажетке пайдаланылады.

Мәселен, Текелі байыту фабрикасында өндірістің қалдықтары, «ұшық» дейтіні далаға тасталады. Ал іс жүзінде бұл қалдықтардан пириттік концентраттар жасауға болады. Бұл концентраттар суперфосфат заводтарына өте қажет. Кәзіргі уақытта пириттік концентраттар, мәселен, Жамбыл суперфосфат заводына еліміздің басқа кәсіпорындарынан әкелінеді.

Көптеген министрліктер және республикалық кәсіпорындардың басшылары, одақтық министрліктер мен ұйымдардың қарамағындағы сала-лық ғылыми-зерттеу институттарымен жоспарлы байланыс жасап отырмай-тыны себепті, маңызды ғылыми жетілдірулер бізде аса кеш енгізіледі немесе мүлдем енгізілмейді.

Мәселен, Украинаның тамақ өнеркәсібінің ғылыми-зерттеу институты шикізаттың қалдық түрлерін неғұрлым нәтижелі пайдалануға байланысты бірсыпыра бағалы ғылыми табыстарды ашып, оларды Украин ССР-ның кәсіпорындарында енгізуге көмектесті. Институттың қызметкерлері конфетті сылап қатыруға және шоколад жасауға керекті қымбатты какао майы орнына ішінара өсімдік майлары заводтарының қалдықтарынан шығарылатын фосфатид концентраттарын пайдалануды ұсынды. Сол институт ерекше әдіспен өңделген сыра ашытқысы тұнбасынан айрылатын инвертин деген ферментті препаратты жасап, оны кондитер өндірісінде қолдану жөнінде зерттеулер жүргізді. Қазақстанда өсімдік майлары, кондитер және сыра өндірісі кеңінен өркендеулі. Алайда өнеркәсіптің бұл салаларында шикізат қалдықтарының бұл түрлері тыңғылықты пайдаланылмайды.

Өнеркәсіптің басқа салаларында да өндірістің қалдықтарын пайдалану ісінде елеулі кемшіліктер бар. Мәселен, Қазақ ССР Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындары тоқыма, былғары және басқа қалдықтарды өндірісте пайдалануды жақсарту ісімен әлі күнге шұғылданбайды. Қант, спирт-арақ және сыра заводтары колхоздарға қызылша жомын, спирт бардасын, сыра ашытқысын сатуды жеткілікті ұйымдастырмайды, мұның зардабынан жоғары калориялы азықтар көп уақытта орынсыз пайдаланылады. Республиканың ет комбинаттары өндіріс қалдықтарының сүйек ұнын жасауға толық пайдалануды қамтамасыз етпейді.

Балық қалдықтарын жыйнап пайдаланудың қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы себепті, балық комбинаттары мен балық заводтары техникалық май шығару жоспарларын үнемі орындамай келеді және мал-азықтық ұн шығаруға әлі күнге кіріскен жоқ. Шығыс Қазақстан балық тресіне караған Тополев-мыс балық заводында балық қалдықтарының бәрі далаға тасталады. Мемлекеттік балық трестері шошқа семіртуге жарамды майда балықты аулаумен шұғылданбайды.

Жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясы одақтық және одақтық-республикалық өнеркәсіп орындарының қалдықтарын пайдалануға жеткілікті көңіл бөлмейді. Мәселен, кәсіпшілік кооперациясы Теміртау металлургия заводының мол қалдықтарын пайдалану міндетін осы уақытқа дейін орындай алмай келеді. Ал дұрысында, бұл қалдықтардан мырышталған және басқа ыдыстар, төбе жабатын материалдар, металл ойыншықтар, ұсақ металл бұйымдар және басқа заттар жасап шығаратын шағын метал-прокат заводу салу үшін оншама көп қаржы мен уақыттың қажеті жоқ. Бұған жұмсалған қаржы аз уақыттың ішінде артығымен өтеледі.

Қазақстанда мұнай өнеркәсібінің қалдықтары ауыл шаруашылығының қажетіне мүлде пайдаланылмайды деуге болады. Ал туысқан республикалардың мұнайлы аудандарында бұл қалдықтар тыңайтқыш ретінде кеңінен қолданылады. Бұл бағалы тәжірибені зерттеп, мұнай

қалдықтарының, ең алдымен, республиканың батыс облыстарының ауыл шаруашылығында пайдаланылуын қамтамасыз ету керек.

Социалистік өндіріс — дүние жүзіндегі ең рационалды өндіріс. Өндірісті үздіксіз жетілдіріп, ішкі резервтерді мейлінше сарқа пайдалануға біздің өнеркәсібіміздің барлық мүмкіндіктері бар. СОКП Орталық Комитетінің жұмысы туралы партияның XIX съезінде жасаған есепті баяндамасында Г. М. Маленков жолдас былай деп көрсетті: «Біздің шаруашылық кадрларымыз социалистік шаруашылықты басқару әдістеріне мейлінше жетілуге тиіс, олар өздерінің техникалық және экономикалық әзірлік дәрежесін арттырып отыруға, өндіріс әдістерін үнемі жақсартуға, халық шаруашылығындағы ашылмай жатқан мол қорларды іздеп табуға, пайдалануға міндетті».

Жергілікті шикізат ресурстарын пайдалануды жақсарту мемлекеттік маңызы зор іс. Бұл істі ойдағыдай орындау халық тұтынатын товарлар өндірісін ұлғайтуға жағдай туғызып, республикамыздың экономикасын онан сайын нығайтады.

Село комсомол ұйымдарында саяси және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін арттыра берейік

С. КЕНЖЕБАЕВ,

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары

Ленин комсомолы бүкіл мемлекеттік, шаруашылық және мәдениет құрылысында, жастарға коммунистік тәрбие беруде партияның белсенді көмекшісі болып саналады. Комсомолецтер мен жастар ауыл шаруашылығындағы және өнеркәсіптегі өздерінің қажырлы еңбегімен Отанымыздың байлығын молайтуда, Коммунистік партия совет халқының алдына қойған практикалық міндеттерді жүзеге асыру жолында күресуде.

Жас патриоттар партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөніндегі шақыруына қызу үн қосты. Партияның миллиондаған гектар жана жерлерді игеру жөніндегі шақыруы бойынша он мыңдаған жігіттер мен қыздар колхоздарға, совхоздарға және машина-трактор станцияларына жұмысқа келді.

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл көтеру жөніндегі бүкілхалықтық күреске Қазақстан комсомол ұйымдары белсене қатнасауда. Комсомолецтер жоғары еңбек өнімділігінің үлгісін көрсетуде, өнертапқыштық ынта-жігермен жастарды өз соңынан ертуде.

Партияның шақыруы бойынша мыңдаған комсомолецтер тың жер меңгеруге өздері талаптанып келді. Олардың келуіне байланысты республиканың МТС-тері мен совхоздарында шаруашылық міндеттерін шешуге іс жүзінде көмектесуге қабілетті ірі комсомол ұйымдары құрылды. Мәселен, Қостанай облысы Пресногор МТС-нің комсомол ұйымында партия Орталық Комитетінің сентябрь Пленумына дейін небәрі 14 комсомolec бар еді, кәзір бұл ұйымда 200-дей комсомolec бар. Олардың ішінде МТС-тің бас агрономы және бас инженері, ауыл шаруашылығының көптеген мамандары бар.

Шаруашылық міндеттерді ойдағыдай шешуге және барлық ауыл-шаруашылық жұмыстарын жүргізуге жастардың социалистік жарысы көп жағынан әсер етті. Үш мыңнан астам комсомол-жастар трактор бригадалары Бүкілодақтық социалистік жарысқа қосылды.

Көптеген комсомол-жастар бригадалары жарыста жоғары көрсеткіштерге жетті, ондаған тонна жанар май және жағар май үнемдеді. Озаттардың қатарында Қостанай облысы, Жаркөл МТС-індегі Иван Рудскийдің комсомол-жастар трактор бригадасы бар, ол бригада трактор жұмыстарының жоспарын 191 процент орындап, 15 тоннадан астам жағар май үнемдеді. Солтүстік Қазақстан облысы «Интернациональный» совхозындағы Николай Шатовтың комсомол-жастар бригадасы тың көтерудің жоспарын 204 процент орындады. Сол сияқты, Көкшетау облысы, Чернигов астық совхозының жас механизаторлары да жұмыста жоғарғы көрсеткіштерге ие болды.

БЛКЖО Орталық Комитеті мен ССРО Ауылшаруашылық Министрлігі республиканың МТС-тарының жыйырма комсомол-жастар трактор бригадаларын Бүкілодақтық социалистік жарыста бәйге алуға кандидат етіп бекітті. Олардың ішінде Ақмола облысы Қазгосцин МТС-дағы Ф. Челомбитконың бригадасы, Павлодар облысы, Чигиринов МТС-дағы Загнойко жолдастың бригадасы, Талдықорған облысы, Үштөбе МТС-дағы

Ф. Лидің бригадасы және басқалар бар. Көптеген жас механизаторлар БЛКЖО Орталық Комитетінің «Жаңа жерлерді игергені үшін» значектерімен наградталды.

Көктемгі егіс жұмыстарының табысты өткізілуі, оған мұқият әзірлік жасауға, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді өз уақытында жоғары сапалы етіп аяқтауға, қысқы агротехникалық шараларды жүргізуге байланысты екені белгілі. Комсомол ұйымдары міне осыны есте сақтай отырып, тракторларды, комбайндарды және басқа ауылшаруашылық машиналарын тезірек және жоғары сапалы етіп жөндеуді аяқтау жөніндегі жарысқа белсенділікпен қосылды. Алматы облысы, Іле машина-трактор станциясының комсомолецтері бұл жөнінде бағалы инициатива көрсетті. Олар тракторларды және тіркеу саймандарын мерзімінен бұрын — 10 февральға аяқтау жөнінде МТС-қа практикалық көмек көрсетуді ұйғарды. Әрбір комсомолец және жас механизатор күнсайын жөндеу жөніндегі тапсырмаларды кемінде 150 процент етіп орындауға міндеттеме алды. Мұнымен қатар жөндеу жұмыстарының өзіндік құнын 5 процент кеміту белгіленді. Қазақстан КІІ Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советінің ауылшаруашылық саймандарын жөндеуді жоғары сапалы етіп, мерзімінде аяқтау және көктемгі егіс жұмыстарына толық әзірлік жасау жөніндегі шақыруына жас механизаторлар іспен жауап беруде.

Комсомол ұйымдары мал қыстауды үлгілі өткізуді қамтамасыз ету жөнінде көп жұмыстар жүргізуге тиісті. Бірақ, мал қыстатудың алғашқы айларының көрсеткеніндей, комсомолдың көптеген облыстық комитеттері мен аудандық комитеттері бұл аса маңызды мемлекеттік іске тиісінше көңіл бөлмейді. Бірқатар облыстарда, мысалы, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Семей, Қызылорда облыстарында мал жеткілікті мөлшерде жемшөппен және суатпен қамтамасыз етілмеген. Көптеген колхоздар мен совхоздарда мал қораларын салу жұмысы тоқтап қалды.

Комсомол ұйымдары колхоздар мен совхоздарға мал қыстатуды табысты өткізуде белсенді көмек көрсетуге міндетті. Алыстағы мал фермалары мен жайлымдарда жемшөптің жұмсалыуына бақылау жасау үшін комсомол бақылау постыларын қою және мал шаруашылығы кадрларын жастардың есебінен толықтыру керек. Егер мәселе қоғамдық мал басын сақтау туралы қойылып отырса, бірде-бір комсомолец бұған қатнаспай қала алмайды.

Көктемгі егіс жұмыстарына толық даярлық жасаудың аса маңызды шарты селоба өнеркәсіп орындарының коллективтері тарапынан шефтік көмек ұйымдастыру болып есептеледі. Республикамыздың комсомол ұйымдары бұл іске белсене қатнасауда. Олар МТС-тар мен совхоздардың трактор бригадаларының слесарлық аспаптармен және құрылыс аспаптарымен қамтамасыз етілуіне қамқорлық жасайды, колхоздарға, совхоздарға, МТС-тарға және ММШС-терге маман техникалық кадрлар жібереді, ауыл шаруашылығының заказдарының орындалуын жылдамдатады, көпшілік-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын жолға қоюға көмектеседі.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің жақында болып өткен үшінші пленумы өнеркәсіп орындары мен теміржол транспорты комсомол ұйымдарын 1955 жылғы көктемге дейін МТС-тер мен совхоздар үшін 5 мың комплекті құрылыс аспаптарын, шифр өндіру үшін 1000 станоктар даярлауға міндеттеді. Бұдан басқа еңбек резервтері системасының мектептері мен училищелерінің комсомол ұйымдары 500 комплекті аспаптар даярлайды.

Өткен жылдың соңында Алматы вагон жөндеу депосының коллективі жауапты тапсырма алды — олар 1955 жылдың 1 январына дейін тың және тынайған жерлердегі механизаторлардың тұруы үшін 35 вагонды қайта жөндеуге тиіс болды. Вагон жөндеуші комсомолецтер бұл

жұмысты мерзімінен 15 күн бұрын аяқтауға және үнемделген қаржы мен материалдардың есебінен қосымша бір вагон құрастыруға ұйғарды. Сонымен бірге ол вагондарды өз күштерімен кәріктендіруді және әрбір үшінші вагонды шағын кітапханамен жабдықтауды ұйғарды. Комсомол-ецтер алған міндеттемесін мерзімінен бұрын орындады.

Жамбыл станциясы вагон депосының комсомолецтері мен жастары да механизаторлардың тұруы үшін вагондарды қайта жөндеу жұмыстарын белгіленген мерзімінен бұрын орындады. Луговой ауданында жана ұйымдасып жатқан «Подгорный» совхозына арналған егіс басына қоятын 10 вагонның бәрі кітаптармен, спорт аспаптарымен, музыкалық аспаптарымен жабдықталды.

Жана совхоздар мен МТС-тардың комсомол ұйымдары тұрғын үй, тұрмыс және өндіріс үйлерін салу құрылысына белсене қатнасуда. Көптеген совхоздар мен МТС-тарда жастардан құрылыс бригадалары ұйымдастырылған. Ақмола облысы, «Изобильный» және «Свободный» совхоздарының, Көкшетау облысы, «Целинный» және «Нежинский», Қостанай облысы «Өрнек» және «Орджоникидзе» совхоздарының, бірсыпыра басқа совхоздардың комсомол ұйымдары құрылыс жұмыстарын жүргізуге жақсы көмектесті.

«Өрнек» совхозында комсомолецтер мен жастардың тең жартысы құрылыс жұмыстарында істеді. Совхозда құрылысты кірпішпен қамтамасыз ету жөнінде қыйын жағдай туған кезде комсомол комитеті кірпіш дайындау бригадасын құруға ұйғарды. Ол бригаданы комсомол комитетінің секретары Виктор Фомичев басқарды. 3,5 ай ішінде бригада 1 миллион данадай кірпіш дайындады. Комсомол комитетінің ұйымдастыруымен жастар тұрғын үйлердің, клубтардың құрылысына, құрылыс материалдарын тасу және даярлау жұмыстарына 15 реттен астам жаппай көмекке барды. Совхозда жастардың белсене қатнасуымен 13 төрт квартирлі және 100 шамалы жеке тұрғын үйлер, мектеп, аурухана, жастардың жатақханасы, асхана, монша, механикалық мастерской салынды.

Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру елімізде астық өндірісін молайту жөніндегі зор жалпы мемлекеттік шаралардың бастамасы болып есептеледі. Жанадан миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерді онан әрі игере беру жөніндегі партия мен үкімет қойған міндеттерді еліміздің жастары қызу қарсы алды. Партия мен үкіметтің шақыруы бойынша кәзір Қазақстанға мындаған жас совет патриоттары келе жатыр.

Республикамыздың комсомол ұйымдары жана қоныстанушыларды орналастыру ісіне қызу араласып, оларға барынша көмек көрсетуге тиісті. Комсомол ұйымдары совхоздардың басшылығымен бірлесіп, келіп жатқан жастарды қарсы алу үшін оперативті группалар ұйымдастыруы керек, жастардың барлық жерде әкелік қамқорлық пен жолдастық сезім сезінетіндей етіп, темір жол станцияларында асханалардың, моншалардың, медицина пункттерінің тұрақты жұмыс істеуіне қамқорлық жасауға тиіс.

Жана қоныстанушылардың тұрмысына, олардың еңбекке орналасуына қамқорлық жасау барлық комсомол комитеттері қызметінің басты буынына айналуға тиісті. Бірінші күннен бастап, жана совхоздарда жастарды өз соңынан ерте алатын мықты комсомол ұйымдары құрылуына қамқорлық жасау керек. Жеке облыстық және аудандық комсомол комитеттерінің жана совхоздарда комсомол ұйымдарын құруда шабандыққа жол бергені және мұның жастардың арасында тәрбие жұмысын жүргізуге зиянды ықпалын тигізгені өткен жылдың тәжірибесінен белгілі. Жана ұйымдастырылатын совхоздарда жастар мен комсомолецтер арасындағы саяси және ұйымдастыру жұмыстарымен комсомолдың облыс-

тық, аудандық комитеттерінің секретарьлары мен бюро мүшелерінің өздері шұғылдануға тиіс.

Комсомол ұйымдары өз жұмыстарының формалары мен әдістерін үнемі жетілдіріп отырған жағдайда ғана олардың алдына қойылған міндеттерді толық орындай алады. Басшылықтың кенесшілік әдісін батыл жойып, шаруашылық мәселелеріне, жастарды ұйымдастыруға, тәрбиелеуге көбірек көңіл бөлу керек. Комсомол ұйымдарының назары адамдарға — комсомолецтер мен жастарға, олардың еңбегіне, тұрмысына, білім алуына, олардың үнемі өсіп отыратын талап-тілектеріне баса аударылуға тиісті. Сондықтан комсомол басшылары жастар бұқарасымен байланысын кеңейте және нығайта беруі керек, олар жастардың жұмыс істейтін және тұратын, демалыс уақытын өткізетін жерлерінде болуға тиіс.

Селолық жерлердегі аудандық партия комитеттерінің жұмысын қайта құруға байланысты аудандық комсомол ұйымдарының жұмыстары да көп жақсарды. Көптеген аудандық партия комитетінің секретарьлары комсомол ұйымдарына тиісті көмек көрсетіп, оларға жастардың күш-жігерін қалай және қандай мәселеге бағыттап отыру керек екені туралы кеңес беріп отырады. Бұл жөнінде Ақтөбе облысы, Мартүк аудандық партия комитетінің жұмыс тәжірибесі (секретары Хвостов жолдас) үлгі боларлық. Партияның аудандық комитеті жастардың күш-жігерін нақтылы міндеттерді шешуге бағыттап отырады. МТС-та құрылған комсомол-жастардың трактор бригадалары партия ұйымдарының тыңғылықты көмегі және қамқорлығы арқасында жұмыс жоспарларын толық орындап шықты. Аудандық партия комитетінің бюросында комсомол жұмыстарының мәселелері, партия ұйымдары секретарьларының есептері үнемі тындалып отырады. Аудандық комитеттің бюро мүшелері аудандық комсомол ұйымына мәдени-тәрбие жұмыстарын жақсартуға және жастардың мәдениетті демалысын ұйымдастыруға практикалық көмек көрсетті.

Өткен жылы комсомолдың аудандық комитеттерінің жаңа структурасы енгізілді. Аудандық комсомол комитетінің МТС зоналары бойынша нұсқаушылары тағайындалды. Қазір Қазақстан ЛКЖО аудандық комитеттерінің МТС зоналарында 398 нұсқаушылары жұмыс істейді. Олардың 247-нің жоғары және орта білімдері бар. Міне осының бәрі комсомол ұйымдарының көпшілік-саяси және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін едәуір көтеруге, аудандық комитеттің басшылығын жастар бұқарасына жақындатуға, көптеген комсомол ұйымдарының жұмысында әлі де орын алып келе жатқан кемшіліктерді жоюға едәуір дәрежеде көмектеседі.

Алматы, Көкшетау, Оңтүстік Қазақстан облыстарында жастар арасында саяси және ұйымдастыру жұмыстары нашар жүргізіледі. Комсомол комитеттері жас жұмысшылардың өндірістік тұрмысына терең араласпайды, кейбір селолық комсомол ұйымдарында еңбек тәртібін бұзушыларға тиісті соққы берілмейді, техникаға адал карамау фактілеріне немқұрайды қарайды. Мұнда жастар арасында қалыпты тұрмысты насихаттау тиісінше өрістетілмеген, дінге қарсы насихат нашар жүргізіледі.

Мәдени-ағарту мекемелері көпшілік-саясат жұмысын жүргізуде зор роль атқарады. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы: деревняда клубтардың және кітапханалардың қызметін жандандыру, лекциялық насихатты жақсарту, үнемі кинофильмдер көрсетіп тұру, селоларды радиоландыруды кеңейту, радио хабарларының сапасын жақсарту керектігін атап көрсетті. Соңғы кездерде мәдени-ағарту мекемелері өз жұмыстарын біраз жақсартты. Республикамызда жаңа клубтар, мәдениет үйлері, кітапханалар және тағы басқалардың құрылысы өрістетілді.

Қостанай облысы Таран ауданының комсомолецтері мен жастары жақсы инициатива көрсетті. Олар мәдениет орталықтарын жөндеуге және жаңа мәдениет орындарын салуға белсене қатнасуда. Комсомол-

дың Таран аудандық комитеті мәдени-ағарту мекемелерін қысқа даярлау жөнінде айлық өткізді.

Тарандықтардың үлгісі бойынша, Семей облысы, Бородулихин ауданы «Заветы Ильича» колхозының жастары да колхоз мәдениет үйін салуды ұйғарды. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы «III Интернационал» ауылшаруашылық артелінің комсомолецтер мен жастары 350 орны бар жақсы клуб салды.

Селолық мәдени-ағарту мекемелеріне МТС-тер мен өнеркәсіп орындарының комсомол ұйымдары үлкен көмек көрсетуде. Өскемен мырш комбинатының комсомол ұйымы Ұлан ауданының Сталин атындағы колхозын шефтік көмекке алды. Олар колхозға клубты жөндеуге көмектесті, колхоз кітапханасын саяси және көркем әдебиеттермен жабдықтады.

Сол сыяқты, Ақмола облысы, Қосбармақ МТС-ның комсомол ұйымының жұмыс тәжірибесі көңіл аударарлық. Комсомол ұйымы комсомол жыйналысын шақырып, оған МТС зонасындағы кейбір колхоздардың комсомолецтері шақырылды. Жыйналыс колхоздардың және МТС-тің комсомол ұйымдарының біріккен күшімен МТС жұмысшыларына және колхозшыларға мәдени қызмет көрсету жөнінде шараларды жүзеге асыруды ұйғарды. МТС пен колхоздың комсомолецтері Карл Маркс атындағы колхоздың клубын жөндеді. Комсомол ұйымының ойластырылған және жақсы ұйымдастырылған мәдениет-көпшілік жұмысы жастардың белсенділігін арттыруға едәуір жағдай жасады.

Республиканың алдында тұрған практикалық міндеттерді шешудегі комсомол ұйымдарының ролін онан әрі арттыра беру — жастардың арасындағы идеялық тәрбие жұмысын жақсартумен тығыз байланысты. Комсомолецтер мен жастар маркстік-лениндік теорияны оқып үйренуге ынталы. Бұл жөнінде лекциялық насихат маңызды роль атқарады. Жастарға арнап, СОКП-ның басшылық және бағыт берушілік ролі туралы, социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі дамыту туралы, коммунистік тәрбие туралы, Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінің гүлдеп өсуі туралы және т. б. тақырыптарда лекциялар мен баяндамалар ұйымдастырылуда.

Жастар арасындағы лекциялық насихатты жақсарту жөнінде республика комсомол ұйымдарының мол мүмкіндіктері бар. Көптеген облыстық комсомол комитеттері лекциялық бюролармен, саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының бөлімшелерімен бірлесе отырып, жана астық совхоздарында лекторилар құруда. Тек Қостанай облысының бір өзінде ғана 75 тұрақты селолық лекторилар ұйымдастырылды.

Өткен жылғы октябрьде Қазақ ССР Мәдениет Министрлігі, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті және Республикалық Саяси және Ғылыми білімдер тарату қоғамы кеңес өткізді. Бұл кеңесте селолық жерлердегі лекциялық насихаттың жәйі және оны жақсартудың шаралары туралы мәселе қаралды. Кеңес лекциялық насихаттың дәрежесінің өскенін және осымен бірге бұл істегі әлі бар елеулі кемшіліктерді атап көрсетті. Көптеген комсомол ұйымдары жастарға арналған лекцияны маман лекторлардың оқуына қамқорлық жасамайды. Республика комсомол ұйымдарында жоғары білімі бар жастар көп. Бірақ олардың тек аздандары ғана жастардың арасында лекциялар мен баяндамалар жасайды.

Комсомол ұйымдарында ауылшаруашылық білімдерін насихаттау нашар жолға қойылған. Комсомолдың көптеген облыстық комитеттерінің ауылшаруашылық насихаты секциялары жұмыс істемейді. Мысалы, комсомолдың Ақмола облыстық комитетінің ауылшаруашылық насихаты секциясында 5 адам бар, ал онда бір ғана штаттан тыс лектор лекция оқыйды.

Облыстық комсомол комитеттерінің көптеген лекторлар топтарының жұмысы нашар жолға қойылған. Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан,

Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және басқа облыстарда жастарды материалистік көзқарасқа тәрбиелейтін жаратылыс тану-ғылыми тақырыпты лекциялар өте сирек оқылды.

Совет жастары социалистік идеология толық үстем болып отырған қоғамдық құрылыс жағдайында өмір сүреді, оқиды және жұмыс істейді. Бірақ бұл жастардың арасына аздырушы пиғылдардың, ескінің әртүрлі сарқыншақтарының таралуын мүлде жоймайды.

Бірсыпыра облыстарда, мысалы, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында осы күнге дейін жастар мен комсомолецтердің діни салттарды ұстау фактілері орын алып келеді. Діни мереке күндері Шығыс Қазақстан облысы Верхубинск ауданының «Гигант», Калинин атындағы колхоздарында колхозшылардың 30 процентіне дейін жұмысқа шықпай қалады, олардың ішінде көптеген жастар бар. Қаңырап тұрған, көбінесе суық клубтан айналысарға ешнәрсе таппаған соң жастар «кештерге» жыйналып, уақыт өткізеді.

Селолық жерлердегі комсомол ұйымдары жастарды діннің әсерінен нашар қорғайды, жекелеген дінге сенетін ата-аналар жастардың комсомолға өтуіне кедергі жасайды.

Міне осы фактінің бәрі лекциялық, әсіресе дінге қарсы насихатты барынша күшейту керек екенін көрсетеді. Комсомол ұйымдарындағы бүкіл идеялық-тәрбие жұмысын едәуір қызғылықты және мазмұнды ету, жастардың саяси және жалпы білімдерге ынтасын дамытып қолдап отыру керек, оларға демалысын мәдениетті етіп дұрыс ұйымдастыруға көмектесу қажет.

Соңғы кезде республиканың комсомол ұйымдары көркем-өнерді дамытуға көп көңіл бөле бастады. Өткен жылдың аяқ кезінде Қостанайда селолық көркем-өнершілердің облыстық байқауы өткізілді, оған 17 ауданның көркем-өнер коллективтері қатнасты. Сол сыяқты көркем-өнершілердің байқауы Ақмола облысының барлық аудандарында өткізілді. Батыс Қазақстан облысында көркем-өнершілердің байқауына 2 мыңнан астам орындаушылар қатнасты.

Селолық мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің қатарында комсомолецтердің саны жылдан-жылға өсуде. Клубтардың, кітапханалардың, оқу залдарының қызметкерлер кадрларын нығайту үшін комсомол комитеттері оларға 700-ден астам комсомолецтер жіберді, бұлардың ішінде 10 класты бітіргендер аз емес. Қазір комсомолдың облыстық комитеттері облыстық Мәдениет басқармасымен бірігіп селоға жұмысқа комсомол кадрларын іріктеп алып, жіберу жұмыстарымен шұғылданауда. Мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы және жастардың мәдениетті демалысын ұйымдастыру мәселесі комсомолдың көптеген аудандық комитеттерінің пленумдары мен бюроларында талқыланып жатыр.

Осымен бірге мынаны атап өту керек, барлық комсомол ұйымдары бірдей жастардың мұқтаждарымен, тілектерімен есептесіп отырмайды. Көп жерлерде клубтардың бүкіл жұмысы тек кинофильмдер көрсету, ақша төлейтін би кештерін өткізумен тынады. Мәдени-көпшілік жұмысы жүргізілмейтін жерде немесе олар қызғылықсыз, көңілсіз өткізілетін жерде ішкілікке салыну, бұзақылық және басқа да бас бұзарлық фактілер кездеседі.

Республикада жұмыс істемейтін мәдени-ағарту мекемелері аз емес. Көкшетау облысы Куропаткино селосында жақсы жабдықталған клуб бар, бірақ онда жастар ешқандай жұмыс жүргізбейді. Осы облыстың Арықбалық ауданындағы Лобаново селосында да мәдени-көпшілік жұмысы бетімен жіберілген.

Көптеген комсомол комитеттері көркем-өнершілер үйірмелерін ұйымдастырмайды және оларға басшылық етпейді. Ақмола облысының Қорғалжың ауданында осы күнге дейін бірде-бір көркем-өнершілер коллективі құрылмаған. Көркем-өнершілер үйірмесі асығыс құрылады, осының

салдарынан олардың көпшілігі байқау өткізіле салысымен-ақ тарап кетеді. Комсомол ұйымдары бұған немқұрайды қарамауға тиіс. Олар клубтардың жастар арасындағы жұмысын батыл жақсартуын, клубтардың комсомолецтердің ықпалында болуын қамтамасыз етулері керек.

Жастар арасындағы тәрбие жұмысының аса маңызды участогі бұқаралық физкультура жұмысы болып есептеледі. Бірақ бұл жұмыстың әлі барлық жерде бірдей бүгінгі күннің талабына сай болмауы өкінерлік нәрсе. Көптеген колхоздарда әлі күнге дейін физкультура коллективтері құрылмаған, спорт аспаптарының жетіспейтіні байқалады, спорт алаңдары аз салынған. Осыған байланысты жастардың өз күшімен стадиондар, спорт алаңдарын, мұз айдындарын салу жөніндегі инициативаларын барынша қолдап, кең тарату керек. Мәселен, Ақмола облысы Красногвардейск астық совхозы комсомолецтері жұмыстан тыс уақытта стадион, волейбол алаңын салды. Совхоздың футболшылар командасы Орта Азия республикалары зоналары бойынша футбол жарысына қатнасты. Қыс түсісімен комсомолецтер Ешім өзенінде мұз айдынын жабдықтады.

1955 жылдың 1 январынан бастап «ССРО-ны қорғауға және еңбекке әзір» значогі нормасының жаңа комплексі енгізілді. Комсомол ұйымдары жастарға жаңа комплекстің нормаларын және талаптарын түсіндіруге, ГТО значогіне норма тапсыруды ұйымдастыруға тиісті. Жаңа комплекс бойынша жаппай норма тапсыруға жастардың қысқы спорт ойындары жағдай жасайды. Оларды ұйымдасқан түрде, жастарды неғұрлым мол қатыстыра отырып өткізу керек.

* *
*

Быйылғы жылы Қазақстан комсомолецтері мен жастарының алдында тың және тыңайған жерлерді онан әрі игере беруге белсене қатнасу міндеті тұр. Республикада быйылғы жылдың өніміне арналған егіс көлемі 18,6 миллион гектарға дейін ұлғаяды. Ауыл шаруашылығының жас еңбекшілерін осы құрметті міндетті орындауға жұмылдыру — барлық комсомол ұйымдарының борышы. Партия ұйымдарының басшылығымен және олардың тікелей көмегімен комсомол ұйымдары өздерінің жұмысындағы кемшіліктерді жою үшін тиісті барлық шараларды қолданады, жігіттер мен қыздардың халық шаруашылығын онан әрі дамыту, еңбекшілер тұрмысының материалдық және мәдениет дәрежесін көтеру жолындағы күреске белсене қатнасуын қамтамасыз етеді.

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

Материалистік диалектиканың негізгі категориялары

И. ЦЕКОВ,

философия ғылымдарының кандидаты

Материалистік диалектиканың категориялары дегеніміз — объективтік шындықтың неғұрлым жалпы және неғұрлым елеулі байланыстары мен қатнастарын көрсететін негізгі логикалық ұғымдар. Бұл ұғымдар бірден туған жоқ, тарихи дамудың процесінде, адамдардың материалдық-өндірістік және қоғамдық қызметінің нәтижесінде пайда болды.

Марксизмнің ұлы теоретигі В. И. Ленин табиғат пен қоғамды, адамның төңірегіндегі барлық құбылыстарды тану процесі, олай болса, философиялық категориялардың пайда болу процесі механикалық акт емес, табиғат пен қоғамның құбылыстарындағы сатылардың және түйінді пункттердің күрделі тізбегі, бұл құбылыстардың неғұрлым маңыздыларын және негізгілерін бөліп шығарғандық болып табылатынын талай рет атап көрсетті.

Философияның нешеме ғасырлық өмір сүруі бойына, көптеген ойшылдардың еңбегі аркасында, мүмкіндік пен шындық, бостандық пен қажеттілік, мән мен құбылыс, форма мен мазмұн және басқалары сыяқты философиялық категориялар тұжырымдалып, бүкіл цивилизациялы дүниенің игілігіне айналды.

Диалектикалық материализмдегі категориялар туралы ілімнің идеалистік теориялардан принциптік айырмашылығы бар. Мәселен, Кант категорияларды — ойдың априорлық, яғни, қандайда болсын тәжірибеге дейін және оған тәуелсіз түрде берілген, әуелден келе жатқан формалары деп есептеді. Гегель категорияларды диалектикалық даму тұрғысынан алып қарады. Маркске дейінгі бүкіл философияда категорияларды диалектикалық танымның дамуының сатылары, түйінді пункттері деп танып, диалектикалық методты неғұрлым толық және жан-жақты белгілеген тек сол Гегель болды. Бірақ, Гегельдің тануынша, барлық философиялық категориялар реалды өмірде емес, абсолюттік идеяның аясында дамыйды. Бұл категориялар, Гегельдің пікірінше, — бейнебір шындық дүниені жаратушы дүниелік идеяның дамуының сатылары.

Барлық идеалистер философиялық категорияларды белгілі бір дәрежеде сөз қылады, бірақ оларды объективтік шындықтан бөлектеп түсіндіреді, оларды адамдардың өміріне және практикалық қызметіне ешқандай байланысы жоқ, тек сананың туындысы деп тапыйды. Империалистік буржуазияның осы күнгі идеалистік философиясы тегі философиялық категорияларды тексеруден бас тартады. Реакцияшыл философтар өздерінің барлық жігерін кәзір империалистік саясатты дәлелдеуге жұмсайды.

Буржуазиялық философтар халық қалың бұқарасының назарын қоғамдық дамудың өмірлік маңызды проблемаларынан басқа жаққа аудару міндетін алға қояды. Олар кәзіргі қаусаған капиталистік құрылыстағы әлеуметтік-саяси кризисті халықтан жасыруға тырысады. Капиталистік системаны жегідей жеп отырған терең қайшылықтарды байқамауға тырысып, олар әлеуметтік өмірде қандай да болсын өзгерістер жасауға қарсы шығады.

Жоғарыда айтылғанындай, диалектикалық материализм философиялық категорияларды — өмірдің өзінің неғұрлым жалпы және елеулі жақтарының санадағы көрінісі деп таныйды. Категориялар негізгі ұғымдардың тұйықталған, өзгермейтін системасы емес. Қайта, объективтік шындық дамыған сайын, ғылым алға басқан сайын философиялық категориялар көбейіп, олардың мазмұны байып береді, сөйтіп бұл категориялар объективтік дүниені барған сайын толық және айқын көрсетеді.

Марксизм-ленинизм классиктері философияда төңкеріс жасап, ғылым заңдарының объективтік сипатын дәлелдеді және философиялық ойдың тарихында алғаш рет мүмкіндік және шындық проблемасының ғылыми шешімін берді. Маркс пен Энгельс, Ленин мен Сталин бұл категориялардың диалектикалық ұғымы ғана пролетарит партиясына қоғамдық дамудың объективтік жағдайларын неғұрлым терең ашып, халық бұқарасының қызметін дүниені революциялық жолмен өзгертуге бағыттау мүмкіндігін жеңілдететінін талай рет атап көрсетті.

Дамудың өзі объективтік және жалпылама болатын сыяқты, мүмкіндік пен шындық та объективтік және жалпылама болады. Олар табиғаттың барлық процестерінде, сол сыяқты адамзат қоғамының өмірінде болып отырады. Қоғамдық болмыстың алғашқылығы, қоғамдық санының соңғылығы туралы материалистік принципті негізге ала отырып, маркстік-лениндік философия: жеке адамдардың, партиялардың, таптардың, бұқараның табысты және прогрестік қызметі қоғамның дамуының объективтік заңдылықтарына үйлесуге тиіс дейді. Қоғамның материалдық тұрмысының жағдайлары — адамдардың практикалық қызметінің объективтік негізі. Бұл негізсіз субъективтік қызмет ешуақытта ешқандай нәтижеге жеткізбейді. Объективтік жағдайлар дегеніміз — табиғат пен қоғамның қойнауындағы объективтік мүмкіндіктер. Егер белгілі бір түбірлі өзгерістер жасау мүмкіндігі шындық өмірдің өзінде болмаса, онда адамдардың қандайда болсын прогрестік қызметі ешқандай өзгерістерге жеткізе алмаған болар еді. Табиғаттың және қоғамдық дамудың заңдарының объективтік сыйпатын танып отырып маркстік-лениндік философия адамдардың объективтік заңдар алдында дәрменсіз емес екенін айтады. Адамдар бұл заңдарды танып алады және танығаннан кейін, объективтік мүмкіндіктерді шындыққа айналдыруға бағытталған өздерінің қызметінде ол заңдарды қолданады.

Сонымен, диалектикалық материализм мүмкіндік пен шындықты олардың белгілі бір арасалмағында алып қарайды, қарағанда бұл мәселені өмірден бөлек шешпей, қоғамның қажеттілік түрінде көрінетін барлық пісуі жеткен керектерін есепке ала отырып, шешеді.

Мүмкіндік пен шындықтың арасалмағы туралы мәселені шешкенде маркстік-лениндік философия мүмкіндік пен шындықтың екеуі бір нәрсе емес екенін негізге алады. Мүмкіндікті шындықпен бір санау дұрыс болмайтындығы былай тұрсын, тіпті қауіпті, өйткені бұл реалды өмірден алыстауға бастайды, адамдарды селкостыққа ұшыратады.

Қоғамдық дамудың объективтік заңдары тек белгілі бір құбылыстың тууына мүмкіндік қана береді. Мұның әсіресе қоғамдық құбылыстарға көп қатысы бар. Мәселен, біздің елімізде социалистік меншікті орнатқан, шаруашылықтың социалистік системасының болып отырғандығы еліміздің барлық табиғат байлықтарын тұтыну өнімдері мен заттарының молшылығын жасау қажетіне толық пайдалануға мүмкіндік береді. Бірақ, бұл мүмкіндіктерді шындыққа айналдыру үшін совет халқының, оның басшы және бағыттаушы күші — Коммунистік партияның орасан зор көлемде ұйымдастыру-жасау қызметін жүргізуі керек болады.

Мүмкіндік пен шындықтың арасалмағы туралы мәселені шешу әрбір қоғамдық құбылысты формальді мүмкіндіктер тұрғысынан емес, нақтылы тарихи, реалды жағдайлар тұрғысынан қарауды талап етеді.

Мүмкіндік пен шындық — даму категориялары. Сондықтан мүмкіндік пен шындықтың арасалмағы туралы мәселені тек диалектикалық материализм негізінде дұрыс шешуге болады. Өмір ешуақытта бір орында тұрмайды. Өмірде әрдайым бірнәрселер құрып, қыйрауда болады, мұнымен бірге әрдайым бірнәрселер туып, өсіп, дамуда болады. Қыйрау-жасалу процесі — табиғи-тарихи дамудың біртұтас, бөлінбейтін процесі. Ескілікте әрдайым жаңалықтың, жаңа өмірдің туу мүмкіндігі болып отырады. Бірақ жаңалық өздігінен тумайды, ескілікке қарсы күресте туады. Жаңалық пен ескілік арасындағы, құрып бара жатқан мен туып келе жатқанның арасындағы күрес — қоғамдық дамудың заңы, мүмкіндіктің шындыққа айналуының негізі.

Сонымен, мүмкіндіктің шындыққа айналуы — қоғамдық өмірдің екі жағының: объективтік және субъективтік жақтарының өзара байланысының күрделі процесі. Адамдардың практикалық қызметінің негізі — табиғат пен қоғамның объективтік заңдары. Алайда қоғамның дамуының тарихи процесі түсініксіз процесс емес, өйткені қоғамның тарихында ешнәрсе адамдардың практикалық қызметінен тыс жасалмайды. Мүмкіндік осы қызмет арқылы ғана шындыққа айналады. Тарихтың жасаушылары болып отырған нақ халық қалың бұқарасы қоғамның объективтік экономикалық заңдары негізінде әрекет істей отырып, әлеуметтік революциялар жасайды, елдің экономикалық және рухани бейнесін өзгертеді, қоғамның өзінің бір сатысынан екінші, неғұрлым жоғары және жетілген сатысына өтіп дамуының табиғи-тарихи процесін тездетеді. Біздің еліміздің бұрынғы менсезіліктен және қайыршылықтан прогреске алып адыммен аттап өтуі — мұның тамаша айқын мысалы.

Мұнымен бірге, социализм тұсында мүмкіндік шындыққа айналдырылғанда, капитализм тұсындағыдан немесе социализмге дейінгі басқа формация тұсындағыдан басқаша айналдырылатынын айту қажет. Социализмге дейінгі формацияларда қоғам өздігінен, стихиялық түрде дамыйды. «Адамның тілегені, — деп жазды Энгельс, — тек оқта-текте орындалады; ал көбінесе адамдардың алдына қойған мақсаттары өзара соқтығысып, бір-біріне қайшы келеді немесе, ішінара өздерінің мәнісі жағынан, ішінара оларды жүзеге асыруға керекті күш-құралдың жеткіліксіздігінен орындалмайтын болып шығады» (К. Маркс және Ф. Энгельс, таңдамалы шығармалар, II том, 371-бет).

Социализм қоғамның дамуының стихиялық сипатын жойып, дүниежүзілік тарихтың жаңа заманын туғызады, бұл жаңа заманда дамудың стихиялық процесі адамдардың саналы қызметіне орын береді. Ең алдымен социализм, бұрын болмаған және социализмге дейінгі формацияларда тууы мүмкін болмаған жаңа мүмкіндіктерді туғызды. Нақ социализм тұсында адамзат қоғамы өсудің жоғарғы сатысына өтіп, коммунизмге қарай ойдағыдай алға басуға орасан зор объективтік мүмкіндіктерді туғызады. Мысалы, жерге жеке меншік жойылған социализм тұсында ауылшаруашылық дақылдарын өсіру жұмыстарын комплекссті механикаландыруға кең мүмкіндік жасалды. Бұл жағдайда коллективтік ауыл шаруашылығы механикаландырылған ірі социалистік өндіріске айналды. Коллективтендіруге дейін ауыл шаруашылығы адамның табиғи процестерге нашар араласуына және оларды үстірт бақылауына негізделген сала болса, енді ғылым мен техниканы кеңінен қолдануға негізделген салаға айналды. Мичуриндік биология ғылымының жеңісі, оны колхоздар мен совхоздарға қолдану, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіне адамның белсеніп араласуына кең өріс ашты. Мұның өзі ауылшаруашылық өндірісіндегі табиғи процестерге неғұрлым күшті әсер етіп отыруға мүмкіндік береді. Біздің елімізде социализмнің жеңуі арқасында ғана тарихта алғаш рет материалдық және рухани игіліктерді пайдаланудың ғылым талаптарына сай келетін және адамның

жан-жақты, жарастылықпен дамуын қамтамасыз ететін дәрежесіне жетуге мүмкіндік туды.

Материалистік диалектиканың екінші бір маңызды категориялары — б о с т а н д ы қ және қ а ж е т т і л і к категориялары. Идеалист философтар бұл ұғымдарды — бір-бірімен сыйыспайтын ұғымдар деп таныйды. Олардың кейбіреулері: адамның еркі бостандыққа толық ие, яғни еш нәрсеге бағынышты емес деп есептейді, сөйтіп табиғат пен қоғамның объективтік заңдарын мүлдем бекер дейді. Неокантшылдар, махистер, халықшылдар, анархистер, эсерлер осындай көзқараста болды, сол сыяқты империалистік буржуазияның кәзіргі философтарының көпшілігі де осы көзқарасты қуаттайды. Ағылшын-американ империалистерінің неофашистік философиясы, өздерінің дүниежүзілік үстемдігін орнатуға болатын жаңа дэмегөйлердің саяси авантюраларын дәлелдеу үшін волюнтаризмді пайдаланады. Басқалары оған қарама-қарсы жаққа бой ұрып, ықтыярлы, бостандықты ерік жоқ, тек абсолюттік қажеттілік қана бар дейді. Олардың айтуынша, тарихи дамуды мәлімсіз күш, жазмыш, тағдыр белгілейді-міс, жеке адамдардың, партиялардың, таптардың қоғам дамуының барысына араласуы пайда бермейді-міс.

Диалектикалық материализм бостандық пен қажеттілікті олардың өзара байланысты, өзара себептестігі күйінде алып қарайды. Марксизм-ленинизм: бостандық табиғат пен қоғамның дамуының объективтік заңдарынан қайдағы бір, қыялдағы тәуелсіздікте және оларды дерексіз түсінуде емес, бостандық — бұл объективтік заңдарды тануда, оларды практикалық қызметте пайдалану мүмкіндігінде деп үйретеді. Бостандық дегеніміз түсінілген қажеттілік, деді Ф. Энгельс. Ерiк бостандығы — істі білгендікпен шешім шығара алатындық.

Біз табиғаттың заңын білмей тұрғанда, — дейді В. И. Ленин, — ол заң біздің тануымыздан тыс өмір сүріп, әрекет жасай отырып, біздерді «мылқау қажеттіліктің» құлы етеді. Бірақ біз өзіміздің еркімізге және санамызға тәуелсіз күшінде болатын бұл заңды білгеннен кейін, табиғатқа үстемдігімізді жүргіземіз.

Бостандық және қажеттілік проблемасын шешкенде диалектикалық материализм мына негізгі қағидаларға сүйенеді: а) табиғат пен қоғамдағы қажеттілік адамның еркі мен санасынан тыс, объективтік нәрсе; б) қажеттілік дегеніміз — объективтік заңның неғұрлым маңызды жағының көрінісі; в) танылмаған қажеттілік — «мылқау» қажеттілік, бірақ ол бар. Алайда, адамның санасы дамып келе «мылқау» қажеттілік адамдардың мүлде еркімен істейтін ісіне, олардың табиғат күштеріне үстемдік жүргізуіне орын береді. Табиғатқа үстемдік адамзаттың практикалық қызметінде көрініп, адамдардың санасында танылған қажеттілік түрінде бейнеленеді. Бұл мағнада алғанда, қажеттіліксіз бостандық жоқ. Бостандық дегеніміз — танылған қажеттілік. Бірақ, өз тарапынан, қажеттілік те бостандықпен байланысты, өйткені ол тек танылған қажеттілік түрінде ғана, яғни іс істеу бостандығы түрінде көріне алады. Қажеттілік неғұрлым терең және толық ұғынылып, адамзаттың мүддесі үшін пайдаланылса, ол солғұрлым тез жүзеге асырылады.

Адамдар табиғаттың заңдарын творчестволық еңбек процесінде таныйтынын ғылым мен практика айқын дәлелдейді. Адам табиғаттың күштеріне қарсы күрескенде, өзі жасайтын еңбек құралдарының көмегімен күрседі. Еңбек құралдарының көмегімен ол табиғатқа әсер етеді, оны өзіне керекті бағытта өзгертеді. Мұның өзі адамның төңірегіндегі табиғатты енді адамның қызметіне байланыссыз түрде алып қарауға болмайтынын көрсетеді. Өзінің төңірегіндегі табиғатқа қатынасын танып отырып, адам сол табиғатқа әсер ету үшін әртүрлі механизмдер мен тетіктер жасайды. Мұның өзі адамның табиғат күштерін жеңіп, өзінің оларға жүргізетін билігінің жоғарғы сатысын, оның бостандығының көрінуінің дәрежесін білдіреді.

Ұзақ уақыт бойына адамдар ұйқы және түс көру сыяқты құбылыстардың, нерв жүйесінің әртүрлі бұзылуының және психикалық аурулардың себептерін біле алмай келді. Дін халықтың надандығынан пайдаланып, адамдарға — мұның бәрі құдайдан деп түсіндіруге тырысты. Алайда, академик И. П. Павловтың және оның шәкірттерінің зерттеулері, орталық нерв жүйесі қызметінің механизмін ашып, медицина ғылымының қолына әртүрлі ауруларды емдеудің ғылыми құралдарын берді.

Советтік биология ғылымдары — мичуриндік биология, павловтық физиология, цитология, биохимия, вирусология — орасан көп білімдер береді; бұл білімдер бізді табиғаттың көптеген күрделі құбылыстары жөнінде толық ерікті етіп, әртүрлі ауруларға қарсы, адамның өмірін ұзарту жолындағы күресте қиыншылықтарды жеңуге мүмкіндік береді.

Сонымен, танылған қажеттілік ретіндегі бостандық — тарихи дамудың жемісі. Ғылым неғұрлым алға басқан сайын, ол дүниенің заңдылықтарын солғұрлым терең таныды, адамның табиғатқа үстемдігі солғұрлым күшейе түседі, сөйтіп, өмірді бүкіл адамзаттың игілігіне және мүддесіне лайықты құруға солғұрлым көп мүмкіндіктер туады.

Әлеуметтік құлдықтан құтылған совет халқы табиғат пен қоғамның әралуан құбылыстарының мәнін ойдағыдай біліп ұғынуда. Капиталистік елдердің еңбекшілері совет халқының өмірі мен қызметінің үлгісінен өнеге алып, өздерінің азаттығы үшін қаһармандық күрес жүргізуде. Бірақ мұнап, әрине совет адамдары объективтік дүниенің барлық заңдарын кәзірдің өзінде меңгерді және оның барлық құбылыстарын таныды деген мағна тумайды. Табиғаттың кейбір құбылыстары туралы ескі түсініктердің шырмауында болып, оларды тануға болмайды деп есептейтін, сөйтіп діни нанымдардың таралуына жол беретін азаматтар бізде әлі де аз емес. СОКП Орталық Комитеті мұндай адамдарға сергектікпен карауды талап етіп келді және талап етуде. Діншілдер арасында ғылыми-атеистік насихатты терең және төзімділікпен жүргізгенде ғана, ғылымның табыстарын кеңінен насихаттағанда ғана біз олардың діни соқыр сенімдерден арылуына көмектесеміз.

Марксизм-ленинизммен қаруланған Совет Одағының Коммунистік партиясы табиғат пен қоғамның дамуының заңдарын ғылыми негізде ашып отырады. Ол бұқараға беталды емес, саналылықпен іс істеуге көмектеседі. Сондықтан бұқараның санасы — қоғамдық дамудың аса маңызды факторы. Совет халқының практикалық қызметі неғұрлым өрістеген сайын, оның табиғатқа үстемдігі де солғұрлым өсе береді, қоғамның коммунизмге қарай алға басуының тарихи қажетті процесі солғұрлым тездей түседі.

Мә н м е н қ ұ б ы л ы с т а — материалистік диалектиканың категориялары. Материалистік диалектиканың категориялары ретінде олар заттар мен құбылыстардың ішкі және сыртқы жақтарын білдіреді. Мән объективтік дүниенің ішкі заңды байланыстарын білдіреді, ал құбылыс — заттың мәнінің ашылғандығы, заттың көріну формасы. Мәселен, өндірістің қоғамдық сипаты мен иемденудің жекеменшіктік формасы арасындағы қайшылық капитализмге тән нәрсе. Капиталистік қоғамның бұл қайшылығы — еңбек пен капитал арасындағы күресте, экономикалық кризистерде, жұмыссыздықта, империалистік соғыстарда және басқаларында кәрініп отыратын мән. Капитализм жағдайында туатын бұл құбылыстардың бәрін шаруашылықтың капиталистік системасының мәнінен бөліп алып қарайтын болсақ, біз ол құбылыстарды түсіне алмаймыз.

Мән мен құбылыс — өзара байланысты және олардың өзара бірлігі бар. Бірақ мұнымен бірге, мән мен құбылыстың скеуі бір нәрсе емес және бірдей емес. Құбылыс тікелей көрінеді. Қөп уақытта сыртқы көрініс іс жүзінде бар нәрсеге, яғни мәнге қайшы келеді. Мәселен, сәудегер капиталистің пайдасы товардың құнына қосылған жай үстеме сыяқты көрі-

неді. Ал шын мәнісінде пайда қосымша құнды жасайтын жұмысшыларды қанаудан түсіріледі.

Сонымен, мән құбылыс арқылы бірден көрінбейді. Ол байқаусыз. Әдетте құбылыс тікелей байқалады. Ал мәнді зерттеу жолымен ашу керек болады. Қ. Маркстың көрсеткеніндей, егер мән және оның көріну формасы бірден айқындалатын болса, онда ғылымның да қажеті болмаған болар еді. Сөйтіп, көріне қайшылық туады, бір-ақ бұл — өмірде болып отыратын және объективтік шындықты білдіретін диалектикалық қайшылық. Мұнан, мән мен құбылыс сол бір объективтік шындықтың екі жағы деген қортынды туады. Олар өзара байланысты және оларда диалектикалық бірлік бар. Танымның міндеті — бұл объективтік, өмірдегі қайшылықты жеңіп, құбылыс арқылы мәнің қалай ашылатынын көрсетуде, құбылыстардың аржағындағы мәнді, табиғаттың, сол сыяқты қоғамдық дамудың елеулі заңдылықтарын ашуда. Материя туралы білімдеріміздің даму процесі құбылыстардың мәнін терең зерттеп білудің айқын мысалы бола алады. Осы күнгі физика атомның жаратылысын барған сайын терең ашуда, сөйтіп біздің материя туралы түсінігімізді кеңейтуде, материяның өзгеруінің, оның сапалық өзгерістерінің мәнін біліп тануға мүмкіндік беруде.

Қоғамдық құбылыстарға талдау жасау үшін мән және құбылыс проблемасының орасан зор маңызы бар. Қ. Маркс капиталистік өндіріске талдау жасағанда бұл проблеманы асқан шеберлікпен қолданды. «Қапиталда» Қ. Маркс капиталистік экономиканың тікелей құбылыстарын талдаудан капитализмнің негізгі заңын ашуға өтеді. Капиталистік экономиканы тексеріп қарағанда, Қ. Маркс ең қарапайым, көзге көп түсетін, тікелей экономикалық құбылыс ретіндегі товарды негізге алады. Бұған талдау жасай келіп, ол буржуазиялық қоғамның түйіншегі ретінде товардың мәнін ашады, өйткені товарда баға, керексіну және ұсыну, жұмысшылардың жалақысы түрінде көрінетін құбылыс қана емес, құн заңының мәні де болады. Сондықтан да, товарлы-капиталистік өндірістің құбылыстары мен мәнінің тікелей бейнесі болып табылатын товарда капитализмнің барлық қайшылықтары жыйнақы формада көрінеді. Экономикалық категорияларға (товар, ақша, капитал) онан әрі талдау жасау жолымен Қ. Маркс капиталистік құрылыстың бүкіл экономикалық мәнін де, оның дамуының және сөзсіз құруының заңдарын да ашады.

Империализм дәуіріндегі капитализмге онан әрі марксистік талдау жасай келіп, В. И. Ленин, «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» деген еңбегінде бәсекенің монополияға айналуы, банк капиталының өнеркәсіптік капиталмен бірігуі және финанс капиталының шығуы, шетке капитал шығарудың товар шығарудан басым болуы, капиталистердің халықаралық монополиялық одақтарының дүниені бөлісуі және мұнан бұрын бөлінген дүниені қайтадан бөлу үшін «ұлы державалардың» өзара күресуі сыяқты, капиталистік шаруашылықтың құбылыстарын империализм, яғни іріп-шіріп құрып бара жатқан капитализм туғызатынын көрсетті. В. И. Лениннің бұл қортындысының халықаралық пролетариат үшін ерекше зор маңызы болды және болып отыр.

Совет Одағының Коммунистік партиясы өзінің қызметінде әрдайым қоғамдық құбылыстардың, қоғамның даму заңдарының мәніне терең талдау жасап, құбылыстардың ішкі елеулі байланыстарын ашып отырады және бұқараны дамудың экономикалық процесінің білімімен қаруландырып, коммунизм құрылысында жаңа табыстарға жетуді қамтамасыз етеді.

Ф о р м а мен м а з м ұ н — материалистік диалектиканың аса маңызды категориялары.

Маркстік материалистік философия: қандайда болсын заттың немесе табиғат пен қоғам құбылысының өзіне тән мазмұны және өмір сүру формасы болады деп үйретеді. Әдетте форманы мазмұннан бөлектейтін идеа-

листiк және метафизикалық системаларға қарама-қарсы материалистiк диалектика форма мен мазмұнды олардың бiрлiгi жағынан алып қарайды. Формасыз мазмұнның болуы, сол сыяқты мазмұнсыз форманың болуы мүмкiн емес.

Форма мен мазмұнның бiрлiгiнде мазмұн басым болады. Даму процесiнде мазмұн формадан бұрын келiп отырады, форма әрдайым мазмұннан кейiн қалып отырады, ол мазмұнға сәйкес туып, қалыптасады. Мәселен, қоғамның материалдық өндiргiш күштерi өндiрiстiң қоғамдық тәсiлiнiң мазмұны болып табылады. Бiрақ олар — өндiрiс тәсiлiнiң бiр-жағы ғана. Өндiрiс тәсiлiнiң екiншi жағы, оның формасы — адамдардың өндiрiс процесiндегi бiр-бiрiмен қатнасы, яғни өндiрiстiк қатнастар. Форма ретiндегi өндiрiстiк қатнастарды, мазмұн ретiндегi өндiргiш күштер белгiлейдi. Мәселен, колхоз — деревнядағы шаруашылық ұйымының социалистiк формасы. Бiрақ бұл форманың тууының себебi — бiздiң елiмiзде өнеркәсiп саласында социалистiк құрылыс жеңдi, социалистiк өнеркәсiптiң дамуы деревняда шаруашылықтың бұл жаңа формасының пайда болуына алдын ала қажеттi жағдай туғызды. Жерге, өндiрiстiң негiзгi құралдарына (тракторлар, комбайндар және т. б.) жалпыхалықтық меншiктiң болуы, өнiмдi еңбектiң санына және сапасына қарай бөлудiң социалистiк принципi — мұның бәрiн қосқанда, олар шаруашылықтың социалистiк формасы ретiндегi колхоздардың мазмұнын да белгiлейдi.

Мұнымен бiрге, мазмұнның формадан бiрiншiлiгiн, алғашқылығын көрсете келiп, диалектикалық метод онымен қатар форма мазмұн жөнiнде селкос, еңжар бiрнәрсе емес деп таныйды. Форма мазмұнға белсендi әсер етедi, оның дамуына көмектеседi немесе оған бөгет жасайды. Капиталистiк дүниенiң осы күнгi өндiрiстiк қатнастары өндiргiш күштердiң дамуына кедергi болып отырғаны мәлiм. Мұның керiсiнше, социалистiк өндiрiстiк қатнастар бiздiң елiмiзде өндiргiш күштердiң дамуының негiзгi қозғаушысы болып табылады. Маркстiк-лениндiк философияның үйрететiнiндей, форма мен мазмұнның өзара байланысы мынада: өзiнiң даму процесiнде заттың немесе құбылыстың мазмұны жалпы форма атаулыға қайшы келмейдi, ескi формаға қайшы келедi, яғни жанжал әдетте ескi форма мен жаңа мазмұн арасында туады. Бұл жанжал, iрiп-шiрiп бара жатқан, өндiргiш күштерiнiң дамуы капиталистiк қоғамның өндiрiстiк қатнастарына мейлiнше қайшы келiп отырған капитализм жағдайында айқын көрiнедi. Мұның керiсiнше, қоғамдық меншiк социалистiк өндiрiстiк қатнастардың негiзi болып отырған социализм жағдайында, жаңа мазмұнды кейбiр ескi формаларды пайдалануға мүмкiндiк жасалады. Мәселен, өндiрiстiң социалистiк тәсiлi үстем болып отырған бiздiң елiмiзде товар айналымы және ақша сыяқты ескi экономикалық категориялар пайдаланылады. Капитализмге дейiнгi формацияларда пайда болған, капитализм жағдайында дамыған, жаңа социалистiк мазмұн алған бұл категориялар социализм құрылысы дәуiрiнде бiздiң қоғамымызға ойдағыдай қызмет еттi және кәзiр социализмнен коммунизмге бiрте-бiрте өту дәуiрiнде қызмет етiп отыр.

Форма мен мазмұнның өзара байланысының диалектикасын дұрыс түсiнудiң қоғамды қайта құру күресiнде орасан зор практикалық маңызы бар. В. И. Ленин өзiнiң «Коммунизмдегi солшылдықтың балалық ауруы» деген еңбегiнде II Интернационал лидерлерiнiң империализм жағдайында жаңа мазмұнның пайда болуын көргiсi келмегенiн, демек, жұмысшы табының капитализмге қарсы күресiнiң жаңа формаларын танымағанын көрсеттi. Олар жаңа жағдайларды метафизиктiкпен қарап, ескi формалардың жаңа мазмұн тапқанын «байқамады», пролетариаттың тап күресiнiң ескi формалары мен империализм заманы туғызған жаңа мазмұн арасындағы айқын көрiнген жанжалды жоққа шығармақ болды. II Интернационалдың лидерлерi ескi формалар мен жаңа мазмұн арасындағы бұл жанжалды ұғынғысы келмегендiктен де олар банкрот бо-

лып, өмірден артта қалды және тез ұлғайған жұмысшы қозғалысының жолынан лақтырып тасталды.

Совет Одағының Коммунистік партиясы форма мен мазмұнның арасалмағының диалектикалық ұғымын басшылыққа ала отырып, социалистік құрылыс мәселелерін шешіп келді және шешуде. Біздің құрылысымыздағы объективтік мүмкіндіктерді шебер пайдаланудың мысалдары біздің партиямыздың саналуан қызметінде өте көп. Совет Одағының Коммунистік партиясы партиялық және шаруашылық басшылықтың әрдайым жаңа формаларын тауып, олардың көмегімен экономика мен мәдениетті онан әрі өркендетіп отырады. Партия форма мен мазмұн арасындағы қайшылықтарды әрдайым мезгілінде байқап отырады.

Социалистік өндірістік қатнастарды елдің өндіргіш күштерін өркендетудің басты қозғаушы күші деп танып, партия оларды үнемі жетілдіре береді. Тұтасынан прогрестік және өндірісті өркендетудің ұлы күші болып табылатын социалистік өндірістік қатнастардың өз ролін орындап отыратындығының себебі — социалистік құрылыстың барлық белестерінде партия олардың кемірек жетілген ұйымдастыру формаларынан неғұрлым жетілген формаларына өтуді, өндіргіш күштердің дамуын тежей бастаған жеке ескірген формалар орнына жаңа формалар енгізуді қамтамасыз етіп отырады.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының шешімдері бұған айқын дәлел. Партия колхоз құрылысының қойнауындағы, әлі де жеткіліксіз пайдаланылып отырған орасан мол резервтерді пайдалану қажеттігіне совет халқының ерекше назарын аударады. Бүкіл ауылшаруашылық өндірісін шұғыл өркендету міндетін орындау үшін МТС-тер мен колхоздар арасындағы шаруашылық байланысының формалары едәуір кеңейтілді, МТС-тер, ММШС-тер және совхоздар бойынша аудандық партия комитеттерінің секретарьлары бастаған партиялық топтар құрылды. Қала мен деревняда социалистік өндірістік қатнастарды дамытып жетілдірудің жоспарлы түрде жүргізіліп отырған процесі, социалистік қоғамның жоғарғы фаза — коммунизмге қарай ілгері басып дамуындағы өндіргіш күштердің басты қозғаушы күші ретінде бұл өндірістік қатнастардың жәйін нығайта береді.

Жоғарыда айтылғандардан көрініп отырғанындай, «жалпы ұғымдардың шексіз жыйыны» (В. И. Ленин) ретінде бірге алынған, материалистік диалектиканың барлық категориялары әрбір нақты нәрсені жан-жақты толық түрінде береді. Олар материалдық дүниенің процестерін түсінуге және практикалық қызметте дұрыс қортындылар жасауға көмектеседі.

Материалистік диалектиканың категорияларының ғылыми ұғымын басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия объективтік мүмкіндікті нақтылы ашады және табиғаттың немесе қоғамдық дамудың белгілі бір құбылысының мәнін тереңінен анықтап береді. Құбылыстың мәнін, оның мазмұнын, бүкіл құбылыстың немесе оның жеке жақтарының пісіп жетілу дәрежесін білгендіктен, Коммунистік партия әрбір мәселені жағдайға, орынға және уақытқа қарай шешеді, өйткені қандайда болсын оқыйғаға және фактіге тек объективтік, тарихи, партиялық көзқарас ғана бірден-бір дұрыс көзқарас болып, адамзат қоғамының прогресі жолындағы күрестің табысты болуына мүмкіндік береді.

Колхоз партия ұйымының көпшілік-саясат жұмысы*)

Бұл кітапшада партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету туралы шешімдерін орындау жолында колхоздың партия ұйымы жүргізген жұмыстың тәжірибесі айтылады. Кітапшада колхоздағы көпшілік-саясат жұмысының негізгі мәселелері: үгітшілерді іріктеу және тәрбиелеу, озат тәжірибе мен ғылым табыстарын насихаттау, социалистік жарысты ұйымдастыру және колхозшыларға мәдени қызмет ету мәселелері баяндалады.

«Луч Востока» колхозы (Алматы облысы, Алматы ауданы) — жылсайын 8 миллион сомнан астам табыс алатын көп салалы ірі шаруашылық. Колхозшылардың ауқатты және мәдениетті тұрмысының негізі — колхоздың қоғамдық шаруашылығы. Колхозға бекітіліп берілген 10 193 гектар жерден 4 477 гектар жер егін егуге, 533 гектар жер жеміс және жүзім бауларын өсіруге пайдаланылады. Мұнымен қатар колхозда мал шаруашылығы ойдағыдай өркендегілуде. Қой және сыйыр фермаларында мыңдаған мал өсіріледі. Өзіне бекітіліп берілген жердің көлемі бойынша колхозда 23 мың қой болуға тиіс, іс жүзінде онда қойдың саны бұл цифрдан асып кетті. Қазір колхоздың қой фермасында 30 мыңнан астам қой бар.

Колхозда ересек адамдарға арналған кешкі мектеп бар, алты мектепте балалар оқиды, оның біреуі — онжылдық мектеп. Соңғы кезде мұнда емхана, аурухана, әйелдер босанатын үй, мәдениет үйі салынды. Электр жарығы, радио, су проводы колхозшылардың күн бе-күнгі тұрмысынан орын алды.

Колхозшылар озат тәжірибе мен ғылым табыстарын қажырлылықпен үйреніп өндірісте қолданып отырады. Мұның өзі колхоздың зор табыстарға жетуінде шешуші роль атқарады. 120 коммунисті бар партия ұйымы мұндағы жаңалық, прогрестік істердің бәріне жетекші болып отырады.

Артельдің коммунистері — колхоз өндірісінің жетекші күші. Бастауыш партия ұйымы құрамында — бригадаларда,

фермаларда және шаруашылықтың басқа негізгі учасоктерінде 10 партия тобы құрылды. Коммунистерді бұл тәртіппен орналастыру партия ұйымына партиялық-саяси жұмысқа жедел басшылық етіп, колхозшыларды алға қойылған міндеттерді ойдағыдай орындау күресіне жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Колхозшылар арасындағы саяси үгіт — партия ұйымы жұмысының аса маңызды саласы. Ауылшаруашылық артелінің шаруашылықта табысты болуы көп ыретте осы жұмысты шеберлікпен жолға қоюға байланысты. Кітапшаның авторлары үгітшілер коллективінің қалай топтастырылып тәрбиеленгенін, жұмыста қандай қиыншылықтарды жеңуге тура келгенін айтады.

Колхоздың партия ұйымында ұзақ уақыт бойына үгітшілікке, әдетте, бригадирлер мен есепшілер ұсынылып келді. Алайда, тәжірибенің көрсеткеніндей, олардың бірсыпырасында жеткілікті саяси және жалпы білім даярлығы, үгіт жұмысын жүргізуге бейімділік болмады. Олар колхозшылар білуге ынталы мәселелерді түсіндіруге тырыспай, газет мақалаларын жәй оқып берумен қанағаттанды.

Мұнымен қатар жеке активистер үгітшілер тізімінде болмаса да өздерінің инициативасымен колхозшылар арасында газет оқып, әңгімелер өткізді. Мысалы, 5-бригадада звено бастығы Т. Елохина жаңа алынған газеттерді жұмыстағы колхозшыларға апарып, олар арасында еліміздің тұрмысы туралы, шетелдердегі оқиғалар туралы әңгімелер өткізіп жүрді. Бригаданың барлық мүшелері оның әңгімелеріне ынтамен қатнасты. Партия ұйымының секретары мұны елеусіз қалдырмады. Партия бюросы Елохина жолдастың әңгіме өткізу әдісін мұқият зерттеді. Көп ұзамай ол үгітші болып бекітіліп, үгітшілердің 4 айлық мектебіне оқуға жіберілді.

14-бригадада да сондай болды. Үгітші болып есептелген бригадир шаруашылықтағы жұмыстың көптігін сылтау етіп, ешқандай үгіт-көпшілік жұмысын жүргізбеді. Партия ұйымының бюросы колхозшылардың тілегін орындап, активист Стародубова жолдасты үгітші етіп белгіледі. Ол бұл тапсырманы ынтамен қабылдады.

*) Ф. Севрюгин, Ю. Долгопятов. «Луч Востока» колхозындағы көпшілік-саясат жұмысы». Қазақ мемлекеттік баспасы, Алматы, 1954.

Партия ұйымы үгіт жұмысын жүргізуге Совет мемлекетінің ішкі және сыртқы саясаты мәселелерін жақсы айыратын, армия қатарынан босатылған жауынгерлерді де қатыстырды.

Қазір мұнда үгітшілер коллективінде 118 үгітші бар. Олардың жартысынан көбі колхоз партия ұйымы жанындағы үгітшілердің 4 айлық мектебін бітірді.

Партия ұйымы бюросының мүшелері үгітшілердің мұқтаждары мен тілектеріне үнемі көңіл бөліп, оларға жұмыстағы әртүрлі қиыншылықтарды жеңуге көмектесіп отырады, олардың жұмыс тәжірибесін ортаға салуды ұйымдастырады, семинарларды мезгілінде өткізіп отырады. Әрбір семинар алдынан оған мұқият әзірлік жасалады. Семинарларда нұсқау баяндамалар оқылады, жұмыс тәжірибесі ортаға салынады, әңгіме өткізуге әзірлік жасағанда қандай саяси және көркем әдебиетті пайдалану керек екені көрсетіледі. Мұнымен бірге үгітшінің фактілерді жәй көрсетіп қана қоймай, оларды әвенонның, бригаданың, артельдің тұрмысымен шебер байланыстыруына көп көңіл бөлінеді.

Семинар сабақтары үгітшілердің практикалық жұмысына көмектеседі. Мұны кітапшада келтірілген мысалдардан көруге болады. Мұнда авторлар саяси үгіттің белгілі бір мақсатқа бағыттанып жүргізіліп, қандай нәтижелер бергенін көрсетеді. Мәселен, үгітші В. Фирсовтың еңбек тәртібі туралы әңгімесі жақсы өткізілді. Бұл әңгімеде колхоздың күнбе-күнгі тұрмысы шындықпен айтылды, үгіт жұмысының аса маңызды принципі — жалпы саяси мәселелерді колхоздың өндірістік міндеттерімен ұштастыру принципі көрсетілді.

Үгітші өзінің әңгімесін өткізуге мұқият әзірленді. Әңгіме өткізілетін 7-бригадада еңбек тәртібі өте нашар болды, картоп тұқымын күйе жоспары орыңдалмай келді, көптеген колхозшылар егін жыйнаудың қызу кезінде жұмысқа шықпады. Фирсов жолдас еңбек тәртібін орындау керек дейтін жәй сөздермен қанағаттанбай, жұмысқа шықпаушылардың аттарын атап көрсетті, картоптың мезгілінде жыйналмауынан колхоз бен колхозшылар қаншама зиян көретінін айтты. Әңгіменің қортындысында бұл бригададағы колхозшылардың жыйналысын өткізуге ұйғарылды. Бұл жыйналыс күшті белсенділікпен өткізілді, оның қаулысы еңбек тәртібін күшейтуге көмектесті: бригадағы колхозшылар қалмастан жұмысқа шығып, белгіленген нормаларды толық және асыра орындайтын болды.

Партия тобының ұйымдастырушысы П. Седловокий жолдасының товарлы-сүт фермасында өткізген, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қортындылары туралы әңгімесінің де құрылысы бұрынғыдан өзгеше болды. Бұл әңгіменің қысқаша мазмұнын келтіргенде кітапшаның авторлары үгітшінің ерекше әдіс қолданғанын — мәселені

қойғанда, тыңдаушыларды пікір алысуға ұмтылдыратындай етіп қойғанын көрсетеді және малшылар енгізген ұсыныстардың қалай жүзеге асырылғанын айтады.

Кітапшада іспен үгіттеу жақсы көрсетілген. Мысалы, үгітші В. Романенко оwoщтың көшеттерін өсірудің жаңа әдісін насихаттаумен бірге, шірінді-топырақ кесектерін әзірлейтін метал станок жасап шығарды. Бұл станок оларды әзірлеуді әлде қайда тездетуге мүмкіндік берді.

Кітапшаның авторлары аса маңызды мәселе — колхоз активін тәрбиелеу мәселесін көтереді. Мұнан бірнеше жыл бұрын колхозға партия мүшелігіне кандидат Г. Егоров келді. Ол басқаларға араласпай, өзімен өзі болып жүрді, жыйналыстарда сөйлемеді, оқуға көңіл бөлмеді, бірақ іске ерекше адалдықпен қарады, сондықтан оны ардайым колхозшыларға үлгі етіп көрсететін болды. Партия ұйымының бюросы Егоровтың іскерлігін және беделділігін ескеріп, колхоз басқармасына оны бригадир етіп тағайындауды ұсынды. Егоров жолдас өзінің жақсы ұйымдастырушы және жетекші екенін көрсетті.

«Луч Востока» колхозы партия ұйымының тәжірибесі екінші жағынан, сынды елемейтін, жұмыстағы кемшіліктерге көңіл бөлмейтін жеке партия мүшелерінің бұл кемшіліктерін мезгілінде қалай түзетуді де үйретеді.

Кітапшаның авторлары, жайлымдардың колхоз орталығынан шалғай болуына байланысты көптеген ерекшеліктері бар отар участкаларындағы колхозшылар арасында жүргізілетін саяси жұмыстың кейбір тәжірибесін қорытып көрсеткен. Мұның өзі сүйсінерлік іс.

30 мыңнан астам қой бағылатын Кербұлақ және Ақтоғай жайлымдарында көптеген колхозшылар; оның ішінде 140 шопан жұмыс істейді. Малшылардың бір бөлегі тұрақты базаларда жұмыс істесе, басқалары малмен бірге дала жайылымында тау арасында көшіп жүреді. Мұндай жағдайда көпшілік-саясат жұмысын жүргізу артельдің орталық усадьбасындағыдан және оған жақын поселкалардағыдан ана ғұрлым қиын екені түсінікті.

Колхоздың партия ұйымы малшылар арасындағы саяси жұмыстың едәуір тәжірибесін жыйнады. Отар участкаларында қызыл бұрыштар бар. Онда әрдайым жана газеттер мен журналдар, көркем және саяси әдебиет болып тұрады, радиоқабылдағыштар орнатылған. Малшыларға аудандық партия комитетінің және облыстық партия комитетінің баяндамашылары, лекторлары, көшпелі кино келіп тұрады. Үгітшілердің малшы-колхозшылар жұмысына қандай әсер ететінін, артта қалғандарды жігерлендіріп қалай алдыңғылар қатарына жеткізетінін авторлар жақсы мысалдар бойынша көрсетеді.

Шопан Сембай Рысқұлов қойды нашар күтті. Жеткілікті жемшөптің болуына қарамастан, малдың көп өлуіне жол берді. Үгітші В. Фирсовтың өтініші бойынша, тәжірибелі шопандар Сембай Рысқұловтың қойды қалай күтетінін тексерді, оның малды дұрыс азықтандыруына көмектесті.

«Луч Востока» колхозы партия ұйымының отар участкасындағы жұмыс тәжірибесінің практикалық маңызы — колхоз партия ұйымдарының кейбір секретарьларының, отар участкалары жағдайында үгіт-көпшілік жұмысын үнемі жүргізіп отыру мүмкін емес деген қатерлі пікірін мүлдем теріске шығаратынында.

Барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін озат тәжірибені таратудың, ауылшаруашылық ғылымының табыстарын өндіріске енгізудің маңызы зор. Сондықтан авторлардың бұл мәселеге көп көңіл бөлуі өте орынды.

Саулықтар отарының аға шопаны Нұрғазы Токпаев қойдан жүнді бәрінен көп — әрбір қойдан 4,8 килограмм жүн алды. Жыйырма жылдың ішінде 12,5 мыңдай қозы өсірген бұл тәжірибелі малшының мұндай табыстарға қалай жеткенін колхоздың әрбір шопаны білгісі келді. Үгітшілер — колхоздың зоотехниктері В. Александров пен А. Ковалев оның тәжірибесін таратуға көмектесті. Бұл үгітшілер шопандарды ертіп, Нұрғазы Токпаевтың қарамағындағы қой жайылатын жайылымға барып, онан өзінің малды күту тәжірибесін айтып беруді өтінді. Қарт шопан қойды күтудің бұрын тек өзіне мәлім болған ерекшеліктері туралы әңгіме айтты. Үгітші А. Ковалев оның бұл әңгімесін жазып алды, сөйтіп атақты шопанның тәжірибесін барлық малшылар білді.

Колхоздың товарлы-сүт фермасында сауыншылар М. Михальченко мен М. Шикова өздерінің жұмысын жақсы атқарып келді. Ферманың партия тобының ұйымдастырушысы П. Седловский бұл сауыншылардың сыйырдан сүтті қалай көп алатынын білгісі келді. Олар бұған жауабында өздерінің жұмысында «ешқандай жасырын сыр жоқ» екенін айтты. Алайда, партия тобының ұйымдастырушысы олардың жұмысын мұқият зерттей келе, сауыншылардың тәжірибесі көптеген «ұсақ-түйектерден» құралатынын көрді. Ол бұл «ұсақ-түйектер» туралы әңгіме өткізді, мұның өзі фермадағы жұмысты жақсартуға көмектесті.

Өз колхозындағы және облыстың басқа колхоздарындағы жаңашылдардың жұмыс тәжірибесін зерттеп таратумен қатар, ауылшаруашылық артелінің партия ұйымы мен басқармасы озат тәжірибені үйрену мақсатымен, таңдаулы колхозшыларды туысқан республикалардың алдыңғы қатарлы шаруашылықтарына жіберді. Москва түбіндегі колхоздардың парник шаруашылығын жүргізу-

дің тәжірибесі туралы үгітшілер өткізген бірнеше әңгіме бұл іске колхозшылардың ерекше назарын аударды. 1954 жылдың көктемінде колхоз теплицаларында «клин» қыярларынан алғаш рет өнім алынды.

Өткен жылғы май айында «Луч Востока» колхозында СОКП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас болды. Ол мұнда аса бағалы жем-шөптік дақыл — жүгерінің аз өсірілетініне назар аударды. Үгітшілер бірсыпыра әңгімелер өткізіп, колхозшыларға жүгерінің егіс көлемін ұлғайтудың қоғамдық шаруашылық үшін қандай маңызы бар екенін айтты, оларды Украинаның жаңашыл бригадирі М. Е. Озерныйдың жүгеріден мол өнім алудағы тәжірибесімен таныстырды. 1954 жылы колхозда жүгеріден алғаш рет өнім алынып бұл жем-шөптік бағалы дақылдың егіс көлемін ұлғайту үшін колхозда жүгерінің тұқым қоры жасалды.

Озат тәжірибені таратуда агро-зоотехниялық курстар маңызды роль атқарады. Курстарда практикалық сабақтар тікелей егін даласында және МТС-терде өткізілетінін, Алматы облысының және республиканың таңдаулы ауылшаруашылық артельдерінің тәжірибесі кеңінен таратылып отыратынын айту қажет. Кітапшада, өздерінің білімін арттырып, ғылымды құрметтеу керектігіне колхозшылардың өз тәжірибесінде көзі жеткенін көрсететін мысалдар келтірілген.

Колхозшыларды алға қойылған шаруашылық міндеттерін орындауға жұмылдыру ісінде социалистік жарыс зор роль атқарады. «Луч Востока» колхозында, жалпы жыйналыстарда кеңінен талқыланып қабылданған міндеттемелерді орындау күресі жарыс басталысымен қызу жүргізіледі. Мұндай жыйналыстарда колхозшылар бағалы ұсыныстар енгізеді, пайдалы кеңестер береді. Мысалы, колхозшылардың ұсынысы бойынша, социалистік міндеттемелердің орындалуын тексеру үшін, жапсарлас Мичурин атындағы ауылшаруашылық артелеіне колхоз басшылары ғана емес, қатардағы қызметкерлер де жіберіле бастады.

Жарыстың жария жүргізілуі оның нәтижелі болуына көмектеседі. Зиснолардың, жеке колхозшылардың жұмысының нәтижелері, сол сыяқты олардың еңбек күндерінің саны көрсетіш такталарында көрсетіліп отырады. Үгітші өзінің әңгімесін нақ көрсеткіштер тактасының жанында өткізгенде, ондағы цифрларға жан біткендей болады.

Партия ұйымы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу правосын алу жолындағы жарысқа ерекше көңіл бөліп отырады. Қабырға газеттері, плакаттар, фотогазеттер, витриналар және көрнекі үгіттің басқа формалары колхозшылардың белсенділігі мен талапкерлігін күшейтуді, алынған социалистік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз

етуді көздейді. Өткен жылғы табыстары үшін ауылшаруашылық артелінің 36 мүшесі көрмеге қатысуға бекітілді, ал №1 товарлы сүт фермасының коллективі түгелінен көрмеге қатысуға право алды.

Колхоздың партия ұйымы озат тәжірибені тарату үшін әртүрлі әдістерді қолданады. Мәселен, Мәдениет үйінде ауылшаруашылық тақырыптарындағы кинофильмдер үнемі көрсетіліп тұрады. Тұрақты колхоз лекторінің лекторлары, ауыл шаруашылығының мамандары кинофильм көрсетудің алдынан лекциялар оқып, кинофильмдердің мазмұнын терең ашып көрсетеді.

Бір күні мәдениет үйінде «Тұқымдық картопты сақтау» деген фильм көрсетілді. Бұрын овощь қоймаларын салуды басқарған колхозшы Востриков жолдас бұл фильмді көргеннен кейін: «Бұл картинаны маған неге бұрын көрсетпедіңдер? Онда мен барлық қоймаларға желдеткіш орнаттырған болар едім» деді.

Бұрын колхозшылар картоп қоймаларында желдеткіштер орнатудың қажеттігіне сенбейтін. Кәзір арнаулы фильмді көріп, бұл тақырыптағы лекцияны тыңдағаннан кейін, картопты ауылшаруашылық ғылымының ережелері бойынша сақтаудың қажеттігіне олардың көзі жетті.

Тыңайтқыштарды дұрыс пайдалану, сыйырдан сүтті көп алу және басқалары туралы фильмдермен танысқаннан кейін колхозшылар мұнан көптеген пайдалы қортынды шығарды.

Мәдениет үйінің қарамағында автомашиналарға орнатылған екі көшпелі кино бар. Олар шалғай бригадалардың және отар учасоктерінің колхозшыларына кинофильмдер көрсетеді. Әдетте автомашина барған жерге партия ұйымының өкілі барады. Ол газеттер мен журналдар апарып, оларды малшылар арасында оқиды, әңгімелер өткізеді. Көшпелі кино автомашиналарымен бірге малшыларға мәдени және үй тұрмысына қажетті товарлар жіберіледі.

Алайда колхозшыларға мәдени қызмет ету мұнымен бітпейді. Әрбір бригадалада қызыл бұрыш, көшпелі кітапхана бар. Екі бригадалада клуб бар. Барлық бригадалардың жартысы радиоландырылған.

Кітапшада колхозшыларға мәдени қызмет етудің ұйымдастырылуын көрсететін әртүрлі материалдар келтіріледі. Бүкіл мәдени-тәрбие жұмысының орталығы — колхоздың мәдениет үйі. Бұл — 500 кісілік залы бар кең, әсем үй. Онда кітапхана бар, күнсайын дерлік кинофильмдер көрсетіліп тұрады. Алматының қалалық театрлары мен филармония спектакльдер қояды, колхоз өнерпаздарының үйірмесіне қатысушылар өздерінің өнерін көрсетеді. Мәдениет үйі жанында екі жылдан бері пианистер мектебі жұмыс істейді. Бұл мектепті бітірген үш қыз 1953 жылы арнаулы музыка училищесіне оқуға кірді. Сол

сыяқты киім пішу, киім тігу және көркем кесте тігу өнерін үйрететін мектептер ашылды.

Алайда, кітапшада кейбір кемшіліктер де бар. Оның авторлары колхозшыларды шаруашылық жұмыстарын орындауға жұмылдыратын саяси жұмысты сипаттауға баса көңіл бөледі де, совет адамдарын халықтар достығы, рух беруші советтік патриотизм, капитализмнің адам саласындағы қалдықтарын жою үшін күресу рухында тәрбиелеу мәселелерін қағажу қалдырады. Еңбекке адалдықпен қарау туралы айтқанның өзінде, олар тұрмыстағы азғындық, маскүнемдік сыяқты істерге, діни соқыр сенімдерді жеңу туралы мәселеге соқпай өтсді. «Луч Востока» колхозының партия ұйымында мұндай жұмыс, әрине, жүргізілді, бірақ авторлар оған тиісті маңыз бермеді.

Колхоздарды қамқорлығына алған қаладағы ұйымдардың, өнеркәсіп орындарының және мекемелердің қалтқысыз көмегі кәзір әрбір колхоз сезіп отырады. Мұндай қамқорлық — жұмысшы табы мен шаруалардың мызғымас одағының айқын белгісі. Амал не, кітапта бұл туралы еш нәрсе айтылмайды.

Іс жүзіндегі тәжірибені суреттеу орнына, авторлар кейде жүргізілген жұмысты ешқандай сипаттамайтын жеке фактілерді жәй санап өтеді. Мәселен, жас үгітшілер мектебінің жұмыс практикасын сипаттауды мысалға алайық. Бұл — қызықты және маңызды мәселе, алайда авторлар мұнда ол мектептің сабақтарында талқыланған методикалық тақырыптарды атап өтіп, жай мәлімет берумен қанағаттанады.

Комсомолецтердің колхозшылар арасында көпшілік-саясат жұмысын жүргізуге көмегін сипаттайтын бөлім туралы да соны айтуға болады. Мұнда комсомолецтер мен жастардың жұмысының нәтижелері ғана келтірілген, ал бұл жұмысты жүргізудің жолдары, әдістері, құралдары көрсетілмеген.

Сол сыяқты авторлар коммунистер мен комсомолецтердің саяси оқуы колхоздағы көпшілік-саясат жұмысының табысты болуына қандай көмектесетінін де көрсете алмаған, мұның өзі кітапшаның мазмұнын біраз солғындатады.

Егер мемлекеттік баспа кітапшаны шығарар алдынан, колхоздың партия активімен кеңесіп, қолжазбаны талқылауды ұйымдастырса, мұндай кемшіліктерге жол бермеуге болатын еді.

Бірақ мұндай кемшіліктері болғанның өзінде де, Ф. Севрюгин мен Ю. Долгопятовтың кітапшасы сәтті болып шыққаны даусыз.

Оны оқушы әрбір адам, әсіресе селолық активист, бұл кітапшаны оқып шыққаннан кейін амалсыздан: «Біздің де «Луч Востока» колхозындағыдай өмір сүріп, сибек етіп, мәдениетті демалуымызға осы не нәрсе бәет болып отыр?», деп ойланатын болады.

Ф. ДОРИНОВСКИЙ

Абай шығармаларының толық құнды аудармасы берілсін*)

Көп ұлтты Отанымыздың барлық халықтары өздерінің өткендегі аса көрнекті мәдениет және әдебиет өкілдерінің творчествосын жоғары бағалайды. «Біз қай мұрадан бас тартамыз?» деген мақаласында В. И. Ленин былай деп жазды: «Егер кәзіргі адамдар не болып жүрген «мұра» жайында айтатын болсақ, онда екі түрлі мұраны айыра білу керек болады: бір мұра — жалпы алғанда ағартушылардың мұрасы, реформаға дейінгінің бәріне сөзсіз дұшпан адамдардың, европалық идеалдар үшін және халықтың қалың бұқарасының мүддесі үшін күресетіндердің мұрасы. Басқа мұра — халықшылдықтың мұрасы» (Шығармалар, 2-том, қазақшасы, 583-бет). В. И. Ленин барлық халықтар мен ұлттар мәдениетінің прогресшіл өкілдерінің мұрасына қамқорлықпен қарауды талап етті.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ойшыл-ақын, ағартушы-гуманист, ұлы орыс халқы мен қазақ халқы арасындағы достықтың жаршысы — Абай Құнанбаевтың творчестволық мұрасын сақтап, жұртқа таратуға жасап отырған қамқорлығы — Лениннің осы талабын орындаудың тамаша үлгісі. Абай феодалдық-патриархтық атаулының бәріне аш болды, прогрестік идеалдарды жақлады және еңбекшілер қалың бұқарасының мүдделерін қорғады.

Жақып арада біздің елімізде Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуы кеңінен атап өткізілді. Қазақстанның астанасы Алматыда Абайға ескерткіштің негізін қалауға арналған митингте сөйлеген сөзінде совет жазушысы Л. Леонов Абайдың өз басының және оның творчествосының маңызын былай деп сыйпаттады: «Шынында да, қатал тарихи тағдырлардың торабында сасқалақтамау үшін ұшқыр ой, қыран бүркіттей көрегендік керек. Аспан биігінен көрінетін алысты өз халқына айтып беру үшін күшті дауысқа не болу керек. Ақырында, бұдан бір ғасыр бұрын бұл арада үстем болған жағдайда бұл дауысты көтеру үшін және, атақты бір өлеңде айтылғандай, «надандық пен қараңғылықты орасан жек көру» үшін қайыспас батылдық керек. Абай Құнанбаев осылай еді».

Абайдың творчествосы, қазақ халқының прогрестік ойын өзіне жыйнады, орыс революцияшыл демократтарының, ұлы орыс жазушыларының идеяларын білдірді. Абай зор серпінді қанатқа ие болды. Міне осы қанатпен оның шығармалары кәзір Қазақстанның кең даласына ғана емес, олар тыс көп елдерге де

таралды. Ақынның шығармалары Совет Одағының көптеген халықтарының тілдерінде басылды. Сол сыяқты қазақ халқының ұлы ағартушысының өмірі мен творчествосы туралы бірнеше ғылыми еңбектер жазылды.

Кәзір Абайдың шығармалары әдебиет оқушы совет адамдарына жақсы мәлім, ал орыс тілі арқылы ақынның шығармалары халықтық демократия елдеріне де өтті. Қазақ халқының кемеңгер ұлының есімі Украинадағы Тарас Шевченко, Азербайжандағы Мирза-Фатали Ахундов, Грузиядағы Илья Чавчавадзе, Латвиядағы Ян Райнис, Армениядағы Хачатур Абовян сыяқты, даңқты есімдер қатарынан лайықты зрын алып отыр.

Әдебиет оқушы орыс адамдарын Абайдың творчествосымен таныстыруға жазушы Л. Соболев көп еңбек сіңірді. Ол ақынның шығармаларын орыс тілінде бастыруға жетекші болды, бұл жұмысты ұйымдастыруға көп көңіл бөлді, Абайдың орыс тілінде басылған шығармаларының бәрін дерлік редакциялады. Сол сыяқты бұл іске, Абайдың шығармаларын орысшаға аударған Вс. Рождественский, А. Глоба, А. Гатов, М. Петровых, П. Қарабан және басқалары едәуір үлес қосты.

Абайдың орыс тілінде басылған барлық шығармалары ішінде неғұрлым толығы — 1954 жылы Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы бастырып шығарған бір томдық «Шығармалар жыйнағы». Бұл бір томдыққа Абайдың 142 өлеңі, 3 поэмасы және қарасөздері түгел енгізілді.

Бұл жерде, әрине: аудармашылар коллективі бұл міндетті қандай атқарды? деген сұрақ туады.

Өткендегі қандай да болсын ақынның, жазушының шығармаларын аудару — қыйын іс екені мәлім. Әсіресе Абайдың шығармаларын аударушылар алдына ауыр міндеттер қойылды. Абайдың шығармалары XIX ғасырдың екінші жартысындағы және XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқы тұрмысының негізгі жақтарын неғұрлым толық суреттейді. Аудармашылар қазақ халқының өткендегі тұрмысының көрінісін орыс тілінде қайта суреттегенде, өздерінше емес, Абайша суреттеуге тиісті болды.

Бұл жөнінде көп жұмыс істелген. Кейбір аудармашылар өздерінің құрметті міндетін ойдағыдай атқарған. Абайдың «Сегіз аяқ», (аударған Л. Озеров), «Көзімнің қарасы» (аударған М. Петровых), «Қыс» (аударған Вс. Рождественский) сыяқты өлеңдерінің аудармашының сапасы терең ойлашып, сабырлықпен, ерінбей еңбек етсе, Абайдың ойларын оның өз шығармаларында суреттелген тұрмыстың барлық әдемі көріністерін бай орыс тілімен тамаша жақсы беруге болатынын дәлелдейді. «Сегіз

*) Абай Құнанбаев. «Шығармалар жыйнағы». Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1954 ж.

аяқтың» аудармасы ақынның ойын тереңінен жақсы берген:

«Я с утеса кричал,
Мне простор отвечал —

Отвечали и горы и дол.

Но, услышав звук,

Я искал вокруг:

Как, откуда тот звук пришел?

Был все тот же утес подо мной, —

Отклик есть, но отклик пустой»

Бұл жолдарда Абайдың ойы, оның басындағы қайғылы халі, жантөлқуы дәлме-дәл келтірілген.

«Көзімнің қарасы» деген өлеңнің аудармасы да Абай өлеңінің үндестігін, ырғақтылығын жақсы береді. Бұл өлең орыс тіліне сан рет аударылып, әнмен беріледі, оны орыс артистері де, қазақ артистері де бірдей жақсы орындайды. Бұл өлеңнің аудармасы көркемдік қасиеті жағынан неғұрлым мінсіз болып шыққан.

«Ғаклияның» төртінші, жетінші, онтоғызыншы, жыйырма бесінші «сөздері», отыз жетінші «сөздегі» 2, 4, 5, 7, 12 және 20-нақылдары жақсы аударылған.

Бұл мысалдар Абайдың творчествосын оқушыларға және зерттеушілерге оның шығармаларының толық құнды, жоғары сапалы аудармасын беруге әбден мүмкіндік бар екенін көрсетеді.

Амал не, Абайдың шығармалары орыс тіліне сан рет аударылып, мұнымен бірге әрдайым түзетулер енгізіле тұрса да, ал кейде оның белгілі бір шығармалары жаңадан аударыла тұрса да, бізде бұған дейін ақынның шығармаларының толық құнды, жоғары сапалы аудармасы болмай келеді.

Абайдың шығармаларының кейбір аудармалары ақынның ой байлығын жеткізіп бере алмайды. Аудармашыларда бірыңғай принцип жоқ, олардың әрқайсысы ақынның шығармаларын өзінше, өзінің білгенінше ұғынады. Кейбір аудармалар түп нұсқаға жақын, бірақ көркемдік жағы нашар, енді бір аудармалар түп нұсқадан алыстап кетеді, аудармашының өз ойы Абайдікі деп көрсетіледі. Көп уақытта аудармаларда Абайды бұрмалау, боямалап көрсету әрекеттері кездеседі, ақынның шығармаларының жеке жолдары, сөйлемдері қалдырылады, тым еркін аударуға жол беріледі. Мұның бәрінің салдарынан абайлық түр, қасиет жойылады, ақынның ойы бұрмаланады, кейде Абайдың айтқанына мүлде қарама-қарсы нәрселер жазылады.

Мәселен, «Ғаклияның» отыз жетінші «сөзіндегі» 9-нақыл мүлде бұрмаланған ондағы мағна түп нұсқадағы мағнаға мүлде қарама-қарсы болып шыққан. Бұл нақылда Абай: «Адам баласын заман өсіреді, кімде кім жаман болса, замандастарының бәрі винозат» дейлі.

Абайдың пікірінше, адамды оның заманы, өзінің төңірегіндегі барлық адамдар тәрбиелеп өсіреді. Егер адам жаман болса, бұған оның барлық замандастары, оның заманы айыпты. Бұл пікір, бұл

идея оның педагогтік және этикалық көзқарастарының негізі. Ал аударғанда былай болып шыққан: «Человек — дитя своего времени. Но если ты дурень, не обвиняй в этом своих современников» (387-бет).

К. Маркс адамның тәрбиесінде сезімдік дүние, тәжірибе, жағдай қандай роль атқаратынын көрсете келіп, былай деп жазды: «Егер адамның мінез-құлқын жағдайлар туғызатын болса, онда, демек, жағдайларды адамға лайықты ету керек» (К. Маркс және Ф. Энгельс, Шығармалар, 3-том, 160-бет). Абайдың дүниеге көзқарасында, тарихтың материалистік ұғымымен сыйыспайтын бірсыпыра қайшылықтар бола тұрса да, дәл бұл ретте Абайдың пікірі К. Маркстың жоғарыда келтірілген қағидасына қайшы келмейді, өйткені адамның заманы, оның төңірегіндегі замандастары адамның тәрбиесіндегі шешуші жағдайлардың бірі болып табылады.

Абайдың бұл пікірі қанаушылық құрылыс заманында айтылған. Ол ішкі сол құрылысты айыптайды. Біздің социалистік заманымызға, біздің сөзегтік құрылысқа келгенде, оның бұл пікірі күшінен айрылады, өйткені біздің қоғамымызда адамның жаман қасиеттерінің тууына әлеуметтік негіз жоқ. Бізде өткен заманның қалдықтары әлі де бар екені мәлім, оларға қарсы қатты күрес жүргізу керек, бірақ біздің қоғамның өзі адамдарда жаман қасиеттерді туғызбайды, қайта адамдарға жақсы қасиеттердің бәрін сіңіреді. Біздің жағдайымыз артта қалған жеке адамдар өздерінің жаман қасиеттері, жаман істері үшін ең алдымен өздері жауапты болады, бірақ онымен бірге, тәрбиелік әсер ету мағнасында, коллектив те өзінің жеке мүшелері үшін жауапты болады. Артта қалған адамдардың жаман істері үшін заман жауапты болмайды, бұған олардың замандастары да айыпты емес. Аудармашы, сірә, Абайдың лебізіне осы ойды салып, оны осы заманға лайықты «жанғыртқысы» келген болса керек. Абай түп нұсқасында орыстың «винозат» деген сөзін әдейі келтіреді, өйткені бұл сөз ол заманды тікелей айыптағандық болып естіледі, сол себепті де Абайдың ойын бұлай бұрмалау тіпті қынжыларлық.

Жыйнақтың 388-бетінде былай делінген: «Все, что плохо в нашем мире, — у толпы, но все забавы и веселье — тоже у нее. Кто перенесет первое? Кто проживет без второго?», Бұл жамапты керек етпейтін сұрақтар. Түп нұсқада екінші сұрақтың мағнасы мүлде басқаша. Біріншісінде — «дүниеде бар жаманға» кім шыдайды? делінсе, екіншісінде — «қызық та, ермек те» аздырады делінген.

«Ғаклияның» отыз жетінші «сөзіндегі» 21-нақылда көшірілместік қате кеткен: «досы көппен сыйлас» деген нақыл «не дружи с тем, у кого много друзей» деп аударылған.

Абайдың «Ғаклия» сөздерінің аудармасында аудармашылар түп нұсқаға зиян келтіріп, өз жанынан тұтас сөйлемдер қосқан. Мәселен, бірінші «сөзде» аудармашы оған өз жанынан: «Без народа нет жизни» деген сөйлем қосады. Бұл сөйлем түп нұсқада жоқ және ондағы аударылған сөйлемдердің маңнасына үйлеспейді. Мұндай әсемдеу аудармашыға не себепті қажет болды? Екінші «сөздің» басында, түп нұсқаны бұрмалайтын: «Не любят и роды друг друга» деген сөйлем қосылған. Абайда мұндай сөйлем және мұндай пікір тіпті жоқ. Халықтардың арасында достық жоқ дейтін үзілді-кесілді пікірді аудармашы Абайға не себепті әкеп танады? Бұл айтылған «сөзде» Абай халықтар арасындағы достықтың маңызын түсінбейтін, артта қалған надан адамдарды сынап, казакты басқа барлық халықтардан, әсіресе орыстардан үлгі алып үйренуге шақырады.

Абайдың өлең шығармаларының аудармасында да көптеген бұрмалаушылық бар. «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңнің (аударған С. Липкин) 11 және 12 жолдарында казакша текстінде: :

«Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,

Қаңды көз қайқаң қағып шыкса аспанға» делінген.

Бұл жолдар орысшаға былай деп аударылған:

«Слишком низко мы скачем: уйдет лиса!»

Так подумав, он взмоет к вершинам гор». (37-бет).

45-бетте өлеңнің бас жағы былай аударылады:

«Вот и старость... свершиться мечтам не дано». Аудармаға карағанда, Абай арманды орындалмайды деп есептейді деп ойлайсың. Істің шынында ол мүлде басқаны айтады, атап көрсеткенде: «ұлғайды арман» дейді.

Аудармашылардың көшпелі ауыл тұрмысын білмеуі аударманың сапасына зардабын тигізеді. Мәселен, «Күз» деген өлеңінде (аударған А. Гатов) көшпелі ауылдары күзгі көріністі суреттей келіп, Абай былай деп қорытады:

«От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан казактың құрсын заңы».

Ал аудармада былай делінген: «..Но так уж заведено —

Плох обычай! — Нельзя разжигать очага.

В наших юртах теперь неуютно, темно» (91-бет).

Сонда, Абайдың заманында казакта күздігүні киіз үйде от жақпайтын әдет болды деген түсінік туады. Мұндай әдет болған емес және болуы мүмкін емес.

Аудармада түп нұсқаны орынсыз тым еркін аударуға жол беріледі. М. Петровых тұтасынан алғанда жақсы аударған «Ғылым таппай мақтанба» деген өлең-

нің аудармасының аяқ жағы былай аяқталады:

«Лишь знаньем жив человек.
Лишь знаньем движется век.
Лишь знанье — светоч сердец.
Лишенный учеников,
Учитель — горький вдовец» (65-бет).

Абайдың өлеңінде бұл бес жолдың орнында не бәрі үш жол:

«Біреу үшін үйренсең,
Біреу білмес сен білсең
Білгеннің бәрі тұл».

Аудармада өлең жатық, ұйқасы жақсы болып шыққан, бірақ аудармашы айтқан пікір Абайдың жазғанында жоқ. Осындай тым еркін аудармаларға сүйеніп, кейбір зерттеушілер: Абай рационалист болды деп қортынды шығарады. Бірақ бұлай деу «ншама дұрыс емес.

Еркін аударудың тағы бір мысалын келтірейік. Түп нұсқада былай делінген: «Қайратсыз ашу-тұл, тұрлаусыз ғашық-тұл, шәкіртсіз ғалым-тұл». Аудармашы бұған өз жанынан: «Ум без печали — вдовец» (388-бет) деген сөздерді қосады. Мұны қосудың тіпті қажеті жоқ. Ақылдың тұл қалмауы үшін, оның уайымшыл болуының қажеті не?

Көптеген аудармаларда Абайға таң сөз өрнегі, сөз бейнелілігі орнына ажарсыз, сұрғылт суреттеме беріледі. «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңнің аудармасында (аударған А. Глоба) Абай өлеңінің көркемдігі мүлдем жойылған.

Айлы түнді суреттегенде Абай: «Сәулесі суда дірілдеп» дейді. Ал аудармашы мұның орнына: «Тишина ясна, глубока» деп жазады. Абайдың: «Қалың ағаш жапырағы сыбырласып өзді-өзі» деген сөздері орнына аудармашы: «Вверху и внизу глубина лунный свет в лепестках цветка» (96-бет), дейді.

Мұнда Абайдың өлеңіне ешқандай ұқсастық жоқ. Мұндай аудармасында ол өлең оқушының санасына қонып, жүрегін тербетпейді. Егер аудармашы казак тілін біліп, түп нұсқамен таныса алса, ол Абайдың бұл шығармасының тамашалығын түгел сезген, өлең оның нәзік сезімін қозғаған болар еді.

«Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» деген өлеңде (аударғач А. Штейнберг) қарғанын және күйкентайдың бүркітпен бәсекесін суреттей келіп, Абай өздерінің қолынан түк келмейтін, тек үнемі адал ниетті, ақылды, ержүректі, дарынды адамдарға бөгет жасайтын қызғаншақ, топас, қорқақ адамдардың образын жасайды. Аударма бұл образды орыс тілінде сондай көрсетпе алмай, өлеңнің моральдық құндылығын кемітеді.

«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» деген өлеңінде (аударған П. Карабан) Абайдың алдау-арбау, опасыздық, дауқестік жайлаған жағдайда «Сәлем — борыш, сөз құлық болғаннан соң» деген әшкөрелеуі «За деньги все рды позорить и чтить» (52-бет) деген күнсіз сөздермен аударылған.

324, 325, 328, 330 және басқа беттерді аударғанда түп нұсқаның кейбір жерлерін қалдырып кетуді тіпті де ақтауға болмайды. Мұндай қалдырып кету әсіресе «Ғаклияда» көп кездеседі. Абайдың поэзиясының аудармасында да мұндай қалдырып кету аз емес, ал бұл түп нұсқаға көп нұқсан келтіреді. Мәселен, Абай былай дейді: «Ол болыс болғандар өзі кулық арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиесі деп, қас болса, біртүрлі өзіме де залал жасауға қолынан желеді деп». Ал аудармада ол былай болып шығады: «Старшины живут обманом, и войлок под их задами постелен хитростью и они посажены на него неправдой» (324-бет). Мұнан көрініп отырғанындай, ондай қысқартудың қажеті жоқ еді, бұл қысқарту болыстардың кімдерді қорғайтынын, олардың кескінін, мақсатын, ниетін көрсетпейді.

Бұл келтірілген фактілер Абай Құнанбаевтың орыс тіліндегі «Шығармалар жыйнағында» көп кемшіліктер бар екенін, түп нұсқадағы пікірдің көп жерде бұрмаланғанын, аудармашылардың боямалауға бейім болғанын, мұның өзі түп нұсқаға көп зиян келтіретінін, еркін аударуға, түп нұсқаның кейбір жерлерін қалдырып кетуге жол берілгенін көрсетеді.

Сайып келгенде: аударманың мұндай сапасыз болуының себептері неде? деген сұрау туады.

Біріншіден, Абайдың шығармаларын аударушылар, сірә, өте сапасыз сөзбе-сөз аударманы пайдалапатын болса керек. Әйтпесе, Абайды, оның заманын жақсы білетін, М. Әуезовтың Абай туралы романдарының мінсіз аудармасын берген Л. Соболев сыяқты белгілі жазушының Абайдың нақыл сөздерін аударғанда (небәрі екі бет) бірнеше жерде ақынның пікірлерін өрескел бұрмалауын қалайша түсінуге болады?

Абайдың шығармаларын енді орыс тілінде шығаруға әзірлік жасағанда, ең алдымен сөзбе-сөз аударманы тәртіпке келтіруден бастау керек. Мұның үшін Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл

және әдебиет институты жанында немесе Қазақстанның жазушылар одағы жанында дәлме-дәл, ғылыми сөзбе-сөз аударма бере алатын тәжірибелі, жетік аудармашылар коллективін ұйымдастыру қажет.

Екіншіден, Абайдың шығармалары орыс тілінде әдетте белгілі бір мереке күндеріне байланысты: 1936 жылы қазақ әдебиеті мен искусствосының Москвадағы онкүндігіне байланысты, 1945 жылы Абайдың туғанына жүз жыл толуына байланысты шығарылды, ал соңғы жыйнақ Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына байланысты шығарылды. Мұндайда асығыстық болмай тұрмайтыны түсінікті, сондықтан қысқа мерзімде аударылатын шығарманың тіл, стиль ерекшеліктерін, әсіресе қазақ халқының ұлттық тұрмыс салтының ерекшеліктерін терең зерттеп білу мүмкін емес. Мұндай асығыстық аударманың сапасына да зардабын тигізеді. Егер Абайдың шығармаларының толық құнды аудармасын бергіміз келсе (біз, әрине бұған күш-тармыз), онда аудармаға даярлықты асықпай, әбігерленбей, аударманы терең ойластырып жүргізуіміз керек.

Үшіншіден, аудармаға көптеген аудармашылардың қатысуы себепті (соңғы жыйнақтың аудармасына 26 адам қатысқан) аударма әртүрлі стильді, біркелкісіз, ала-құла болып шыққан. Енді Абайдың шығармаларын орыс тілінде бастыруға әзірлік жасағанда, аудармаға Абайдың стилін, оның творчестволық өнегесін жақсы меңгерген ақын — аудармашыларды кең қатыстыру қажет.

Абайдың шығармаларын жұртқа таратуға орыс аудармашыларының зор еңбек сіңіргенін атап көрсетумен бірге, біз бұл пайдалы, қажетті және қиын жұмысты олардың мұнан әрі ойдағыдай атқаруына тілектеспіз. Абай шығармаларының аудармашылары алдына өте жауапты міндет — қазақ халқының ақыны және ойшылы Абайдың ұлы шығармаларын орыс тілінде дәл түп нұсқасындағыдай беріп, бұл ісімен көпұлттық совет әдебиетіне лайықты үлес қосу міндеті қойылып отыр.

Б. ҒАБДУЛЛИН.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Бучкин Б. А. (бас редактор),
Әбілдаев Қ., Глебов С. А., Ордабаев Б.,
Покровский С. Н., Рахимов Х., Федюкин С. А.

Редакцияның адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 107.
Тел. 39-00, 23-03,
11-45, 17-96.

18/1 — 1955 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108/16—2 қ. — 5,48 авт. т.

УГ02593. Тираж 14 600. Алматы, мемлекеттік № 2 баспахана, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі Баспа орындарының Жоғарғы басқармасы. Заказ 1107.

